СЕНБІ
№92 (4340)
19.08.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# АЛМАТЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫН

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласына жұмыс сапары биыл 1 маусымда пайдалануға берілген сел тасқынынан қорғайтын бөгетпен танысудан басталды.**

«Аюсай» бөгеті Үлкен Алматы өзенінің бассейнінде орналасқан. Оның жоғары жағында сел қаупі бар 98 учаске, 89 мұздық, 20 мореналық және мұзды көл бар. Бөгет сел жүру қаупін барынша азайтып, 500 мыңнан астам халық пен 2 мыңға жуық нысанның табиғат апатынан қорғалуын қамтамасыз етеді.

Еліміздің биік таулы аймақтарында 970 мореналық көл бар. Оның ішінде 156 көлде сел жүру қаупі жоғары. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов биыл сел жүруі ықтимал 13 көлде апаттың алдын алу жұмыстары жүргізілгенін баяндады.

Сонымен қатар «Қазселденқорғау» мекемесінің басшысы Қайрат Бекенов Мемлекет басшысына табиғат апаттарының алдын алу жұмыстары жөнінде мәлімет берді.

Оның айтуынша, арналардағы суды тұрақтандыратын жаңа қорғаныс нысандарын салу қажет. Олар Үлкен Алматы, Есік, Талғар, Қаскелең және Түрген өзендерінің бассейніндегі су ағысының жылдамдығын азайтып, ағын судың арнадан асып кетпеуіне септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа пилоттық жоба аясында орнатылған 31 цифрлық гидробекет таныстырылды. Бұл қондырғылар судың жылдамдығына, температурасына, лайлылығына және басқа да көрсеткіштерге онлайн-режимде мониторинг жүргізеді. Мұндай технологиялар келешекте еліміздің жеті таулы аймағында қолданысқа енгізіледі. Гидробекеттердегі мәлімет ТЖМ Дағдарыс жағдайын басқару орталығының бірыңғай ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын барлық ғылыми ұйым мен салалық ведомстволарға қолжетімді болады.

Мемлекет басшысы қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін селден қорғау шараларын жүргізу маңызды екенін атап өтті. Бұл ретте Президент Төтенше жағдайлар министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі және «Қазселденқорғау» мекемесі өзара тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

*(Жалғасы 2-бетте)*

# ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДЫ ӨРКЕНДЕТУ МАҢЫЗДЫ

**Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаевты қабылдады.**

Кездесу барысында Асқар Жұмаділдаев Ұлттық ғылым академиясының соңғы үш айда атқарған жұмыстары туралы баяндап, отандық ғылымды дамытуға қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар академик қазақ тілін латын графикасына көшіру жөнінде ой-пікірін білдірді.

Мемлекет басшысы ғалымның айтқан барлық ұсыныстары қарастырылатынын және Үкіметке тиісті тапсырма берілетінін айтты.

Президенттің пікірінше, ғылыми-академиялық қоғамдастық елімізде жаратылыстану, инженерлік-технологиялық бағыттағы іргелі ғылыми орталықтардың пайда болуына, зерттеу жұмыстарын жетілдіруге, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ғылымға негізделген ұсынымдар беруге ұйытқы болуға тиіс.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев академик Асқар Жұмаділдаевтың қоғамдағы абырой-беделі зор екенін атап өтіп, оның Ұлттық ғылым академиясындағы жауапты жұмысына табыс тіледі.

# КИНОСТУДИЯ СТАТУСЫН КӨТЕРУ ҚАЖЕТ

**Мемлекет басшысы «Қазақфильм» АҚ төрағасы Азамат Сатыбалдыны қабылдады.**

Кездесуде отандық кинематографияны және жалпы мәдениет саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Азамат Сатыбалды Президентке «Қазақфильм» қызметіндегі түйткілді мәселелер туралы баяндап, киностудияның статусын көтеруге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақфильмде» заманында отандық кино өнерінің бір шоғыр көрнекті өкілдері еңбек еткенін атап өтті.

Президент кәсіби киногерлермен қатар ұлттық интеллигенция, азаматтық қоғам өкілдерінің, аға буын мен жастардың шығармашылық әлеуетін жұмылдыра отырып, аталған саланың қордаланған проблемаларын кешенді әрі дәйекті түрде шешу маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысының пікірінше, кино өндірісін креативті индустрияның жеке секторы ретінде қарастыру керек.

Президент отандық кинематографияны одан әрі дамыту мәселесі айрықша бақылауда болатынын айтты.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

**Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ерлан Саиров пен Құдайберген Бексұлтанов «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасындағы апатқа қатысты бірлескен мәлімдеме жасады.**

Олардың айтуынша, көмір шахталарындағы жабдықтардың жай-күйі, сондай-ақ өндірісте еңбек ететін жұмысшылардың бей-берекет қысқартылуы осындай қайғылы оқиғаның орын алуына себеп болды.

«Бұған дейін «AMANAT» партиясының депутаттары қаражат үнемдеп, отандастарымыздың өліміне әкеп соқтырарлық шешім қабылдайтын компанияның топ-менеджментін – шетелдік азаматтарын қылмыстық жауапқа тартуды талап еткен еді. Бірнеше ескертуге қарамастан, трансұлттық компанияның басшысы, Миттал мырза отандастарымыз апатқа ұшырамауы, жарақаттанбауы және қаза таппауы үшін тиісті шара қабылдауға мүлдем тырыспады. Біз бұл сөзімізді Үкіметке қарата айтып отырмыз: есеп айырысатын кез келді – Миттал мырзамен жолымыз бір емес! Онымен қоштасатын уақыт келді!», – делінеді мәлімдемеде.

*(Жалғасы 3-бетте)*

# АПАТТЫ МЕКТЕПТЕН АРЫЛУ – АРМАН

**Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Бірақ еліміздің кейбір өңіріндегі оқушылар алғашқы қоңырау қағылған сәтте мектеп табалдырығын аттай алмайды. Өйткені биыл 260 мектеп күрделі жөндеуден өтуі тиіс еді. Алайда 66 білім ошағындағы жөндеу сабақ басталғанша аяқталмайды. Мектептегі құрылыс жұмыстарының мерзімінен кешігуіне мердігер компаниялар кінәлі ме? Әлде жұмыс барысын қадағаламаған жергілікті билік кінәлі ме?**

5 ▸▸

## «ҚАМҚОРЛЫҚТА» САН ҚИЛЫ ТАҒДЫР БАР

7 БЕТ

## БІЗГЕ НЕ ЖЕТПЕЙДІ?..

14 БЕТ

**Сон Уон Саб, оңтүстіккореялық әнші:**

# ШЫМБҰЛАҚТЫҢ СҰЛУЛЫҒЫНА ҒАШЫҚ БОЛДЫМ

**Қазақ әндерін кәрісше шырқап жүрген оңтүстіккореялық Сон Уон Сабты (Song Wonsub) тыңдармандар жақсы біледі. Сеулда дүниеге келген әнші Қазақстанды өзінің концерттік турымен аралап та үлгерген. Біз Сон Уон Сабқа хабарласып, қазақ әндері және шығармашылық жоспарлары жайлы сұхбаттастық.**

16 ▸▸

# АЛМАТЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫН

*(Басы 1-бетте)*

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына барған жұмыс сапары аясында Prometheus school білім беру ұйымын аралап көрді.

Президентке білім ордасының оқу кабинеттері, жаратылыстану зертханалары, мектепте сабақ оқытудың Daryn Go, Booky-Wooky авторлық әдістемелері, сондай-ақ оқу орнының жалпы инфрақұрылымы таныстырылды.

Prometheus school былтыр 9 қарашада ашылған. Мектеп 840 оқушыға арналған. Аумағы – 12 мың шаршы метр. Білім беру мекемесін салу үшін 5,2 миллиард теңге инвестиция тартылған.

Аз қамтылған отбасылардың дарынды балалары үшін білім гранттары бөлінеді. Мектеп жыл сайын грант санын арттыруды жоспарлап отыр.

Мемлекет басшысына Enlightenment Power Group қоры жүзеге асырып жатқан жобалар туралы мәлімет берілді. Қор директоры әрі мектептің бақылаушылар кеңесінің төрағасы Досым Бесбайдың айтуынша, 1 400 оқушыға арналған «ФизТех» мектебін ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл мектеп түлектердің әлемдегі жетекші техникалық жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік туғызу үшін сапалы білім беруді көздейді. Мектеп құрылысын биыл қараша айында аяқтау жоспарланған. Жобаға тартылған инвестиция көлемі – 3,9 миллиард теңге.

Мемлекет басшысы Prometheus School мектебіндегі білім беру және оқушыларды даярлау форматының ерекшелігін атап өтті. Сондай-ақ ұстаздарға табыс тілеп, олардың қызметі қоғам үшін маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Алматыны дамыту жөнінде кеңес өткізді. Жиынды ашқан Мемлекет басшысы былтыр күзде Алматы жұртшылығымен кездесу барысында қаланы дамытудың басты бағыттары айқындалғанын атап өтіп, нәтижесінде Алматыны дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданып, шаһардың 2040 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілгенін айтты.

– Алдағы 20 жылда Алматы халқының саны 3 миллионға жуықтайды деген болжам бар. Болашақта қала ішіндегі бес аумақ орталық ретінде дамиды. Сонда орталықтағы қазіргі ахуал біршама жеңілдеп, барлық ауданға бірдей салмақ түседі. Соңғы 10 жылда қала өте жылдам әрі ретсіз өсті. Алматының аумағы екі еседен астам кеңейді. Бірақ инфрақұрылымның дамуы әр жерде әртүрлі болып отыр. Қалада тұрғындар саны орташа алғанда жыл сайын 70 мың адамға көбейіп келеді. Жұмысқа, сабаққа бару үшін іргелес елді мекендерден күн сайын 500 мың адам Алматыға келіп кетеді. Мұндай түйткілдерді уақытылы анықтап, дер кезінде шешіп отыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес барысында қаланың коммуналдық, жол және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ білім, экология және медицина салаларында қордаланып қалған проблемаларды шешу жолдары талқыланды.

Президент Алматы қаласын дамытуға қатысты негізгі проблемаларды шешу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы таяуда «Аққент» ықшам ауданындағы көпқабатты тұрғын үйде болған өртті мысалға келтіріп, өрт қауіпсіздігі саласындағы ахуалды сынға алды. Президент Төтенше жағдайлар министрлігіне өрт кезінде сақталуға тиіс қауіпсіздік шаралары жөнінде халықтың сауатын арттыру үшін жаппай оқу-жаттығу шараларын ұйымдастыруды тапсырды. Ал қала әкімдігіне өртке қарсы күрес қызметінің материалдық-техникалық базасын күшейту үшін пәрменді шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

Президент Алматының экологиялық ахуалын жақсарту үшін қаладағы көлік қозғалысын реттеп, электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту қажет деп санайды.

Қала әкімі Ерболат Досаев 2025 жылдың соңына дейін қаладағы қоғамдық көлік саласы толықтай экологиялық стандартқа көшірілетінін баяндады. Бұдан бөлек, қажетті инфрақұрылымды дамыту арқылы халықтың электромобильге деген сұранысын арттыру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр.

Алматы қаласындағы инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі де Президент назарынан тыс қалмады. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі ең басты сын-қатердің бірі – сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Тәжірибе көрсеткендей, Алматыда да бұл тұрғыда жағдай мәз емес.

Мемлекет басшысының айтуынша, шаһарда судың үздіксіз берілуіне кедергі келтіретін апатты жағдайлар тым жиілеп кетуі сумен қамтамасыз ету саласындағы проблемаларды кезек күттірмей шешу қажет екенін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы кезде сел жүріп, өзен суларының лайлануы жиілеп кеткені алаңдаушылық туғызатынын айтты. Соның салдарынан шілде айының соңында коммуналдық қызметтер қаланың жоғарғы бөлігіндегі аудан тұрғындарына су беруді шектеуге мәжбүр болды. Медеу ауданындағы 50 көппәтерлі үй мен 4 мыңнан астам жеке тұрғын үй сусыз қалды. Бұл тұрғындардың орынды наразылығын туғызды.

Президент еліміздің ең үлкен шаһарындағы су шаруашылығын ретке келтіру үшін атқарылуға тиіс негізгі міндеттерді айқындап берді. Атап айтқанда, Үкімет пен қала әкімдігіне мердігерлердің кінәсінен кешіктірілген Қарғалы су жинақтау нысанын биыл қазан айының соңына дейін пайдалануға беру, қаланың су шаруашылығына толық тексеріс жасау және Алматының жоғарғы бөлігін сумен толық қамту үшін жерасты су көздеріне гидрогеологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ «Балқаш» станциясындағы резервуар мен төрт скважинаның құрылысын аяқтау міндеттері жүктелді.

Сонымен қатар Президент тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты бірқатар проблемаға тоқталды. Мемлекет басшысының пікірінше, ең алдымен, NEET санатына жататын жастардың арасындағы жұмыссыздық мәселесіне айрықша назар аудару қажет. Үкіметке және әкімдікке жастарды жұмыспен қамту үшін арнайы бағдарлама әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Президент көтерген тағы бір маңызды мәселе – Алматының денсаулық сақтау саласындағы ахуал. Мемлекет басшысының айтуынша, қазір қаладағы денсаулық сақтау ұйымдары шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп жатыр. Әбден тозығы жеткен инфрақұрылымды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржысы есебінен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізіндегі жобаларды жүзеге асыру арқылы кешенді түрде жаңғырту қажет. Президент Денсаулық сақтау министрлігіне медицина мекемелеріндегі қаржы тапшылығын жою үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

Бұдан бөлек, кеңес барысында Алматы экономикасын әртараптандыру мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта кәсіпкерліктің даму әлеуетіне оң баға берді. Келтірілген мәліметтерге сәйкес, 2022 жылдың өзінде Алматы мемлекеттік бюджетке төрт триллион теңгеден астам қаржы құйды. Қаладағы салық түсімдерінің басым бөлігі шағын және орта бизнестің төлемдеріне тиесілі.

Президент мегаполистегі бизнес-ахуалды жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау жөнінде міндет жүктеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жеке капиталды тарту, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын күшейту, жаңа көлік-логистикалық орталықтарына қолдау көрсетудің тың шараларын қарастыру, креативті индустрия, туризм салаларын дамыту Алматы экономикасына тың серпін беруге тиіс.

Сонымен қатар жиын барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова сөз сөйледі.

# УӘЛИХАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІР

**Жаңа оқу жылы жақындаған сайын жоғары оқу орындарында да қарбаласқан қызу тірлік басталып кеткен. Әсіресе, елдің әрбір оқу орындарын өз студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету басты назарға алынады. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті БАҚ өкілдерімен арнайы кездесу өткізіп, жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын көрсетті.**

Жоғары оқу орнында бүгінде 7 мыңнан астам студент білім алады. Оқу орны басшысы Марат Сырлыбаев университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы даму перспективалары жайлы толығырақ әңгімелеп берді.

Ректордың айтуынша, университетте студенттердің өзін-өзі басқаруына баса мән беріледі. Оқу орнында түрлі ұжымдық клубтар мен ұйымдар құрылған. Студенттердің шығармашылығын дамыту мақсатында «Шаңырақ» домбыра үйірмесі, Impulse би студиясы, «Жауқазын» жастар театры мен New voice вокалдық студиялары сәтті жұмыс жүргізіп келеді. Студенттердің өзін-өзі басқару өкілеттілігін кеңейту үшін университеттің комиссиялары мен кеңестеріне қатынасуына, оқу процесінің сапасын бағалау, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары мен оқуы, құқықтық тәртіпті бақылау шараларына қатысуына мүмкіндік берілген.

Университет бүгінге дейін 962 студентті бірінші курсқа қабылдап үлгерген. Оқу орнында үш студенттер үйі мен екі жатақхана бар. Мұнымен қоса университет жатақхана тапшылығын азайту үшін өз қаржысына 500 орындық жатақхана салуды қолға алған. Сондай-ақ «Көкшетау» мейманханасымен келісімшарт жасасып, студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге мүмкіндік берілген. Дегенмен университет басшылығы әлі де болса жатақхана тапшылығының бар екенін жеткізді. Университеттің жатақханалары мен салынып жатқан нысандарына экскурсия жасалды.

– Білім ордасы студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге барынша көңіл бөледі. Жалпы 1 365 студент жатақханамен қамтамасыз етіледі. 500 орындық жаңа жатақхананың құрылысын бастадық. Ең алдымен бірінші курс студенттері мен жеңілдік санатындағыларға орын ұсынылады. Жатақханаларға орналастыру мәселелері бойынша дереу үн қату үшін оқиғалық орталық құрылды. Студент жастарды одан әрі дамыту үшін жастар саясатын жүргізуге барынша назар аударамыз. Ол үшін талантты жастарды дамытудың бірегей бағдарламасы жасалған. Жалпы жүлде қоры 1,5 миллион теңге конкурста студенттерді кәсіби өзін-өзі анықтау, жеке дамыту, еліміздің үздік компанияларына жұмысқа орналастыру сияқты мәселелер қолға алынған, – дейді университеттің бірінші проректоры Ғалым Байтоқ.

Жиын барысында сөз алған университеттің 3 курс студенті Ақбота Мұхаметбекова оқу орнындағы омбудсмендер институтының жұмысы туралы баяндап берді. Бұл жаңашылдық студенттердің call орталыққа хабарласып, өз сұрақтарына жауап алуға, өз мәселелерін өздері бірлесіп шешуіне, білімдерін жетілдіруге барынша мүмкіндік бермек. Жиын барысында университеттің С. Сәдуақасов атындағы агротехникалық институтының 2 курс студенті Меруерт Оспанова медальмен марапатталды.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
*Ақмола облысы*

# СЕНАТ ДЕПУТАТЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**Жуырда Сенат депутаты, химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нухұлы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйіне барды. Сенаторды музей жетекшісі Райхан Имаханбет «Ахметтану» оқу орталығында қарсы алып, қонақтарға кәдесый жасап, ілтипатын білдірді.**

Музей-үйдің сайтында жарияланған хабарландырудан құлақтанған көпшілік Сенат депутатымен жүздесу үшін арнайы келді. Атап айтар болсақ, филология ғылымдарының докторы Орынай Жұбай, доцент Ұлдар Исабекова, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Шохан Шортанбай, тілші әрі «Ақиқат» журналы редакторының орынбасары Дина Иманбай, ҚР Ұлттық кітапхананың Сирек қор бөлімінің қызметкері Гүлшат Әбіковалар көкейкесті сауалдарын қойып, депутатпен дидарласты.

Сенат депутаты қонақтармен бірге Ахмет Байтұрсынұлы саябағындағы ғалымның еңселі ескерткішіне тағзым жасағаннан кейін музей-үйге оралып, музей жәдігерлерімен танысты. Қазақ ғылымына еселі еңбек сіңірген арыстар мен зиялылардың ұлықталуы туралы әңгімелесті.

Алтынбек Нухұлы музей-үйдің ұжымына алғысын айта келе, алдағы уақытта жарық көруі тиіс музей-үй жетекшісі Райхан Сахыбекқызымен бірлескен Ахметтану анықтамалығы туралы жобаның дайындығын пысықтады.

Жүздесу соңында іс-шараға келгендерге ғалым өмірін қамтыған кітап сыйға тартылып, ұлт ұстазы портреті алдында естелік суретке түсті.

**Әділет АХМЕТҰЛЫ,**
*Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі бөлімінің меңгерушісі*

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

*(Басы 1-бетте)*

Халық қалаулылары Бас Прокурорға жүгініп, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ басшылығын жауапқа тартуды талап етті.

«Миттал үшін отандастарымыз жай ғана шығын материалы іспетті. Қынжылмай құтыла салады. Бізге мұндай инвестордың керегі жоқ», – деді депутат Снежанна Имашева.

Ал мәжілісмен, «AMANAT» фракциясының мүшесі Никита Шаталов Лакшми Миттал кейінгі жылдары болған барлық қайғылы оқиғадан қорытынды шығармағанын, ал компания менеджменті үшін отандастарымыздың қазаға ұшырап жатқаны және олардың денсаулығына ұдайы қауіп төніп тұрғаны маңызды мәселе емес екенін атап өтті.

«Біз көмір өндіру және байыту, болат балқыту технологиясын дамытудың ондаған жылын жоғалттық. Ол аз болғандай, осы нысандарда отандастарымыздан айырылып қалып жатырмыз. Бұдан арылудың бір ғана жолы бар – мемлекет Митталдың компаниясын елден шығарып, Қазақстанның жер қойнауы мен отандық өнеркәсіпті пайдалануы туралы онымен жасалған барлық келісімді бұзуы керек. Бұдан былай мұндай сорақылыққа неге төзе беруіміз керек екенін түсінбеймін. «Арселор» отандастарымыздың өлімімен байып отыр», – деді депутат.

Еске сала кетейік, бұған дейін мәжілісмен Ерлан Саиров Лакшми Миттал Қазақстан халқының осынау игілігін еш ауыртпалықсыз, су тегінге алғанын, ал «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы тауарлар мен қызметтерді жеткізуші қазақстандық кәсіпкерлерге шамамен 700 млн теңге қарыз екенін айтқан еді.

Айта кетейік, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы бес жылда аманаттықтар мемлекет пен қоғам тарапынан жұмыс берушінің жауапкершілігі мен жұмысшының қауіпсіздігін бақылауды күшейтуді көздейді. Бұған қоса, еңбекті қорғау жөніндегі ең төменгі стандарттар жетілдіріледі. Зиянды және қауіпті өндірістегі барлық қызметкердің өмірі мен денсаулығы сақтандырылуға тиіс.

# МЕДИЦИНА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БЕРЕШЕГІ – 81 МЛРД ТЕҢГЕ

**«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтіп, онда партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру және денсаулық сақтау саласын цифрландыру мәселелері талқыланды.**

Сөз басында Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 16 іс-шара орындалғанын атап өтті. Бүгінде 4 іс-шара жүзеге асырылып, тағы 12 іс-шара орындалып жатыр. Жалпы, бағдарламаны орындау көрсеткіші – 25 пайыз.

«Биыл министрлік 13 іс-шараны орындауда. Тіпті, оның үшеуі орындалып та қойды. Тағы 10 іс-шара әлі де орындалып жатыр. Жалпы жағдай бойынша орындалу көрсеткіші 23 пайызды құрайды. Жол картасының алтыншы тармағы ойдағыдай орындалып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2020-2023 жылдар аралығында медицина қызметкерлерінің жалақысы жоғарылады. Яғни, дәрігерлердің айлығы 30 пайызға, мейірбикелердің еңбекақысы 20 пайызға артты. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметіне сәйкес, қосымша төлемдер мен үстемақыларды, ақылы қызметтерді ынталандыру компоненті бойынша төлемдерді есепке ала отырып, орташа жалақы жоғарылатылды. Бұл ретте, еңбек-ақыны өсіруге 2023 жылы тегін медициналық кепілдендірілген көмек қаражаты есебінен мемлекеттік бюджеттен 383 млрд теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен 225 млрд теңге бөлінді», – деді бірінші вице-министр.

Сондай-ақ ол Жол картасының 8-ші тармағына тоқталып, фармацевтика саласына мемлекеттік қолдау көрсетудің жүйелі шараларын жүзеге асыру және нарықтағы отандық өндірушілердің үлесін ұлғайту шеңберінде ведомствоға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен медицина, фармацевтика өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру функциясы берілгенін айтты. Отандық өндірістің үлесін фармацевтика нарығында 50 пайызға пайызға жеткізу мақсатында Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Келер жылы фармацевтика өнеркәсібін дамыту бойынша алдағы бес жылға арналған жаңа бағдарлама бекіту жоспарлануда.

Өз кезегінде, Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты, Кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар мен баяндамадағы оң өзгерістер өмір шындығымен сәйкеспейтінін алға тартты.

«Мұндай есепті күнде естіп жүрміз. Алайда өнір тұрғындарымен жүздескен кезде қарапайым азаматтардың, дәрігерлер қауымының тарапынан көп сын-пікір, талап-тілек айтылады. Яғни, баянды бастамаларды, мемлекеттік қолдауларды ақ халатты жандар анық сезініп жатыр деп айта алмаймыз. Мәселен, медицина қызметкерлерінің айлығы артқанымен, дәрігерлер қауымы оны тиісінше сезініп, ауқаты жақсарып жатқан жоқ. Медициналық құрал-жабдықтарды тіркеу жұмысы да баяу жүріп жатыр. Сонымен қатар инвесторлардың мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жұмыс істеуіне бөгет болатын бюрократиялық кедергілер де аз емес. Бұған қоса, жоғары оқу орындардың базасында клиникалар құру, перинаталдық орталықтар ашу, онкологиялық қызметті жетілдіру және медициналық мекемелердің берешегі мәселесін шешу жұмысын да назардан тыс қалдыруға болмайды», – деді Кеңес төрағасы.

Осы орайда «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚеАҚ басқарма төрағасының орынбасары Айдар Нұралиев медицина ұйымдарының кредиторлық берешегіне және оны азайту бойынша нендей жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды.

«Өте өзекті мәселенің бірі – медицина ұйымдарының кредиторлық берешегін өтеу немесе азайту. Бүгінде мұндай қарыз көлемі 81 млрд теңгеден асып түседі. Бұл қарыздың 70,9 млрд теңгесі – мемлекеттік, 10,1 млрд теңгесі – жекеменшік ұйымдарға тиесілі. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша – 40 млрд 204 млн 943 теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша – 37 млрд 696 млн 810 теңге берешек бар. Сондай-ақ мерзімі өткен берешек көлемі бүгінде 19 млрд 100 млн 309 теңгені құрап отыр. Оның 17,4 млрд теңгесі – мемлекеттік, 1,7 млрд теңгесі – жекеменшік ұйымдардың мойнындағы қарыз. Кредиторлық берешектің құрылымына келсек, қарыздың көп мөлшері дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға қатысты болып отыр», – деді Айдар Нұралиев.

Оның айтуынша, кредиторлық берешектің пайда болуына және артуына әсер ететін бірнеше себеп бар. Оның алғашқысы – еңбекақы төлеу қоры. Медицина қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын 20-30%-ға артып келеді. Оның өзі ұйымның қаржылық жағдайына әсер етеді.

«Екінші себеп – тарифтің төмендігі. Мәселен, жедел жәрдем, стационарлық көмек, инфекциялық аурулар шығыны бар. Сондай-ақ аудандық ауруханалардағы және стационарлық қабылдау бөлімдеріндегі тариф те өте төмен. Үшіншісі – тұрғындар санының аздығы. Мәселен, солтүстік өңірлерде тұрғындар саны аз аудандар бар. Яғни, медицина ұйымында қаражат болғанымен, емделушілер аз болғандықтан оны игере алмайды. Төртіншісі – үлкен көлемдегі негізсіз шығындар. Осының бәрі түптеп келгенде, кредиторлық берешектің пайда болуына әсер етеді», – деді Айдар Нұралиев.

Мейірбек ТӘЖІҚҰРАНОВ *(фото)*

Денсаулық сақтау министрлігінің Электронды денсаулық сақтауды дамыту департаментінің директоры Фархад Бекбулатов денсаулық сақтау саласын цифрландыру жұмысына тоқталды.

«Цифрлық трансформация және «Е-Денсаулық» жобасын жүзеге асыру шеңберінде екі кезеңде жұмыс жүргізіп жатырмыз. Оның алғашқы кезеңін жыл соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Ол «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын» цифрландыруға қатысты болмақ. Қараша айының соңына дейін барлық интеграция жұмысын тәмамдап, қор қаражаты қозғалысының ашықтығын қамтамасыз ету үшін жүйені трансформациялауды қолға аламыз. Бұл жұмыс тоқтаусыз жүріп жатыр. Әр қадамымыз Үкіметтің жіті бақылауында. Яғни, орындалған жұмыс бойынша апта сайын Премьер-Министрдің орынбасарына есеп береміз. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына» қажет модуль жазылуда. 2024 жылдың 1 қаңтарында жаңа модульдерді іске қосуды көздеп отырмыз», – деді департамент директоры.

Сондай-ақ жиын барысында Кеңес жұмысына қатысушылар тарапынан жаңа медициналық нысандардың құрылысына, медицина қызметкерлерін лайықты жалақымен, баспанамен қамтамасыз етуге, қағазбастылықтан арылуға қатысты бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Әсіресе, партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамаларды жүйелі жүзеге асыруға айрықша назар аударылды. Отырыс барысында қозғалған өзге де мәселелер алдағы уақытта да партия назарында болады.

# ҚАЛАУЛЫЛАР ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

**Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары жалғасуда. Олар жергілікті тұрғындармен кездесіп, олардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, түрлі нысандарды аралап, елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысуда.**

Мәселен, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Павел Казанцев пен Марат Бәшімов Астана қаласындағы қоғамдық орындардың жай-күйімен, елорданы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарымен танысты. Халық қалаулылары «Байқоңыр» ауданының қоғамдық орындарын, атап айтқанда, Кенесары мен Егемен Қазақстан көшелерін аралады. Марат Бәшімов Астана тұрғындарға жайлы қала болуы керек екенін атап өтті.

«Қоғамдық орындар – қазіргі заманауи қалаларды дамытудың өзегі. Қала тұрғындары демалатын және серуендейтін орындар, жаяу жүргіншілер аумағы, алаңдар, көшелер, сквелер, бульварлар халықтың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Олар БҰҰ индикаторында бірінші орында тұр. Сондықтан қоғамдық орындар мен аулаларды дамыту мәселесі партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған. Тиісінше, бұл жұмыс депутаттар бақылауында болады. Осындай жабдықталған орындарды елорданың өзге де аудандарынан, тіпті еліміздің барлық қаласынан көргіміз келеді. Президент қаланы көркейту барысында орын алатын олқылықтарды сынға алды. Себебі тұрғын үй тұрғызылғанымен, оған жақын маңда мектеп, балабақша, аурухана, тіпті демалуға арналған аула салынбайды. Күні кеше ғана Байқоңыр кеш дамып келе жатқан аудандардың бірі еді. Бүгінде аудан гүлденіп, ата-аналар балаларымен бірге серуендей алатын керемет алаңдар пайда болды. Дамыған әлеуметтік инфрақұрылымсыз баянды болашақ болмайды», – деп атап өтті мәжілісмен.

Депутаттар он үштен астам шағын архитектуралық нысан орналасқан Журналистер аллеясына барды. Онда арка, күн сәулесін көлегейлейтін шатырлар, үстел үсті шамы, ақпараттық газет, балаларға арналған мозаика, «Журналист және оператор» мүсіні бар. Сонымен қатар 230-дан астам жасыл желек отырғызылды. Мәжіліс депутаты Павел Казанцевтің айтуынша, бұрын мұнда жылу беру магистралі тартылған болса, қазір елорда тұрғындары мен қонақтары демалатын жайлы демалыс орнына айналды.

«Тез көркейіп келе жатқан қалада, әдетте, демалыс инфрақұрылымы сәл кешеуілдеп дамиды. Дәл қазір біз Журналистер аллеясында тұрып, бұл жердің қалай өзгергеніне куә болып отырмыз. Оның үстіне, мұнда жастар тұратын бірнеше тұрғын үй кешендері бой көтерді. Былтыр Байқоңыр ауданында небәрі 2 қоғамдық орын болса, биыл оның саны 9-ға жеткізілмек. Сондай-ақ құрылыс барысында қандай материалдар пайдаланылатынына назар аудару қажет», – деді ол.

Депутаттар «7 Континент» тұрғын үй кешенінің ауласын тексерді. Онда 2 спорт алаңы, демалыс аймағы, балалар ойын алаңдары, воркаут аймағы, жүгіруге арналған жол, орындықтар және әткеншектер орнатылған. Бүгінде «Байқоңыр» ауданында осындай 23 қоғамдық орынды пайдалануға беру жоспарлануда.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының Астана қалалық сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы бес жылда 120 спорт алаңын орната отырып, 796 ауланы абаттандыру жоспарлануда. Бұл 750 мың тұрғынға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 2,4 мыңнан астам контейнер орнатылып, 175 контейнер алаңы жабдықталады. Бұған қоса, елордадағы «Темір жол», «Көктал», «Өндіріс», «Оңтүстік-Шығыс» және өзге де тұрғын алаптарында аула аумағы абаттандырылады.

Аманаттық депутаттар Шымкент қаласында да жүр. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болатбек Нажметдинұлы еліміздегі үшінші мегаполис саналатын шаһардың Ішкі істер қызметкерлерімен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін талқылады. Қалалық Полиция департаментінің ұжымымен жүздескен ол жедел басқару орталығының (ЖБО) жұмысымен танысты. Полицейлердің айтуынша, Шымкентте қылмыс деңгейін және төтенше жағдайлар қаупін азайту бойынша арнайы іс-шаралар қолға алынған. Осы ретте шаһарда «Қауіпсіз қала» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып келеді. Полиция департаментінің жедел басқару орталығында 11 мыңнан астам бейнебақылау камерасы біріктірілген. Соның нәтижесінде жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілерін автоматты түрде тіркеуге, қиылыстардағы және тұрғын үйлердің аулаларындағы қоғамдық тәртіпті бақылауға болады.

Сонымен қатар «Қауіпсіз мектеп» бағдарламасы аясында 186 мемлекеттік және жекеменшік мектептерде 3,3 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның 2,5 мыңға жуығы аталған орталыққа қосылған. Тағы 260-қа жуығы жерасты өткелдерінде, денсаулық сақтау нысандарында, сауда орталықтарында, дүкендер мен базарларда қойылған. Бейнебақылау камераларының көмегімен осы жылдың жеті айында Шымкентте 300-ге жуық қылмыс ашылып, 33 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталды.

Болатбек Нажметдинұлы халықпен кездесулері кезінде мопедтер мен электр скутерлер тарапынан жол қозғалысы ережелерін бұзу мәселелері жиі көтерілетінін атап өтті. Депутат заңнамалық деңгейдегі өзгерістерді ескере отырып, осы көлік түрлеріне бақылауды күшейту қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ бөлінген қаражатты тиімді пайдалану және жұмыс сапасын арттыру мәселесіне ерекше тоқталды.

Полиция қызметкерлерімен әңгіме барысында кадр тапшылығын шешу, құқық қорғау органдары қызметінің беделін арттыруға қатысты сұрақтар да талқыланды.

**Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ**

# МИЛЛИАРДЕР МИТТАЛ МӘСЕЛЕГЕ МОЙЫН БҰРА МА?

**17 тамызда Қарағанды облысындағы Шахтинск қаласында орналасқан «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға қарасты «Қазақстан» шахтасында конвейер таспасы өртеніп, үлкен апат болды. Шахтада барлығы 227 адам болған. Сол күні шахтадан 222 адам жер бетіне шығарылды. Екі адамның мәйіті табылып, тағы үш адам іздестіріліп жатыр.**

Наурызбек САРША

Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан» шахтасында болған өртке байланысты Үкіметке және Қарағанды облысының әкімдігіне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, сондай-ақ зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде және «АрселорМиттал Теміртауға» тиесілі шахтадағы апаттың жиілеуіне қатысты қатаң шара қабылдауды тапсырды. Мемлекет басшысы «Шетелдік компанияға тиесілі кәсіпорындарда жиі қайталанатын апаттар олардың инвестициялық және өзге де міндеттемелерін өрескел бұзғанын көрсетеді. Аталған жағдайлар олардың Қазақстан нарығында қызмет етуіне қатысты шешім шығаруға ықпал етеді», – деп ашық айыптайды.

Кешеден бері әлеуметтік желіде қоғам белсенділері «Лакшми Миттал Қазақстаннан кетуі керек» деп жатыр. Себебі бұл компанияға қатысты адам өлімімен аяқталған алғашқы оқиға емес. 2006 жылдан бері металлургия комбинатында 30-ға жуық апат болып, 100-ден аса азамат қаза тапқан.

Осы ретте біз экономист Меруерт Махмутоваға хабарласқан болатынбыз. Экономист шахтаны мемлекетке қайтару мәселені түбегейлі шешпейтінін алға тартты.

«Менің ойымша шахтаны мемлекетке қайтарып алу қауіпсіздік мәселесін шешпейді. Ең бастысы, мемлекеттік органдар неге қауіпсіздік мәселесі шахтада шешілмегенін, неге Миттал жұмысшылардың еңбек етіп жатқан орнында қажетті құрал-жабдықтарды жаңартпай, сол баяғы барын жамап, қауіпсіздікке көңіл бөлмегенін зерттеп, келешекте ондай өрт, апат болмайтындай шара қабылдауы қажет. Бұл мәселеде тек өз пайдасын ойлап, жұмысшыларға еңбек етіп жатқан жұмыс орнында технологияларды жаңартпаған Митталдың ғана емес, мемлекеттік бақылау органдарының да әлсіздігі, кінәсі бар», – дейді ол.

### КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПҚА ТАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ерлан Саиров пен Құдайберген Бексұлтанов «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасындағы апатқа қатысты бірлескен мәлімдеме жасады. Олардың айтуынша, көмір шахталарындағы жабдықтардың жай-күйі, сондай-ақ өндірісте еңбек ететін жұмысшылардың бейберекет қысқартылуы осындай қайғылы оқиғаға себеп болды.

Осы мәселені кезінде Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин де көтерген болатын. «Шетел инвесторлары елді көркейтеді, әлеуметтік мәселелерді шешеді, жаңа технологияларды әкеледі, техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, мамандарымызды дайындайды деп әлемде қандай байлар бар, бәрін тарттық Қазақстанға. Енді не болды? «Шеврон» келді, экология салдарынан Сарқамыс ауылын Атырауға көшірдік. Қытай компаниясы «СНПС» келді, стратегиялық ауызсу қоры бар Көкжиде кен орнын бүлдірді, мұнай өндіріп жатқан өлкелердің экологиясы одан түзелген жоқ. Қаржыны компанияға салмай, үнемдеп өліп бара жатыр және жұмысшылардың еңбек ақыларын төмендетеді. 1995 жылы бизнесмен «Миталл» келді, Қарағанды облысы қайғылы оқиғалар мен экологиялық проблемалардан көз ашпады. Тізе берсек, шетел инвесторларының артында проблемалар жеткілікті», – деді депутат.

Сонымен қатар Кәсіподақтар федерациясы болған қайғылы оқиғаға байланысты мәлімдеме жасап, онда апаттың басты себебінің бірі шетелдік инвестордың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын елемеуі деп айыптайды.

«Жыл сайын өндірісте 100-нан астам жазатайым оқиға тіркеліп, 200-ге жуық адам көз жұмады. Әзірге «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорындарында бұрын болған қайғылы оқиғаларға кінәлілерді жауапкершілікке тарту шаралары бойынша нәтижелер жарияланған жоқ. Әлі де белгісіз себептермен тергеу созылуда, бұл ретте адамдардың өліміне әкеп соқтырған жазатайым оқиғалардың орын алуына жол берген шетелдік басшылардың жауапқа тартылатыны анық емес. Бүгінде қоғамда біздің заңдарды сақтап, өз міндеттемелерін орындауға ұмтылмайтын «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының меншік иесін ауыстырудың орындылығы туралы мәселенің көтерілуі әділетті», – дей келе, «Азаматтарымыздың өмірін қиған оқиға бізді Кәсіподақтар федерациясы бірнеше жылдан бері қол жеткізуге талпынып келе жатқан қажетті шараларды қабылдауға назар аударуға мәжбүр етеді», – деп онда бірнеше мәселені назарға алады. Мәселен, Тау-кен құрал-жабдықтарын жаңартуға тез арада кірісіп, үздіксіз материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету қажеттігі айтылып, көптеген кәсіпорынның негізгі қорларының тозу дәрежесі критикалық деңгейде екенін айтады.

Сонымен қатар Кәсіподақтар федерациясы қауіпті өнеркәсіптердегі еңбекақы төлеу жүйесінде өндірілген өнімнен жалақыны байланыстыруды алып тастау қажет деп санайды. Себебі бірінші кезекте жоспарлы өндірістік көрсеткіштерге көз жұма ұмтылу емес, еңбек қауіпсіздігі басым болуы тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау шараларын күшейту және Еңбек пен Кәсіпкерлік кодекстерінде көзделген мемлекеттік еңбек инспекциясының қызметінде бар шектеулерді алып тастау қажеттігі айтылған.

### ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ЕСКЕРТУ КӨП, НӘТИЖЕ АЗ

Осыдан дәл бес жыл бұрын, яғни 2017 жылдың 31 тамызында дәл осы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасында қайғылы оқиға болып, онда метан газының кенеттен бөлінуінен үш кенші: Рустам Ахметжанов, Валерий Руденко және Максим Шебанов қайтыс болған еді. Соған сәйкес, комиссия құрылып, комиссия шешімі жұмыс берушінің кінәсі 100% құрайды деп есептеген болатын. Мұны бір деңіз...

Былтыр Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік инспекторлары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ерекше тәртіп бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша берілген 2022 жылғы 4 наурыздағы №53 анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуын бақылау мақсатында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаментінің «Восточная» ОБФ жоспардан тыс тексеру жүргізген еді. Тексеру барысында 43 объект тексеріліп, тексеру нәтижелері бойынша бұрын анықталған бұзушылықтар толық көлемде жойылмағаны анықталған болатын.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының 5 бұзушылығын анықталып, ол өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылығына қатысты әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау үшін Қарағанды облысының Абай аудандық сотына жолданды да. Мұны екі деңіз...

Дәл осындай тексеру «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің «Тентек» шахтасына да жүргізілген болатын. Тексеру барысында 305 объекті тексеріліп, бұл ретте өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының 151 бұзушылығы анықталды.

Сонымен қатар былтыр дәл осындай «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Көмір департаменті «Абай» шахтасының қауіпті өндірістік нысандарына тексеру жүргізіп, онда қауіпті өндірістік нысандарында қауіпсіздік талаптары сақталмаған деп қорытынды шығарған болатын. Тексеру барысында Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының 200 бұзушылығы анықталған.

Күні кеше ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Кеңгірбай Есенеев өткен жылдың қараша-желтоқсан айларында «Қазақстан» шахтасында тексеру жүргізіліп, 168 заңбұзушылық анықталғанын, заңды тұлға айыппұл ретінде әкімшілік жауапқа тартылғанын айтты. Сондай-ақ комитет өкілі апат болған шахтада тексеру жүргізілгенін атап өтті.

«Биыл шілде айында мемлекеттік органдардан «Қазақстан» мен «Тентек» шахтасындағы газ дренажды ұңғымаларын бұрғылау фактілер бойынша шағым түсті. Осыған байланысты биыл 31 шілдеден 11 тамызға дейін тексеру жүргіздік. Газ дренажды ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде шамамен 40-қа жуық бұзушылық анықталды. Тексеріс нәтижесі бойынша талап арыз материалдары сотқа жіберілді. Қазір материалдар газдренажды ұңғымаларын бұрғылауды тоқтату үшін экономикалық сотта қаралып жатыр», – дейді Кеңгірбай Есенеев.

Жыл сайын осыншама өрескел заңбұзушылықтар анықталып, тиісті ескертулер берілгенімен, нәтиже неге жоқ?

> *Жыл сайын өндірісте 100-нан астам жазатайым оқиға тіркеліп, 200-ге жуық адам көз жұмады. Әзірге «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорындарында бұрын болған қайғылы оқиғаларға кінәлілерді жауапкершілікке тарту шаралары бойынша нәтижелер жарияланған жоқ.*

### СІЗ КІМСІЗ, МИТТАЛ МЫРЗА?!

Лакшми Миттал – үндістандық кәсіпкер, әлемдегі ең ірі металлургиялық компания саналатын Mittal Steel Company N.V мен Arcelor Mittal металлургиялық компаниясының иесі. 2008 жылы «Форбс» журналының рейтингіне сәйкес, ең бай адамдардың ішінде әлем бойынша 4-орында (45 миллиард доллар) болған.

Алғаш кәсіппен Индонезияда айналыса бастаған. Лакшми Митталдың Ispat International компаниясы 30 жыл бойы қарқынды дамып, әлемнің түкпір-түкпірінде пайда болған. Митталдың әкесі де Үндістанда кәсіппен айналысқан. Алайда жергілікті үкіметпен проблемалар туып, кәсібін сатып жіберген.

90-жылдары жекешелендіру кезінде жабық тендер өтіп, «Испат Кармет» АҚ құрылды. Бұл компания «Қарағанды метталургия комбинаты», электростансалар, кен орындары, шахталарды және өзге де өндіріс орындарын иелігіне алды. Дәл осы 1990 жылдардың екінші жартысында Қазақстанда тапқан ақшасының арқасында Миттал әлемдегі №1 болат өндіруші болу мүмкіндігін алды.

Отандық металлургияның көшін бастап тұрған, сол кезде КСРО-дағы ең ірі кен орындарының бірі болған метмкомбинат небәрі 225 млн долларға бағаланған әрі ол соманы бірден емес, 4 жылға бөліп төлеген. Ол кезде әлі танылып үлгермеген үнді бизнесмені Лакшми Миттал бұрынғы КСРО-дағы ірі металлургиялық комбинаттың бірін осындай шартпен сатып алған. 1995 жылғы 17 қарашада Ispat International UK Қазақстан Республикасымен жекешелендіру келісімін жасаған. Бұл келісімге сәйкес Қазақстан сатып алушыға «Қарағанды металлургиялық комбинатын» («Қармет») МАҚ меншікке беруді қамтамасыз етуге міндеттеме алған.

1996 жылғы 17 қарашадағы жағдай бойынша «Қарметтің» шұғыл қажеттіліктерге берешегі 50 млн долларға жетті және келісімшартта олар «жалпы берешек» деп аталды. Бірақ «шұғылдығына» қарамастан бұл сома он айлық жарналар арқылы төленген, бірінші төлем келісімшарттың 3.1.2.1 тармағына сәйкес тек 1996 жылдың 30 мамырында ғана төленуі қажет екен.

«Қарметтің» еңбекақы бойынша да жалпы сомасы 11 миллион доллар көлемінде берешектері болған. Миттал оларды өзінің өлшемі бойынша тез өшіріп отырған: 2 миллионнан 5 рет ай сайынғы транш, оған қоса 1 миллион доллардан 1 транш, бірінші төлемі 1995 жылдың 30 қарашасында жүргізілген.

90-жылдардан бері есептегенде, Лакшми Миттал Қарағандыдағы өндіріс, шахта, комбинаттарға 30 жылдан астам уақыттан бері иелік етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол әлемдегі ең ірі байлардың қатарына еніп, Форбстың мәліметіне қарағанда, әлемдегі ең бай адамдардың ішінде 6- орында. Миттал Қарағандыдағы өндіріспен ғана шектелмей, Каспий аймағындағы мұнай саласына да инвестиция салған.

**ТҮЙІН:**

**Өндірістік қауіпсіздік сақталмауы салдарынан 2004 жылы «Шахтинская» шахтасындағы метанның жарылуынан 23 кенші қаза тауып, 2006 жылы Ленин атындағы шахтадағы жарылыста 41 кенші жан тапсырды. Жалпы, 2005-2021 жылдар аралығында «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнының шахталарында 100-ге жуық адам қаза тапқан екен. Мәселен, 2016 жылғы қарашада балқытылған шойынның төгілуі, 2018 жылғы наурыз айында ЖЭО-ПВС шатырының құлауы, 2018 жылдың шілдесінде бункерлердің құлауы, 2018 жылдың қараша айында газ құбырының жарылуы және 2019 жылдың қазан айында №3 цехтағы табақша металды илемдеу цехындағы өрт... Айта берсе, таусылмайтын апаттар...**

**Қазақстан Германиядан сәл-ақ аз көмір өндіреді. Бізде жылына 117 млн тонна болса, оларда 132 млн тонна. Бізде жылына қанша адам қаза тауып жатса, оларда ондай ақпарат таппайсың. Қытай 2008 жылы талаптарға сай келмейтін 1000 шахтаны жапқан болатын. Қондырғылардың жаңартылмауы, модернизация жүргізілмеуі, еңбек қауіпсіздігінің сақталмауы секілді мәселелер тез арада шешімін таппаса, мұндай трагедиялық оқиғалар қайталана бермек. Мәселен, АҚШ-та 1 шахтердің өлімі жұмыс беруші үшін 40 млн доллар шығын әкеледі екен. Сол үшін Америкада шахтада жазатайым оқиғаны болдырмауға тырысады. Ауыр өтемақы сол үшін қойылған. Ал бізде ше? Конституциямызда көрсетілгендей, біздің елімізде ең биік құндылық — адам. Ендеше адам тағдырына жанашырлықпен, үлкен жауапкершілікпен қарау әр инвестордың басты міндеті болуы тиіс.**

# ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА АШЫЛДЫ

**Қарағанды қаласында Спорт күні қарсаңында орталық саябақта «Арай-2023» өңір қалалары арасында XVI облыстық жазғы спартакиаданың ашылуы өтті. Ұйымдастырушылар спортшылар мен қала тұрғындары үшін ойын-сауық бағдарламасын дайындады.**

Шараға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов қатысты.

– Ең бастысы, спартакиада халықтың барлық тобын біріктіреді. Студенттер де, мемлекеттік қызметкерлер де, зейнеткерлер де, мүмкіндігі шектеулі жандар да қатысады. Басты міндет – бүкіл халқымызды спортқа тарту, – деп әкім орынбасары спортшыларға жеңіске жетуге тілек білдірді.

Спартакиадаға Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран және Шахтинск қалаларынан 600-ге жуық спортшы қатысады.

– Спортшылар екі күн бойы 12 түрде жарысады: армрестлинг, волейбол, қазақ күресі, жеңіл атлетика, үстел теннисі, шағын футбол, жазғы президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, асық ату және бес асық. Мен спартакиаданың төрешісі ретінде алтыншы рет қатысып отырмын. Біздің басты мақсатымыз – адал төрешілік, ал спортшыларға сәттілік! – деп жарыстың бас төрешісі Қайрат Абдуллаев жарысқа қатысушыларға ақ жол тіледі.

Шахтинск қаласынан келген «Тентек» ДСК нұсқаушысы Дарья Федько спартакиадаға үшінші рет қатысып отыр. Мұндай жарыстар спортқа деген ынтаны арттыратынын айтты.

– Біздің команда ерлер мен әйелдер арасында барлық жас санаттарына қатысады. Біздің қатарымызда бухгалтерлер, мұғалімдер, IT мамандар, жеке кәсіпкерлер бар. Біз көп жаттықтық. Жүлдегерлер үштігіне енеміз деп сенемін, – деді Дарья.

Мереке барысында ерекше көзге түскен жаттықтырушылар мен оқытушыларға денешынықтыру мен спортты дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін алғысхаттар, құрмет грамоталары мен сыйлықтар табыс етілді.

Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық резерв колледжінің мамандандырылған мектеп-интернатының жұмысшысы Абылай Шүланбаев «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісіне ие болды.

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
*Қарағанды облысы*

# АПАТТЫ МЕКТЕПТЕН АРЫЛУ – АРМАН

**Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Бірақ еліміздің кейбір өңіріндегі оқушылар алғашқы қоңырау қағылған сәтте мектеп табалдырығын аттай алмайды. Өйткені биыл 260 мектеп күрделі жөндеуден өтуі тиіс еді. Алайда 66 білім ошағындағы жөндеу сабақ басталғанша аяқталмайды. Мектептегі құрылыс жұмыстарының мерзімінен кешігуіне мердігер компаниялар кінәлі ме? Әлде жұмыс барысын қадағаламаған жергілікті билік кінәлі ме?**

Көктем ҚАРҚЫН

Елімізде 66 мектепте жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқталмайтын түрі бар. Оның 48-і жыл аяғына дейін пайдалануға берілсе, өзгесі оқушыларды келер жылы бір-ақ қабылдай алады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев айтты. Елімізде онсыз да мектеп тапшы екені белгілі. Шалғайдағы ауыл баласы енді қайда барып оқиды?

– 28 мектеп өз ғимараттарында оқитын болады. Ол жердегі жөндеу жұмыстары оқу процесіне кедергі жасамайтындықтан, ол балаларды өз мектептерінде қалдырылып отыр. Екінші, 26 мектептің оқушысына көршілес жақын мектептерде оқу қарастырылған. Оқу процесіне зиян келтірмеу жағы да қатаң бақылауда ұсталынып отыр. Сонымен қатар 10 мектеп бейімделген ғимараттарда оқитын болады. Ал 16 мектепте тасымалдау жұмыстары қолға алынып отыр, – дейді Ғани Бейсембаев.

Апатты жағдайдағы мектебі бар ауыл «жаңа мектепті» аңсамайды. Тек құрылыс жұмыстарының ала жаздай бітпегеніне налиды. Мердігерлер мен жергілікті құрылыс басқармаларының салғырттығынан оқушылар бір жыл бойы өзге ауылға қатынап қиналатын болды. Жалпы, осындай проблемалық мектептердің саны – Алматы (53), Батыс Қазақстан – (26), Түркістан – (20), Маңғыстау – (17), Атырау (16) облыстарында басым.

**БАРЛЫҚ ӨҢІРДІҢ БАС АУРУЫНА АЙНАЛҒАН**

Апатты мектептерді жөндеу жұмыстары кейбір өңірде әлі аяқталмаса, кейбір аймақтағы оқушылар апаттық жағдайдағы мектепте оқуға мәжбүр. Айталық, Абай облысында үш білім ошағы апаттық жағдайда деп танылған. Жаңа оқу жылында олардың кейбірінде қауіпті болса да сабақ жалғаспақ. Мәселен, Ақсуат ауданындағы Екпін ауылындағы мектеп 1991 жылы қолданысқа берілген. Екі жыл бұрын білім ошағы орналасқан ғимаратты мамандар «апатты жағдайда» деп таныған. Бірақ төбесінен жаңбыр жауса су сорғалайтын, қабырғалары көгеріп, үгіле бастаған ғимаратта қауіпті болса да балалар әлі оқып келеді.

– Көктем кезінде, қар ерігенде кабинеттің бәріне су ағады. Үшінші қабатты былтырдан бері жауып тастады. Сондай жағдай болғаннан кейін. Балаларымызды оқытуға тура келеді. Өйткені осында тұрамыз. Басқа мектеп жоқ қой ауылда. Балаларымыз талапқа сай мектепте оқығанын қалаймыз, – дейді Екпін ауылының тұрғыны Жанар Жаңамергенова.

Қазір мектеп ғимаратының үшінші қабаты мүлдем жабық тұр. Ал спорт залының қабырғасы үгіліп құлаудың аз-ақ алдында. Сондықтан оған бес жылдан бері ешкім кірмеген. Абай облыстық Білім басқармасындағылар мәселені жақсы біледі. «Мектеп күрделі жөндеуден өткізуге жарамайтындықтан, жаңасын салып береміз» деп уәде еткен.

Ал Шығыс Қазақстан облысындағы Ақжар ауылында мектепте жоспарланған күрделі жөндеу іске аспай қалған. Қыдырбек Біләлов атындағы мектеп лицейі, облыста білім көрсеткіші бойынша үздіктер қатарында. Алайда қабырғасы сыз тартқан, есік, терезесі ескірген, парта, орындық пен тақтасы Кеңес заманынан бері ауыспаған ескі мектепке жаңа оқу жылында балалар қайта келеді. Биыл күрделі жөндеуге 119 миллион бөлінген. Бірақ келісімшарт жасаған мердігер қаржының аздығын желеу етіп, жөндеуден бас тартыпты.

– Мердігер компанияға келісімшарт негізінде аванстық қаражаты аударылған. Алайда олар бөлінген қаржы жөндеуге жетпейтінін, оның көлемін арттыру туралы мектепке ұсыныс жасаған. Нәтижесінде, күрделі жөндеу әлі басталған жоқ. Сот процесі жүргізіліп жатыр, – дейді Тарбағатай аудандық білім бөлімінің басшысы Самал Дәуітбаева.

Атырауда да дәл осындай жағдай. Құрманғазы ауданында М. Ломоносов атындағы мектептің құрылғанына 80 жыл болған. Бүгінде білім беру мекемесінің жағдайы нашар. Мектеп құрылған уақыттан бері мүлдем жөндеу жұмыстарынан өтпеген. Білім беру мекемесінің қабырғалары сөгілген, едені шұрық тесік, төбесі опырылуға шақ тұр. Сондай-ақ мектеп директорының сөзінше, білім беру мекемесінде спорт алаңы мен асхана қарастырылмаған. Ал Құрманғазы ауданы әкімінің айтуынша, биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жоба бойынша 2 білім беру мекемесінің құрылысы басталған.

– Құрманғазы ауданында Президенттің тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» жобасымен 2 мектептің құрылысы басталды. Біреуі Аққөл ауылында, екіншісі – Ломоносов атындағы орта мектеп. Аталған мектептер 600 орындық, әрқайсысында спорт алаңы қарастырылған. Құрылыс жұмысын 2024 жылға дейін аяқтау жоспарланып отыр, – деді Құрманғазы ауданының әкімі Абат Жанғалиев.

Бірақ әкімдер уәде беруден шаршаған ба? Жөндеу жұмыстарының уақытылы аяқталуы тек аудандық басқарманың қолында емес, мердігерлердің жауапкершілігінде.

**МЕРДІГЕРЛЕР НЕГЕ ЖАУАПСЫЗ?**

Биыл құрылысы жаңа оқу жылына дайын емес мектептер саны күрт көбейген. Мердігерлердің айтуынша, бұған құрылыс материалдарының қымбаттауы да әсер етіп отыр. Бірақ заң бойынша конкурсты жеңіп алған мердігерлерге бюджеттен қосымша қаржы бағытталмайды. Дегенмен құрылыс материалдарының қымбаттауы мердігерлердің кінәсін толық ақтамайды. Өйткені елімізде жыл сайын жаңа оқу жылына қалып, құрылысы 6 жылға созылып келе жатқан мектептер де бар. Көкшетаудағы 410 орындық үш қабатты мектептің құрылысы 2016 жылдың күзінде басталған. Сол сәтте жергілікті билік пен мердігер компания мектепті 2017 жылы-ақ пайдалануға беруді уәде етіпті. Алайда олар 6 жылдан бері сол уәдесін орындай алмай келеді. Ендеше құрылыс жұмыстарының мерзімінен кешігуіне әкімдік те жауап беруі керек. Себебі тендер өткізіп, бюджеттен қаржы бөлінген соң мердігердің жұмысын тікелей қадағалап отыру жергілікті әкімдіктің құзыретінде. Дегенмен мердігерлер «биыл бітіреміз» деген құрғақ уәдемен уақыт өткізе береді. Осылайша, құрылыс жұмыстары кейінге қалып, зардабын ата-ана мен оқушы тартады.

Былтыр Жамбыл облысының әкімі жүгенсіз кеткен мердігерлерге айыппұл төлетті. Қордай ауданындағы 150 орынды мектептің құрылысына жауапты болған «Шұғыла-2002» ЖШС-ына 1,2 миллион теңге айыппұл салынған. Ал Қалғұты ауылындағы 180 орындық мектептің құрылысын жүргізген «Тебер дастройсервис» ЖШС-ына 312,6 мың теңге көлемінде айыппұл белгіленген. Бірақ болмашы айыппұл мердігерлерді сабасына түсірмеген сыңайлы.

Сонымен қатар барлық жергілікті әкімдік мердігерлерге мұндай талап қоймайды. Осындай сәтте оқушылардың болашағы үшін қоғам белсенділері де үнсіз қалмауы керек. Айталық, Төлеби ауданының белсенді ұстазы Гүлманат Байзақова Қостөбе ауылындағы мектептің апатты жағдайда тұрғанын басшылыққа дәлелдеп, бюджеттен ақша бөлдірген. Ол ауыл белсенділерін жинап, мердігерлерге арнайы талап қойып отыр және жөндеу жұмыстарын қадағалауды өз жауапкершілігіне алыпты.

– Мердігер компания мектеп құрылысына байланысты тендерді алған кезде ойланып алуы керек. Сондықтан уақытында мектептегі жөндеу жұмыстарын аяқтамағаны үшін мердігер компаниялар кінәлі. Қыркүйек айына дейін бітпеген құрылыс, бір апта қалған кезде де аяқталмайды. Қыста аяқтаймыз деп уәдені үйіп-төгетін мердігерлердің жұмысы сапасыз болады. Бұл мәселеде екінші кінәлі жақ –технодор. Мердігерлер арнайы форма толтырып, қанша материал алғаны жөнінде есеп беріп отыруы қажет. Ал технодор сол есептерге қол қояр алдында бәрін қадағалауы қажет. Үшінші – мектеп басшысы кінәлі. Ол күндіз-түні құрылыстың басында жүруі керек. Қазір директорлар: «Құрылыспен айналысқанымыз «мұғалім мәртебесі туралы» заңға қайшы» деп ақталады. Бірақ директор мен мұғалімді шатыстырмағанымыз абзал. Директорлың тікелей міндетіне мектептегі құрылыс жұмыстарын бақылау кіреді. Олар Құрылыс басқармасына хабарласып, жағдайды мәлімдеп отыруы керек. Құрылыс басқармасы мердігерге тапсырыс беруші ретінде жұмыстың уақытылы жүзеге асуын тексеруі керек, – дейді Гүлманат Байзақова.

Қыркүйектен кешіккен құрылыс жұмыстары көп жағдайда қыста аяқталады. Мердігерлер «тапсырсам болды» деп құтылуға асығады. Ал ата-аналар тарапынан бекітілген кестеден кешігіп, жөндеу жұмыстары қыс мезгілінде орындалған соң сапаға қатысты мәселелер де жиі туындайды. Сондықтан қоғам белсенділері мердігерлер жұмысына жауап бере алмаса, айыппұл төлеп қана құтылмай, келесі тендерге қатыспауы қажет деп санайды.

# АБАЙ ӨҢІРІНІҢ ТЫНЫСЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

**Жаңа атаумен қайта ашылғанына бір жылдан енді ғана асқан Абай облысының уақыт өткен сайын тынысы кеңейіп келеді. Мұнда жылдар бойы қордаланып қалған мәселелер шешімін табуда. Қысқа ғана уақытта ұлы тұлғалар шыққан өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне жан бітті деуге болады. Бұл Мемлекет басшысы қабылдаған былтырғы тарихи шешімнің өте орынды да батыл қадам болғанын көрсетеді.**

Нұрлан ҚОСАЙ

Осы кезең ішінде Абай облысы негізгі капиталға салынған инвестицияның өсу қарқыны бойынша көш бастап тұр. Облыс көлемінде өсім 54,3%-ды құрады. Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың өзі атап өткен болатын. «Осы жылдың қаңтар-шілде айындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық көрсеткішінен Қазақстан өңірлері арасында Абай облысы алдыңғы орында. 7 экономикалық көрсеткіштен өңірлер арасындағы жалпы жағдай келесідей: барлық көрсеткіштен оң өсім 6 өңірде – Абай, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында байқалды. Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсу қарқыны 12,4%-ды құрады. Инвестициялар ағыны көлік және қойма саласында – 57,7%-ға, білім беруде – 24,3%-ға, саудада – 22,6%-ға, ауыл шаруашылығында – 21,3%-ға, сондай-ақ өнеркәсіпте 9%-ға, тау-кен өнеркәсібінде 3,8%-ға өскен. Өңірлер арасында ең жоғары өсім Абай, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында тіркелді. Алдын ала қорытынды бойынша сыртқы сауда тауар айналымы 4,3%-ға өсіп, 67,2 млрд долларды құрады», – деді министр.

Оның айтуынша, тұрғын үйді пайдалануға беруде де ең жоғары көрсеткіштер Ұлытау және Абай облысында, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында тіркелген. Осы жылғы қаңтар-шілде айында 8,6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Абай облысында өңдеу өнеркәсібі саласында да өсім бар, оның ішінде машина жасау өндірісінде бұл көрсеткіш 28,7%-ға және электр жабдықтарын жасау өндірісінде 34,4%-ға артқан. Облыс агроөнеркәсіп кешеніндегі көрсеткіштерден де көш бастап тұр. Мұнда жалпы өнім көлемі 2,6%-ға артқан. Ұлттық жоба аясында жүзеге асып жатқан АӨК-ті дамыту жоспары еңбек өнімділігін екі жарым есеге арттыруды, агроөнімдер экспортын екі есеге ұлғайтуды және бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен құруды көздейді. Ұлттық жобадан күтілетін нәтиже – ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға еңбек өнімділігін 6,2 млн теңгеге дейін ұлғайту; өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін жеткізе отырып, агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспортын ұлғайту; ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын 2019 жылғы 115,4 мың теңгеден 2025 жылы 230,8 мың теңгеге дейін арттыру. Облыс экономикасының агроөнеркәсіптік секторын дамыту жөніндегі Абай облысының даму жоспарын іске асыру 20 көрсеткішті қамтиды. Қазір нысаналы индикаторларды іске асыру жоспарға сай жүріп жатыр.

«Агроөнеркәсіп кешені биылғы алты айда 22,2%-ға өсті. Осы кезең ішінде 670 млрд теңгеден астам өнім өндірілген. Сонымен қатар облысқа 230 млрд теңге шамасындағы инвестиция тартылды. Қазіргі көрсеткіш бойынша инвестиция тартудан облыстағы өсім 154,2%-ды құрап отыр. Бірінші жартыжылдықта облыс тұрғындары 130 мың шаршы метрден астам тұрғын үйге қоныстанды. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық жобасы шеңберінде 65 медициналық нысан салу жоспарланған. Аудандық ауруханаға медициналық техниканы сатып алуға 45,4 млн теңге қарастырылып отыр. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 511 млн теңгеге 4 мәдениет мекемесін қайта жаңартып, жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сондай-ақ аудандық мәдениет үйінің ғимаратын ағымдағы жөндеуге облыстық бюджеттен 55,7 млн теңге бөлінді», – дейді облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев.

Өңір басшылығы бүгінде маусымдық дайындық жұмыстарына баса назар аударып отырғанын айтады. Оның бірі жаңа оқу жылына дайындық болса, енді бірі – жылыту маусымына дайындық. Мәселен, облыста оқушы орнының тапшылығы мәселесі бар. Оны «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 700 орындық 11 мектеп салу және 2 100 орындық 6 мектепке қосымша құрылыс жүргізу арқылы шешу жоспарланған. Былтыр 1 700 орынға арналған 4 мектеп пайдалануға берілген. Аудандағы кейбір білім беру мекемелерін салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, модификацияланған кабинеттерді сатып алуға бағытталған шаралар облысты дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді жоспарына енгізілген.

Осы ретте Абай облысының білім беру ұйымдарында 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап бастауыш сынып оқушылары әлеуметтік жағдайына қарамастан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетінін атай кеткен жөн. Олардың жалпы саны – 40 мыңға жуық. Бұл мақсатта жергілікті бюджеттен 1,2 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінген. Қазір дайындық жұмыстары жүргізіліп, ас мәзірі бекітіліп жатыр. Мәзірде құрамында балалардың жасына, физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келетін тамақ өнімдері болуы тиіс. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларымен қатар балабақшадағы көпбалалы отбасынан шыққан 5 700 бала тегін тамақтанады.

Ал жылыту маусымына дайындық қатаң бақылауда. Осы мақсатта жалпы сомасы 8 098,2 млн теңгеге жылу желілері мен жылу көздерін жөндеу және қайта жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар 30 қыркүйекке дейін аяқталуы тиіс. Сондай-ақ жылыту маусымының басына қарай «Ғаббасов» және «Центр» қазандықтарын қайта жаңғыртуды аяқтау жоспарланып отыр. Қазір екі қазандықта да жұмыс 80% аяқталды. Жалпы, Абай облысын орталықтандырылған жылумен жабдықтауды қуаты 100 Гкал/сағаттан асатын 4 ірі жылу орталығы және қуаты 100 Гкал/сағаттан кем 40 жылу көздері жүзеге асырады. Олардан бөлек, облыс бойынша бюджеттік ұйымдарды жылумен жабдықтауды 273 дербес қазандық қамтамасыз етеді.

Ал аулаларды абаттандыру, қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру жұмыстарына келер болсақ, өңірдің өңі кіріп келеді деуге болады. Жыл соңына дейін Семей қаласының әкімдігі шаһарда 70 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, Курчатов қаласында «Казцинк» ЖШС меморандум аясында 12 ауланы абаттандыру жұмыстарын жүргізеді. Ал Ақсуат ауданында 20 аула мен қоғамдық орынды абаттандыру жоспарланған. Сондай-ақ Жарма ауданының әкімдігі 7 елді мекенде абаттандыру жұмыстарын бастады. Бородулиха ауданында 3 балалар алаңы мен 3 футбол алаңы орнатылады. Бесқарағай ауданында 2 қоғамдық кеңістік жөнделеді және жасанды жабынмен 2 футбол алаңы орнатылады. Көкпекті ауданында да 2 футбол алаңы мен саябақ құрылысы жұмыстары басталып кетті.

Облыс тынысын сөз еткенде тоқтала кететін тағы бір жайт – мұнда жыл басынан бері мемлекеттік қызметтердің 98,1%-ы электронды түрде көрсетілген. Абай облысының жергілікті атқарушы органдары бірінші жартыжылдықта 2,791 млн мемлекеттік қызмет көрсетті. Оның қашықтан көрсетілген қызмет саны – 2,739 млн. Ал ұсынылған қызметтің 0,01 пайызы, яғни 344-і қағаз түрінде ұсынылған. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚО) арқылы – 1856 (0,66%), ал «Электрондық үкімет» порталы арқылы – 1 318 442 қызмет (47,3%) берілген. Қызметтің бір бөлігі «Е-лицензиялау» порталы арқылы жүзеге асырылды. Оның жалпы саны 12 341 (0,44%) құрады. Электронды түрде көрсетілетін қызметтің ақпараттық жүйелері арқылы, оның ішінде қызмет алушымен тікелей байланыссыз – 917 054 (32,8%), тікелей байланыс арқылы 491 203 (17,6%) құжат ұсынылған. Былтырғы көрсеткішпен салыстырсақ, екінші жартыжылдықта 2,514 млн қызмет көрсетілсе, оның 96,8% электронды түрде жүзеге асырылған.

Ұлы Абай туған топырақтың бүгінгі тынысы қысқаша айтқанда осындай. Аз уақытта бірқатар көрсеткіште көш бастап шыққан облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті қуантады. Былтыр қабылданған саяси шешімнің серпіні өңір халқының әл-ауқатын көтерді. Абайша айтқанда, «Жол қуған қазынаға жолығады», жас облыс дамудың даңғыл жолына түсті.

**Әйгілі агроном Федор Моргун 1955 жылдың өзінде-ақ «Қазақ жері қатты эрозияға ұшыраған» деп дабыл қаққан екен. Ғалым Федор Моргун жер бетінің ылғал қабаты толыққанды талқандалу себебінен күн мен желдің әсерінен топырақ қабаты өзінің бастапқы қасиетінен айырылғанын айтып, «Көк пен жердің негізгі үйлесімі бұзылғандықтан, көктем мен жаз айларында жерге бір тамшы да жаңбыр тамбайтын болды» деп жазады.**



**Ақгүл КӘСІПХАНҚЫЗЫ, ғалым:**

# ТОПЫРАҚТАН НЕНІ АЛСАҚ, СОНЫ ҚАЙТАРУЫМЫЗ КЕРЕК

Сонау 1955 жылдың өзінде ғалымдар қазақ даласының топырақ қабатының қауіпті жағдайда қалғанын айтып, алдын алу шараларын жасау керек екені туралы пікірін білдіріпті. Бірақ «Тың игеру» деген сылтаумен талқандалған жер ана сол күйінде қала берді. Одан кейін 70 жылға жуық уақыт өтсе де, жағдайға түбегейлі қарап, мән берген ешкім болмады. Болмады емес болды, бірақ тек айтылып, жазылудан ары аспаған. Осылайша, 70 жылдан астам уақыт біз жер ананың бауырын жыртып тастап, оның бар әлеуетін пайдаланып келеміз. Бұрын шаншыған шыбық көктеп кете беретін даламыздың асыл топырағының бүгінгі халі қандай? Жалпы, келешекте топырақ қабатының құнарын сақтап қалу мүмкін бе? Біз бұл сауалымызды

Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Агроэкологиялық сынақ орталығының меңгерушісі, PhD докторы Топырақ талдау зертханасының меңгерушісі жас ғалым Ақгүл Кәсіпханқызына қойған едік.

**– Ақгүл, Федор Моргун өзінің «Тың туралы ойлары» кітабында қазақ даласының тыңайту деген сылтаумен түгелдей жыртылып тастауын «Бұл нәубат ядролық бомбадан ешқандай бір айырмашылығы жоқ болатын» деп суреттеген. Жалпы, эрозияға ұшыраған топырақ қалай қалпына келеді. Оған қанша уақыт қажет?**

> *Ғылыми пайым бойынша топырақ қабатының 1 см жамылғысы қайтадан қалпына келуі үшін кем дегенде 600 жылға жуық уақыт қажет. Әрине, мен табиғи жағдайда қалпына келуді айтып отырмын.*

– Егер біз Федор Моргунның жоғарыдағы сөзін қайталайтын болсақ, онда қателесеміз. Жоқ, олай емес. Ғалым Федор Моргун топырақтың катастрофиялық жағдайға түсіп кетпеуінің алдын алған. Әрине, топырақтың түзілу процесі өте күрделі. Оған өте көп фактор әсер етеді. Соның ішінде ғылымға белгілі және дәлелденген 5 фактор бар. Олар: аналық тау жынысы, өсімдік жамылғысы, уақыт, микроағзалар, антропогендік фактор. Соңғысын топыраққа тікелей адамның әсер етуі деп атаймыз. Міне, осы 5 бірдей фактор біріккенде топырақтың түзілу процесі жүреді.

Біз топырақ құрамында микроағзалар бар деп отырмыз ғой. Міне, осы топырақтың өн бойындағы микроағзаларды жойып жіберетін болсақ, онда топырақ қарашірінді қалпынан ажырап, құнары жоғалады. Топырақ ғылымында Гумус және қарашірінді деген екі ұғым бар. Кейбіреулер екеуін біріктіріп, қарашірінді деп атай салады. Бұл – қате түсінік. Гумус шынын айтқанда, толықтай әлі күнге дейін зерттеліп бітпеген күрделі құрам. Топырақта органикалық қалдықтардан кейін гумус түзіледі. Оның қалай және қандай жағдайда түзілетінін ешкім зерттеп, аша алған жоқ. Ол өте күрделі элемент деп айтар едім. Мен студенттерге де осыны жиі айтамын. Қарапайым ғана өзіміз білетін мысалды айтайыншы. Қарашірінді дегеніміз – топырақ құнарлылығының басты көрсеткіші. Топырақта неғұрлым қарашірінді көп болса, топырақ құрамында соғұрлым азот мол екенін білдіреді. Ал азот кез келген өсімдіктің дамуына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Сіздің маған қойып отырған сауалыңызға келер болсам. Тозығы жеткен жерлерді қанша уақытта қалпына келтіруге болатынын ешкім тап басып айта алмайды. Кез келген ғалым белгілі бір уақытта көрсетілген жердің топырағын бастапқы қалпына келтіремін деп уәде бермейді. Және айта да алмайды. Ол тек топырақтың құнарын белгілі бір деңгейге дейін жақсарта аламын деп айтуы мүмкін. Мысалы, ғылыми пайым бойынша топырақ қабатының 1 см жамылғысы қайтадан қалпына келуі үшін кем дегенде 600 жылға жуық уақыт қажет. Әрине, мен табиғи жағдайда қалпына келуді айтып отырмын.

**– Бұл табиғи жағдайда дейсіз. Ал құнарлы қабатты қалпына келтіруге ғалымдар қандай жағдайларда әсер ете алады?**

– Антропогендік фактор әсер негізінде деп айтуға болады. Ол дегеніміз – адам баласының араласуы арқылы топырақ қабатының жақсаруына тікелей әсердің болуы. Осылайша, қайта оңалуы ықтимал. Ықтимал деп отырғаным, құнарлы қалпынан айырылған топырақ қайтып бастапқы 100 пайыздық қалпына келуі мүмкін емес. Ең дұрысы, сол құнарлы қабатты адам әсері арқылы бір қалыпта ұстап тұру немесе жақсарту мүмкіндігі бар. Біз топырақтан алғанды топыраққа қайтаруымыз керек. Былайша айтқанда, қайтару заңдылығын жүзеге асырып отыруымыз қажет. Мысалы, біз егіс алқаптарына астық тұқымдарын егіп, оны күзде орып алған сайын топырақ өзінің микроқұрамынан ажырай беретіні шындық. Ұзақ уақыт бойы топырақты өңдемесек, қалпына келтіруге әрекет жасамасақ, түрлі элементті енгізбесек, жағдай күрделене береді. Жер ауыратын халге түседі. Ал ауырған жерден өнім алу мүмкін емес. Қарапайым түрде түсіндірсек осылай.

**– Ғалымдар алдымыздағы 2050 жылға қарай жер бетіндегі топырақтың пайдалы құрамы 2 есеге дейін азаяды деген пікір айтуда. Осылайша, жыл сайын әлемде 24 миллиард тонна құнарлы топырақ пайдасыз әрі жарамсыз өлі күйге айналады екен. Себебі неде?**

– Жер бетіндегі пайдалы әрі құнарлы топырақтың тозуына көп фактор әсер етеді. Оның ішінде егіншілік саласында топырақты дұрыс өңдемеу және пайдаланбау да бар. Осы жағдайдан жер әлемі болашақта сіз айтып отырған күйге түсуі ықтимал. Бірақ бұл дәлелді дүние емес. Дегенмен де жер бетінде шамамен 250 мың гектер алқап жыл сайын қолданыстан шығып отыратыны шындық. Мұның ішінде жол құрылысы, қалалар мен өзге де адамзат үшін маңызды инфрақұрылымның дамуы, табиғи апаттардың салдарына байланысты деп айтсақ дұрыс болады.

**– Сіз бүгінде еліміз бойынша ең жаңа үлгіде жасақталған топырақ талдау және Агроэкологиялық сынақ орталығының меңгерушісісіз. Топырақ анализін жасатқысы келетін шаруашылықтар ең алдымен жұмысты неден бастауы керек?**

– Ең алдымен кез келген шаруашылық өз алқаптарынан сапалы әрі мол өнім алғысы келсе, топыраққа агрохимиялық талдау жасатқаны абзал. Жұмыс осыдан басталуы керек. Топырақ – өте күрделі тірі организм. Мұны жоғарыда айттық. Біз осыны түсінуіміз қажет. Егер адам ауырып қалатын болса, ол кісіден сапалы қызмет талап ете алмаймыз ғой. Топырақ та дәл солай. Топырақ ауырып қалатын болса, біз онда қалай мол әрі сапалы өнім жинамақпыз? Демек, алқапты міндетті түрде талдауға өткізіп жағдайын анықтау керек. Өйтпесек, біз алқаптарымызды жоғарыда айтқандай мүлде жарамсыз жағдайға жеткіземіз.

Осы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіндегі аталмыш топырақ талдау зертханасының топыраққа отыздан астам түрлі жағдайға байланысты талдау жасауға қауқары толық жетеді. Бірақ біз қазір еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы бекіткен ережесіне сай топырақтың 6 түрлі көрсеткіші бойынша толық талдау жасаймыз. Бұл топырақтағы ең маңызды көрсеткіштері болып саналады.

Олардың қатарына:Нитратты азот, Жылжымалы фосфор, Алмаспалы калли, PH, Қарашірінді (гумус), Жылжымалы күкірт бар. Міне, осы көрсеткіштер бойынша талдаулар жасалып, топырақтың құрамын анықтаймыз. Осылайша, тапсырыс жасаған шаруа қожалығының барлық алқабы бойынша анықтамалар беріліп, тиісті шаралар жасауға кеңесімізді ұсынамыз.

**– Білуімізше, сіздер белгіленген шаруа қожалығының алқаптарына барып топырақ үлгілерін алып келесіздер ғой. Әлде мұны басқа бір қызмет көрсету ұйымы орындай ма?**

– Жоқ. Біз тапсырысты қабылдағаннан кейін арнайы жұмыс тобы құрылады. Жұмыс тобындағы барлық адам агрономия саласының мамандары болуы міндетті. Себебі түрлі жағдай кездесетін болса, маманмен жұмыс істеу әлдеқайда жеңілірек. Бір ғана топырақ талдауын жасау үшін арнайы мамандандырылған үш топ жұмысқа кіріседі. Бірінші –танапқа шығатын топ. Олар көрсетілген алқаптардан топырақ үлгілерін жинайды. Одан кейін аналитикалық камералды жұмыспен айналысушы топ. Олар мына біздер. Яғни, зертханада жұмыс істеуші топ. Үшінші – біз анықтаған талдаулар бойынша сандық электронды картограмма жасайтын арнайы топ. Міне, осылайша бір ғана келісімшарт негізінде үш үлкен жұмыс тобы қажет болып отыр. Алынған көрсеткіштерге байланысты алқаптардың жағдайы бойынша тыңайтқыштар енгізу, қандай шаралар қолдану керектігі, тіпті қандай дақыл түрін отырғызу керек екені сынды негіздемелерімен нақты ұсыныстар жасаймыз.

**– Қазір ауылшаруашылық саласында дәл егіншілік деген ұғым бар. Топырақтану ғылымының осындай белгіленген шарттары немесе ережелері бар ма? Топырақ үлгілерін қандай тәсілмен жинап әкелесіздер?**

– Иә, топырақ талдау жұмысының өзі сіз айтып отырған дәл егіншілік жүйесінің бір тармағы. Біздегі Ауыл шаруашылығы министрлігінің заңдылықтары бойынша суарылмайтын егістік алқапта әр 75 гектардан аралас топырақ үлгісі алынуы керек. Ал суарылатын егіншілікте ол көрсеткіш әр 10 гектардан алынып отырады. Бұл дегеніміз – өте үлкен жер аумағы. Ол жерде дәл егіншіліктен көрі болжамға кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан біз зертхананың мүмкіндігін ескере отырып, 25 гектарға дейін қысқартуды сұрап отырмыз. Осылайша, қазір сол 25 гектар алқап көлемінің әр жерінен көрсеткіштер негізінде 15-20 тіпті одан да көп сеткалық нүктелерден топырақ қабаттарының үлгілерін аламыз. Содан соң оны зертханаға әкеліп ортақ анализін шығарамыз. Міне, осы анықтамалар бойынша шаруашылыққа немесе агрономға кеңестер беріліп, зертханалық жағдайда көрсетілген негіздемелер бойынша жұмыс істеу ұсынылады. Егер біз айтқан ұсыныстарды жер пайдаланушылар мүлтіксіз орындаса және топырақты мейлінше қажетті минералдармен байытса, әрине ол шаруашылықтың өнімі де өнімінің сапасы да арта берері сөзсіз. Екіншіден, мұндай шарттарды орындап отырған жер пайдаланушының алқаптары жоғарыда айтқан эрозиялық апатты жағдайға түспейтіні анық. Сондықтан қайталап айтамын, біз топырақтан нені алсақ, топыраққа соны қайтаруымыз керек. Міне, осы бір қағиданы берік ұстап, тіпті заң ретінде қабылдасақ, астық жинауда Канададан асып түспесек, кем болмасымыз анық.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Бердібек ҚАБАЙ**

# «ҚАМҚОРЛЫҚТА» САН ҚИЛЫ ТАҒДЫР БАР

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

**Қазіргі қоғамда отбасында түрлі зорлық-зомбылық көріп, балаларын бауырына қысып, үйінен безуге мәжбүр болған жандар аз емес. Әсіресе тағдырдың теперішіне ұшырап, көше кезгендер қатарында әйелдердің үлесі басым. Көп жағдайда өмірдің сан-соқпақ жолын көріп, зорлыққа тап болудың негізгі себебі – отбасылық әлеуметтік жағдайдың төмендеуінен, күйеуінің жаман әдетке бой алдыруынан, ене мен келіннің келіспеушілігінен туындайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.**

Қызылорда қаласындағы «Қамқорлық» дағдарыс орталығы тағдырдан таяқ жеген осындай шарасыз жандарға көмек көрсетеді. Орталыққа бара қалсаңыз жанарына мұң-қасірет ұялаған, жақынынан жылулық таппай далада қалған бұрымдыларды көріп, жаның күйзеледі. Барар жері, басар тауы болмаған соң жат жерден жайлылық іздеген адамдардың сан қилы тағдыры естіген жанды еріксіз тебірентеді.

Жалпы мұқтаж жандарға шарапатын тигізіп келе жатқан бұл дағдарыс орны 2017 жылы ашылып, жұмысын бастапты. Орталық Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде қолға алынған. Оның ашылуына «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының үлесі зор.

Қорғансызға пана болған дағдарыс орнынан тағдыр теперішіне ұшыраған талай жан жылулық тауып, өмірінің жаңа қырынан қайта қалыптасуына мүмкіндік алып келеді. Бұл орталыққа облыс аумағынан өзге, көршілес Өзбекстан мемлекетінен де көмек сұрап келетіндер қарасы аз емес.

– Жалпы орталықтың қызметін үйлестіріп келе жатқанымызға биыл 6 жыл болады. Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысады. Бұл дағдарыс орны 40 орынға негізделген. Тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін біздің мекемеге кез келген уақытта зорлық көрген жандар келе алады. Әрдайым біздің мамандар жапа шеккен жандарға көмек көрсетуге дайын. Негізінен, бізге келетін әйел адамдардың көпшілігі 5 жыл көлемінде тұрмыс құрған жандар. Әрқайсысының екі-үш баласы бар. Сондай-ақ екінші санатты 6-10 жыл аралығында отбасын құрған нәзікжандыларымыз құрайды. Үшінші санат бойынша 15-20 жыл көлемінде отбасылық өмірдің ыстығы мен суығын көрген аналарымыз жиі келеді. Көп жағдайда жәбірленушілер күш көрсету және психологиялық қысым бойынша шағымданады. Бұған қоса, еркінен тыс жыныстық қатынаска итермелеу бойынша зәбір көргендер де кездеседі, – дейді дағдарыс орталығының директоры Жандос Түсмағанбетов.

Жәбірленуші орталыққа өз өтініші бойынша келіп, әлеуметтік көмек ала алады. Сондай-ақ зорлық-зомбылық құрбаны полицияға шағымдану арқылы өміріне қауіп төніп тұрғаны дәлелденсе, заң органының арнайы шешімі негізінде қабылданады. Орталық директорының айтуынша, екі тарап бір мәмілеге келсе, қайта татуластыруға мүмкіндік беріледі. Егер де шыныменен жәбірленушінің өміріне зор қауіп төніп тұрса, полиция тарапынан тиісті шаралар жүргізіледі. Алайда көп жағдайда отбасының ойрандалмай, тұтастығын сақтау бағытында жұмыстар жүргізілетінін алға тартты.

– Орталық көмегіне кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер мен қариялар да жүгініп жатады. Бұған дейін баласынан зәбір көрген 80 жастағы кейуанаға дағдарыс орнының мамандары әлеуметтік және психологиялық кеңес берді. Қазір тағы бір 75 жастағы кейуана орталыққа жеткізіліп, тиісті көмек алуда. Алғашында әже өзінің қызынан қысым көргенім айтып, шағымданып келді. Айтуынша, қызы үйін кепілге қою арқылы несие рәсімдепті. Даудың негізгі себебі осыдан бастау алады. Уақыт өте келе қызы қарт анасына қысым жасап, түрлі қитұрқылыққа жол берген. Отбасында күнде ұрыс-жанжал болып, қария психологиялық күйзеліске тап болыпты. Нәтижесінде, денсаулығы сыр беріп, біздің орталыққа жеткізілді. Өйткені оны қарттар үйіне орналастыруға заң тұрғысынан мүмкін болмады. Жәбір көрген кейуанамен тиісті мамандар жұмыс жүргізді. Бүгінде қызы да қателігін түсініп, татуластыру шаралары қолға алынды. Дәл қазір әжеміз отбасы мүшелерімен байланыс орнату мақсатында үйіне уақытша жіберілді. Алдағы уақытта өз отбасына оралады деген үмітіміз зор, – деп ойын сабақтады орталық директоры.

Орталық басшысы көп жағдайда жаңадан отау құрған отбасыларда бір-бірін түсінбеушілік, зорлық-зомбылық сипатындағы жағдайлар өршіп тұрғанын мәлімдеді. Осы күнге дейін сондай 200-ге жуық адам дағдарыс орнының көмегіне жүгінген. Нақты айтқанда, 63 отбасы, 135 балаға көмек көрсетілген.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Оның ішінде тағдыр тауқыметін тартқан нәзікжандылардың 92 пайызы орталықтың көмегімен өз отбасына қайта оралыпты.

Орталықты паналаушылар 6 ай бойына 8 түрлі мемлекеттік әлеуметтік көмек алады. Соның ішінде үш уақыт ыстық тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыда соққыға жығылып, түрлі жарақатпен келетіндерге алғашқы жедел жәрдем көмегі көрсетіледі. Бұған қоса, төсек-жабдықпен, жуынатын орынмен, психологиялық кеңеспен қамтамасыз етіледі. Егер де белгіленген мерзімде мәселесі шешілмесе, құзырлы орындар арқылы қосымша тағы 6 ай жатуға мүмкіндік қарастырылады. Бір сөзбен айтқанда, орталықты паналағандарға үй жағдайында тұрмыс кешуге барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ әрбір жәбірленушінің жеке басына қатысты ақпарат құпия сақталады.

Осы орталықты паналаушы жанның бірі аты-жөнін құпия сақтауды өтінген келіншек алдамшы сезімнің құрбаны болғанын алға тартады. Өзінің жастықтың желігімен ойнап жүріп от басқанын кеш түсініпті. Сүйдім-күйдім деген жігіті аяғы ауыр екенін білген тұста өз жөнімен кеткен. Амалы таусылған қыз осы орталықты паналауға мәжбүр болыпты.

Тағдырдың ауыр соққысын алған ол бұл жерді паналағанына 6 айға жуықтағанын айтады. Орталыққа алғаш келгенінде жаңа туған шақалағы да бүгінде алты айды толтырып, өсіп келеді. Осы уақыт аралығында түрлі медициналық, психологиялық көмек алған жас ана өз болашағын жарқын елестетеді. Алға қойған жоспары ауқымды, мақсаты айқын. Ендігі кезекте баласының болашағы үшін жаңа өмір бастауға бекініп отыр.

Ал зорлық-зомбылықтың құрбаны болған тағы бір келіншек орталыққа жуырда ғана түсіпті. Өзінің айтуынша, танысы пәтерге күштеп кіргізуге бекініп, жаман ойын іске асыруға әрекет жасайды. Келіншек пәтерге кіруге келіспей, қарсылық танытады. Ақыр соңында мұны соққыға жығып, осы орталыққа келуге мәжбүр болады.

– Бойымда әлі күнге дейін қорқыныш сезімі бар. Түнімен шошынып, ұйықтай алмаймын. Орталық мамандары тиісті жұмыстарын жасап жатыр. Медициналық көмек те көрсетілді. Қазір алғаш келген күнге қарағанда әлдеқайда жақсарып келемін. Дағдарыс орталығының жұмысына шексіз ризамын. Қатарлас қыздарға, құрбы-құрдастарыма алдамшы сезімнің жетегіне еріп, жапа шегіп қалмауға кеңес беремін, – дейді жәбірленуші.

Дағдарыс орталығынан осы секілді сан қилы тағдыр иелерін кезіктіресіз. Олардың әрбірі біліп те, білмей де жасаған қателіктері үшін өкінетінін алға тартады. Ең бастысы, орталықтың көмегіне жүгінген әрбір жанның бойынан өткен күндерден сабақ алып, жаңа өмір бастауға деген құлшынысы байқалады.

*Қызылорда облысы*

> *Орталықты паналаушылар 6 ай бойына 8 түрлі мемлекеттік әлеуметтік көмек алады. Соның ішінде үш уақыт ыстық тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыда соққыға жығылып, түрлі жарақатпен келетіндерге алғашқы жедел жәрдем көмегі көрсетіледі.*

# Қыз АЛЫП ҚАШУ – ҚЫЛМЫС

**Елімізде енді қыз алып қашқаны үшін жауапкершілік күшейтіледі. Адам құқығы жөніндегі уәкілдің қолдауымен Қылмыстық кодекске «Неке қию мақсатында адамды ұрлау» деген 125-1-бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды.**

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

### ҚЫЗДАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ КЕРЕК

Кейіпкеріміз Айзаданы 9 қазан күні сөйлесіп жүрген жігіт алып қашып кеткен. Үлкен кісілердің қарғысына ұшырап қаламын ба деп қорыққан бойжеткен сол үйде қалып қоюға мәжбүр болған. Осылайша, өзі сүймейтін жігітпен отау құрып жатқандарына 9 айдан асқан.

– Ол жігіт менің жай сөйлесіп жүрген адамым болатын. Алып қашатынын білген жоқпын. Үйге әкелген кезде әжелер жан-жағымнан қаумалап, «қайтып кетсең, мынанша адамның қарғысына қаласың» дегенде маған қатты әсер етті. Өз басым қарғыстан қатты қорқамын. Қазір өзім сүймейтін жанмен бір шаңырақта болғаныма 9 ай болды. Әлі күнге дейін күйеуіме деген сезімім жоқ. Оны әлі толықтай теңім деп қабылдаған жоқпын. Оны ғана емес, ол кісінің отбасын да қабылдамадым. Негізі, күйеуім де, ата-енем де – жақсы адамдар. Сол себептен ол кісі маған қандай да бір жақсылық істесе, қайтаруға барынша тырысамын. Уақыт өте келе бәрі жақсы болатын шығар деген алдамшы үмітпен жүрмін... – дейді кейіпкеріміз Айзада.

Алып қашу кезінде қыздардың осылай «ұят болады», «қарғыс алып қаламын», «ата-анамнан ұят болады» деген секілді жұрт сөзіне бола көніп қалуы – біздің қоғамға сіңіскен жағдай.

– Халқымызда «қайтып келген, қыз жаман» деген ұғым бар. Нәзік жандылар көбіне ата-анамды жерге қаратпайын, туысқандарымнан ұят сынды сөздерді негізге ала отырып көніп жатады. Дей тұрғанмен, екі жақтың келісімінсіз қызды алып қашар болса, қыз қалмаймын десе, әрине жергілікті органдарға арызшағым түсіре алады. Қазір «алып қашу» бойынша нақты заң бекітілмегендіктен, кейін егер арызданатын болса, онда айтып өткенімдей, ҚР ҚК 125-бабы «Адам ұрлау» фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалады. Бізде негізі заңға аса мән бермейді. Дегенмен құқықтық сауаттылық болса, онда қызды еркінен тыс алып қашқан болса, міндетті түрде арыз жазып, жауапқа тарта алады, – дейді заңгер Эльнура Кішкенебаева.

### АЛЫП ҚАШУДЫҢ АРНАЙЫ СТАТИСТИКАСЫ ЖОҚ

Жыл сайын алып қашудың құрбандары азаймағанымен, оларға қатысты істерді жүргізетін арнайы бап жоқ. Алып қашу істерін жеке қарастыратын заң да, статистика да болмағандықтан, деректерді дөп басып айту қиын. Яғни, алып қашу заңда адам ұрлау фактісімен жалпылама есептелінеді. Адам ұрлаумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды талдау 2019 жылдан қазірге дейін осы санатта 214 қылмыс тіркелгенін көрсетті. Заң бойынша егер әйелді некеге тұру мақсатында оның келісімінсіз ұрлап кеткен жағдайда ұрлап әкеткен адам және ұрлауға қатысушылар ҚР ҚК-нің 125-бабы «Адам ұрлау» бойынша жауапқа тартылады. Осы қылмысты жасағаны үшін ҚР ҚК 125-бабына сәйкес 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Әрі осы әрекетті жасағаны үшін адамдар тобы абайсызда жәбірленушінің қайтыс болуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан жағдайларда 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

– Көп жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің болмауына байланысты тоқтатылады, өйткені анықтау кезінде белгілі болғандай, өз еркімен қалады немесе ерікті түрде босатылады. Сонымен қатар осы қылмыстардың алдын алу үшін бірлесіп, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен дәйекті жұмыс жүргізілуде. Келіп түскен әрбір өтініш бойынша, қалыңдықты ұрлау фактілері бойынша жедел-іздестіру іс-шараларының, тергеу іс-қимылдарының толық кешені жүргізіледі және екі тараптың дәлелдерін ескере отырып, жан-жақты тергеу қамтамасыз етіледі, – делінген ҚР ІІМ баспасөз қызметі ұсынған ақпаратта.

### ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Елордада «Жаңа адамдар» жастар қозғалысы Қылмыстық кодекске қыз алып қашуға қатысты бөлек бап бекітілуін талап етіп, акция ұйымдастырды. Қозғалыстың белсендісі Ғазиза Ұлықманова қалыңдық көйлегін киіп, той үлгісінде безендірілген тормен Астананы аралап шықты. «Алып қашу» торы министрліктер үйінің алдына тоқтап, қозғалыс белсендісі депутаттарға түзетулердің енгізілуін талап еткен плакаттармен үндеу тастады. Заңның енгізілуін қолдай отыра, зорлықпен алып қашу үшін жауапкершіліктің қаталдануын талап етті. «Жаңа адамдар» жастар қозғалысы осы акцияны ұйымдастыра отыра, Үкімет әйелдер мен олардың қоғамдағы рөлі мәселесіне назар аударуы қажет деп санайды.

– Қыз алып қашу, күштеп күйеуге беру – дәстүр емес, қылмыс. Ұрлаушылар жауапкершіліктен жалтарып, лас жұмыстарын аяқтауға бірде-бір мүмкіндігі болмауы керек. Әрбір адамның өмірі қымбат және біз осы зұлымдықты тоқтату үшін дереу әрекет етілуін талап етеміз. Біз әйелдерді қорлап қана қоймай, кейде зорлық-зомбылыққа, тіпті өлімге әкелетін «әдет-ғұрыпқа» қарсымыз», – дейді қоғам белсендісі Ғазиза Ұлықманова.

> *Адам ұрлаумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды талдау 2019 жылдан қазірге дейін осы санаттағы 214 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелгенін көрсетті.*

# АСАУ ЖҮРЕКТІ АҚЫННЫҢ БЕРНИЯЗ

**«Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (Aiqyn, №44 , 20 сәуір 2023 ж.) аталатын Мөлдір Төлепбайдың мақаласын оқыған соң Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақын тағдыры, әдеби мұрасы жайында ойға беріл-дім. Ойыма жарты ғұмырын Сұлтанмахмұттың тағдыры үшін жанпида күреске арнаған профессор Бейсембай Кенжебайұлы оралды. Сұлтанмахмұт үшін күрес – Алашорда үшін күрес еді ғой, бәтір-ау. Сұлтанмахмұт «Алаш ұранын» жазды. Алаш ұранын жазғаны өзіне сор болды. Алашорданың өзге аймүйіздері тірідей қудаланып, бірде кешіріліп, бірде қайыра қудаланып, ақыры сотталып, атылып кетуіне себепкер болса, Сұлтанмахмұттың өлідей сәт сайын «сана сотына» түсіп, сан рет большевиктік айыпталуына себепкер сол «Алаш ұраны»! «Алаш ұраны» мен Алаш рухты шығармалары!».**

Әкедей әзіз Бейсекең, профессор Бейсембай Кенжебайұлымен арадағы әңгіме тағы да осы бағытта өрбіген еді.

– Ақынның тұңғыш жыр жинағы 1922 жылы Қазанда басылды, – деп бастады әңгімесін әзіз жан сырқаулы денесін тіктеп, – Әдетте қазақтың ХХ ғасыр басындағы бірсыпыра кітабы қазақ тілінде Қазанда жарық көрген. Қазанда жарық көрген кітаптың бірі – Сұлтанмахмұт кітабы. Ғалымның қолында Қазанда басылған ақын жыр жинағының фотокөшірмесі. Мен таңырқап, профессор қолындағы көшірме кітап суретіне қарап қоямын. Олай болатын себебі Бейсекең қолында негізінен ХХ ғасыр басына дейін, ХХ ғасыр басында жарық көрген кітаптардың көшірмесі емес, өзі болатын. Бұл жолы көшірмесі...

– Бернияз Қазанда қайдан жүр? – деп қалдым.

– Бернияз Қазақстан мемлекетінің кітап бастыру ісі жөніндегі уәкілі болып тұрған ғой.

– Қазанда кітап басу ісі ертеден өркендеді деп талай мәрте айттыңыз.

Талай кітабын архивіңізден алып көрсеттіңіз. Бірсыпыра кітапты кітап тарихын зерттеуші Әбіш Жиреншинге бес-алты қағаз қап етіп бергеніңізді де айттыңыз. Мақсат «Қазақ кітаптары тарихының» екінші кітабын бірге жазу болғанын да талай рет өз аузыңыздан естідім. Сіз берген кітаптар негізінде кейін «Қазақтың кітап тарихы музейі» ұйымдастырылғаны да мәлім. Ал Бернияз құрастырған С.Торайғырұлының мына кітабының түпнұсқада болмай, фотокөшірме болып жетіп отырғаны несі Сізге?

– Қарағым, бізде кітаптың өзі де болды, фотокөшірме етіп те сақтадық кітапты. Біздің кітапханамыз, архивіміз талай рет тәркіге түскен, талай рет КГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қ.Е.) тінткілеуінен өткен. Мен өзімді ертеден Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселесіне арнап кіріскен адаммын. Менде ақынның 1922 жылғы жинағы да, 1933 жылғы жинағы да болған. Амал қанша, қиын-қыстау күндері айырылып қалдық. Өзімде ұстау қауіпті күшейткен кездері кітаптарды көңілжетер дос-жар азаматтарға беріп, солардың қолында ұстаған кездерім де бар, қарағым. Кейін талапты, сенімді студент, тақырып алған аспиранттарыма да тақырыбына орай, сирек кездесер кітаптарды тақырыпқа қоса беріп, дипломдық, диссертациялық жұмысына пайдалануға және ұқыпты сақтауға деп берер едім. Жә, ол басқа әңгіме.

Досы Мұхтар Әуезовше, «жә-жәлей» бастаған соң әңгіме ауаны қайтадан Бернияз ақынға қарай ойысатынын біліп, тағы да бір сұрақты елшілікке жөнелттім.

– Қазақ кітаптарының Орынборда басылмай, Қазанда басылуы, Ленинградта (Санкт Петербург. Қ.Е.) басылмай, Қазанда басылуы қайран қалдырады, Бейсеке?

– Орынбор – әуелден қазақ, татар, башқұрттың ортақ астанасы ретінде танылған шаһар. Ол үшін Рычковты оқу керек. Орынбор 1920 жылдан Қазақ автономиясының астанасы. Бірақ қазақ тілінде баспа орны жоқ ол кезде. Ал Ленинградта Мемлекеттік университетті Бекетов басқарған кезде ашылған «Түркістан институты» жабылып қалған. «Түркістан институты» жанындағы баяғы Бораганский баспасы да жабылған бұл кезде. Кітап басу ісі Қазанда ғана қалған уақыт. Кейін ғой, СССР-де кітап басу ісі Москваға қарап, оның басына Нәзір (Төреқұлов. Н.) ағайдың келетіні. Біз Нәзір ағай ұйымдастырған «Күншығыс халықтарының кіндік баспасынан» да кітап шығарғанбыз кезінде, жиырманшы (жиырмасыншы. Қ.Е.) жылдары... Ол өз алдына дербес әңгіме.

Ішіне сыр бүккен бір жұмбақты бір жұмбаққа қосып әңгіме айтып отыр әкедей әзіз Бейсекең.

– Ол шығармаларды Бернияз қайдан, қалай жинақтады деп ойлайсыз, аға?

– Бернияз Сұлтанмахмұттың ол шығармаларын арнайы жинақтамаған тәрізді. Кездейсоқ қолына түскендерін жариялаумен шектелген деп білемін.

– Қалайша?

Қолыма қағаз, қалам алып тұқшыңдап жазып отырған Мен жүзімді тіктеп Бейсекеңе шаншыла қарасам керек.

– Неге десеңіз, Бернияз жинаққа жазған алғысөзінде былай дейді:

«Мезгілсіз дүние салған жас ақыныңыз С.Торайғыровтың өлеңдерінен менің қолыма түскені осы үш поэма. Басқаларын, қара сөздерін, өлеңдеріне сын һәм тәржіме халін түсіре алмадым... Сұлтанмахмұт өлеңдерінен менің қолымда бары осы. Басқаларын табуға амалым болмады. Түрлі кісінің қолындағы, түрлі газет-журналдағы өлеңдері жоғалып кетпей тұрып, тезірек жиналып, ақынның өлеңдері һәм басқалары тезірек бірге басылып шықсын деді...»

О, құдірет Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжан өлеңдерін жатқа айтатын Бейсекең Бернияз ақынның әңгіме арқауына айналып отырған асау жүректі ақынның жыр жинағына жазған алғысөзін жанынан суырып салып айтқанын қайтерсіз?! Кейін салыстырдым. Тұп-тура, сөзбе-сөз! Міне, бұрынғылардың жады дегеніңіз!

– Сонда ақынның үш поэмасын жариялаумен шектелген ғой. Ол қай поэмалары ақынның?

– «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)». Міне, Бернияз Сұлтанмахмұттың қолына түскен осы үш поэмасын Қазанда «Адасқан өмір» – деген атпен 1922 жылы кітап етіп бастырған.

– Әлгі Сіз атап айтып отырған үш поэманы кімнен, қалай алғаны да белгісіз бе? Ол жайында Бернияз ләм деп ештеңе айтпай ма? Сіздің өзіңіздің долбар пайымыңыз қалай?

– Ол жайында тіс жарып, ештеңе айтпайды, сыр ашып ештеңе деп жазбайды кітапта.

– Сұлтанмахмұт өзінің тұңғыш жыр жинағын, яки кітабын көрген бе, сонда?

– Жоқ. Көрмеген...

– Атақты блоктанушы, орыс әдебиеттануында өзіндік айрықша орны болған В.Орловта Александр Блокта жоқ Блоктың поэзия кітабы болған деседі. Александр Блоктың жанашырлары ақынның сыртынан кітабын шығарған. Бірақ ақынның өзі білмейді. Білмей өтіпті Блок кітабының шыққанын. Блоктың биографы В.Орлов ХХ ғасыр басында аздаған тиражбен жарық көрген ақын жинағын тауып, кітапханасында ұстапты. Не деген ұқыптылық!? Сол секілді Сұлтанмахмұт кітабының жарыққа шыққанын білмейтін болып отыр ғой, сонда?

*– Александр Блок –*
*Мәңгі жас жүрек*
*Үмітін бір үзбеген.*

*Батып алтын ойға,*
*Талмай қарап Айға,*
*«Әдемі әйел» іздеген.*
*Көрінер деп күнде,*
*Табылар деп түнде,*
*Шарқ ұрудан талмаған.*

*Александр Блок –*
*Мәңгі жас жүрек,*
*Қай жерге ол бармаған?!*
*«Әдемі әйел» – идеал,*
*«Әдемі әйел» – бір қиял,*
*Блоктың басын байлаған.*
*«Әдемі әйел» – бір гүл,*
*Блок – бір бұлбұл,*
*Блок – бұлбұл сайраған.*
*Сайраған Блок,*
*Ойнаған жүрек –*
*Кейде үміт, кейде зар.*
*Өтеді өмір,*
*Бітеді жыр,*
*«Әйелден» бірақ жоқ ошар.*

*Күндерде бір күн,*
*Түндерде бір түн*
*Улы балды бітті жыр.*
*Төсекте Блок*
*Көз ашып көред,–*
*Алдында бір кемпір тұр.*

*«Әдемі әйел» – идеал,*
*«Әдемі әйел» – бір қиял,*
*Идеал, қиял – бір сағым.*
*Жанады жүрек,*
*Жылады Блок,*
*Көріп сөнген шырағын.*

*«Әйел» – идеал,*
*Кемпір – ажал*
*Тұр Блокқа үңіліп.*
*Сөнді енді өмір,*
*Бітті енді жыр,*
*«Әйел» қалды жыр болып.*

... Қарт ғалым термелеп кетті. Термелеп емес-ау, өлең оқығанда «айкезбеленіп» кеткендей болды. Жасында оқыған, оқығанда жатталып қалған Мағжан ұстазының махаббат жырын балбырап, беріліп оқып жөнелді. Тіпті, алдындағы мені де көріп отырмағандай қиял теңізіне сүңгіп кетті....

Әлден уақытта қиял әлемінен қайтып, бүгінгі ащы өмірге оралды.

Аузы кермек тати отырып тағы бір әңгіме сабақтады. Оған себеп тағы да менің сұрағым:

– Мағжан айтып отырған «әдемі әйел» Любовь Дмитриевна ғой? Менделеевтің қызы?

– Блок неміс қой. Оның анасы Бекетова. Нағашысы Бекетов – түрік жұртынан. Татар ма екен, башқұрт па екен, арғы тегі? Өзі, әрине, орыс зиялысы. Санкт Петербург университетінің ректоры. Ол ректор болып тұрғанда шығыс халықтарымен байланыс орнатқысы келді ме, тегіне тартқаны ма, әйтеуір университет іргесінен әлгінде айтқан «Түркістан институтын» ашқан. Шығысты зерттейтін институт. Өзінің баспасы болған. Институт Ғылыми кеңесі арқылы кітаптар бастырып отырған. Менде Бартольдтың бір кітабы бар. Сол «Түркістан институтында» басылған. Мен ол кітапты тамаша археолог Бернштамнан алған едім. Баспа ісін Бораған есімді татар басқарған. Бораганский ғой баяғы. Бүгінде «Түркістан институты» да, оның баспасы да жоқ. Большевиктер түріктік көп нәрсені, небір асыл істі жойып жіберді, жоқ етті ғой...

Бекетовтің үш қызы болған. Бірі – неміс, бірі – француз, бірі – ағылшын тілінен шығарма аударған білімді, талантты шығарма жаратушылық адамдары. Александр Блоктың анасы – сол қыздардың бірі. Аудармашы – жазушы.

Александр Блок атасы мен анасы айырылысып кетуіне байланысты, нағашы атасы Бекетовтің үйінде тәрбиеленген. Ұлты неміс. Бекетов үйі – орыс зиялысының үйі. Оның үйінде кәдімгі театр болған. Үй театры. Блок сол үй сахнасында бала жастан Шекспир шығармалары бойынша қойылған спектакльдерде ойнап өскен бала. Өзі де жастай драматургия жазған. Мағжан ағай айтып отырған «Әдемі әйел» – жары Любовь Дмитриевна Менделеевага арналған тұтас жыр кітабы. Ол қыздың әкесі – атақты химик Д.Менделеев. Менің бір

жерден оқығанымa сенсек, арғы тегі Сібір татарлары, Меңдәлі байдың қызы...Арғы тегі Алтын Орданың Тоқтамыс ханымен бірге жорықтас болып, ақырында Сібір татарлары арасына бірге келіп қалып қойған, азуы алты қарыс бидің бірі болуы мүмкін...

Блок Белыймен дос болған. Блоктың жары – Любовь Дмитриевнаға Андрей Белыйдың ышқы (ғашық болады деген мағынады. Қ.Е.) кетеді. Ақыры екеуі көңіл қосады. Итырғылжың. Отбасының шыныдай шытынауына әкеледі. Блок та сүйеді. Белый да сүйеді «әдемі әйелді»... «Әдемі әйелге» де оңайға түспейді бұл жағдай. Мағжан ағайдың айтып отырғаны тұрмыста бақытсыз, МУЗАДА – бақытты сол «Әдемі әйел»...

Бұл трагедия Александр Блокқа жайсыз әсер еткен. Ақын жүйкесі сырқатқа ұшыраған. Шамасы, әлгі Сен айтып отырған өлең кітабы сол кезде жарық көрген. Жүйкесі сырқат Александр Блок кітабының жарыққа шыққанын білмейтін себебі, міне осыдан.

– Солай шығар, асылы. Әйтеуір, өз аманаты бойынша Орловтың бай кітапханасын «Блоктың музейіне» тапсырады ғой мұрагерлері. Тапсыру кезінде қараса блоктанушы Орловта бар кітап Блоктың музейінде жоқ. Экспозициясын жасап, жасақтап ашқан музей қызметкерлері айтыпты: «Орловтың кітапханасынан табылып отырған бұл кітап Александр Блоктың өзінде болмаған...»-деп. «Блок жинақтарына» сілтеме жасап, «Александр Блок бұл жыр жинағының жарыққа шыққанын білмеген»дегенді қосыпты тағы. «Литературная газета» «сенсация» тұтып жазды осы жайларды. Сөздің жиынтығы Сұлтанмахмұт Торайғырұлы мен Блок Александр өзара тағдырлас екен дә. Тіпті, дүниетанымы да, махаббат трагедиясы да ұқсайтын сияқты-ау...

– Солай болып тұр ғой. Көріп отырсың ғой, Александр Блоктың соңғы кітабын өзі көріп, біліп, қолына ұстамай өткені секілді Сұлтанмахмұт та Бернияз Көпейұлы Қазанда 1922 жылы «Адасқан өмір» атап, бастырған кітабын көрмей, білмей өтіп кете барады. Оның үстіне, бұл кітап шығар кезде Сұлтанмахмұт дүниеден өтіп кеткен ғой. Тіпті, өлім аузында жатқан ақын кітабының Қазанда жиналып, басылғалы жүргенін білмейді. Басымен қайғы. Кітабының шыққанын қайдан білсін?! Қолжазбасын Қазанға, Бернияза өзі де жібере алмағаны. ХХ ғасыр басында-ақ әбден мойындалған ақын Сұлтанмахмұт. Мағжан сөздің қазақ үшін парқы қашты деп жырлағанымен, Сұлтанмахмұтты оқыған қазақ білген, таныған, мойындаған. Асылында, Сұлтанмахмұт поэмаларын тауып, Қазанға жіберген жолдас, Наркомпростың маңында істейтін, тіпті Бернияздың қазақтың Қазанға кітап бастыру ісі бойынша уәкілі болып кетуіне себепкер жан болуы мүмкін.

– Алайда ақын мұрасын қайдан алып, қалай бастырғаны жайында ең болмаса, Бернияз ақынның жеке архивінде де еш мәлімет жоқ па, аға?

– Бернияздың жеке архивінде болуы мүмкін.

– Қазақстанның іші-сыртында Сіз болған, Сіз ақтармаған архив сирек қой, Бейсеке. Бернияздың жеке архиві сақталған ба? Көзіңізге түспеді ме?

– Бернияза бірсыпыра архив болуы керек. Өйткені бір республиканың Қазандағы баспа ісі өкілі болып тұрған адам ғой. Оған республикадан қаншама қолжазба түседі. Қаншама хат, тілек жазылады? – дегендей.

– Ақын архиві сақталмағаны ма?

– Бернияз ақын өзін Мағжанның шәкірті санайтын, өлеңдерінде жүрек қылын нәзік шертетін лирик еді. Сұлтанмахмұт өр кеуделі ақын. Өзі айтқандай, асау жүректі, адуын мінезді. Ештеңеден беті қайтпаған, қайсар жан. Ал лирик ақын өлеңде ғана емес, өмірде де күйреуік келеді. Оның үстіне, сүйіспеншілік махаббаты құрғырың да кісіні не бақыт биігіне көтереді, не қасіретке ұшыратады.

– Бернияз татар қызына ғашық болып, бажаңызға айналса кәнеки...

– Е, сол бажама айнала алмады. Асылында, қазақтың алғашқы оқығандары, әсіресе Қазан, Өфеде медреседе оқыған бозымдары татар тутоштарына ғашық болған. Бейсекең ұстаз тағы да ерікті жырға берді.

*– Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,*
*Әр жерде өткізсек те өмір таңын,*
*Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,*
*Ойнайды аласұрып неге жаным?!*

*Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім.*
*Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!*
*Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед –*
*Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!*

(ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА )

Бұл жолы Москвада И.Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілері коммунистік университетінде оқып жүрген кезінде әрі В.Брюсов ұйымдастырған Өнер институтының студенті, әрі КУТВ оқушыларына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген ұстазы (Мағжан Жұмабайұлы) үйіне (пәтеріне) жиі қатынайтын жетім бала Мағжан болып махаббат жырын жырлап қоя берді. Сосын ХХ ғасыр басында ұлы ақын Ғабдолла Тоқайдың сүйіктісі болған, кейін Ақчуриннің зайыбына айналатын татар тутошы Гүлсім Камалова жайында өзі білетін сырды маздатты келіп, маздатты келіп... Заматында күнделігіме түскен ол сырды бұл жерде кеңірек әңгімелеуге уақыт тар, әрине. Сағат, сәті келер бір...

Мен әңгімені Бернияз тағдырына қарай бұра бердім. Әзіз ұстаз әңгімесін әрі қарай сабақтады.

– Бернияз да Зәйнеп Ахмерова есімді сұлуға ғашық болады. Бернияздай көркем кескінді бозбала да Зейнеп сұлудың көңіліне құрт болып түседі. Әйелдің көңілі кетпесін, көңілі кетсе ештеңені тыңдамайды. Ақылды жаратылыс бола тұрып, небір ақымақ істерге де бара алады. Өйткені ер балаға қарағанда әйел баласы сезімнің жемісі. «Қисса сұл-әнбия» әпсанасына ден қойсаң, Адам ата мен Һау Ана тіпті мұздың үстінде кездеседі емес пе?! Бір-біріне деген ынтызар тілегімен ышқы сезімімен Жұмақтан қуылады. Ақырында қарапайым әйел болып қалады... Әйел табиғатын айтып жатқаным ғой.

Бернияз да осындай сезімі оттай лаулаған татар сұлуына жолығады. Әйел, әсіресе сұлу сезімдар әйел – от! От шарпыса жаны бірге күймес еркек болмайды, қарағым. Еркек – қанаты отқа күйген көбелек... Зәйнәп сұлуға ышқы кетіп, құлай берілген Бернияз да ғашықтық отына күйеді. Мың рет күйіп, күлге айналып, жанына сүйгенінен дауа ынтызар сөз есітіп, мың рет қайта тіріледі, бейне феникс. Екі жүрекке бірдей ғашықтық құрты түскен соң көлденең кездесер тосқауылды тыңдар болмайды. «Тірі жүрсек, бірге өмір кешеміз, өлі болсақ, бір молада жатамыз» деп серттеседі махаббат өрті шарпыған екі жас.

# БІРІНШІ БИОГРАФЫ – КҮЛЕЕВ

Алайда олардың алдында асу бермес ірі бөгесін жатыр еді. Зәйнептің әкесі татардың дәулетті кісісі. Бүкіл татарға, бүтін Татарстанға ықпалды жуан. Қазақша айтқанда, «шынжыр балақ, шұбар төстің» нақ өзі... Оқыған, зиялы дерлік татар. Ағасы оқыған, зиялы татар. Бірақ қазақты оятқан татар молдалары бола тұра, татардың байшыкештері қалың ұйқыда жатқан қазақтың баласын қайдан менсіне қойсын?! «Арқасын бит тескен қазақтың малайы(баласы)» дейді-дағы... Зәйнептің әкесі «арқасын бит тескен» қазақ бозымына қызын қайдан бере қойсын?! Бергісі келмейді. Қызының бетінен қағумен болады. Ақылды қыз, қазақтың бозбаласына өлердей ғашық қыз, тіпті Берниязға басы бүтін берілген қыз ештеңеден тайсалмай, сүйген жігітін ертіп алып ата-анасының алдына жетіп барып, жүгінеді де. Ата-ананың ризашылығын алғысы келіп, «қолын сұрайды»... Бірақ қызды перзентім деп сүйіп жақсы көрген атаның қара тас көңілі жібімейді... Анасының үгітін де қаперге ала қоймайды... Болмайды. Қасіретті күндер басталады. Қыз үшін қасіретті түндер өтеді басынан. Өзі күйрек Бернияз сан рет күйреп, қыздың жігерлендіруімен, асыл үмітімен сан рет қайта «тіріліп» жүріп жатады. Ақырында қыз ағасынан тиым күшейе түседі. Махаббат сезім дүниесі. Оны күшке салсаң, шыныдай шытынайды, жүректегі нәзік жіпті үзесің, үзесің нәзік жіпті... Солай болады да.

«Өмірде бір төсек бұйырсын, өлімде бір мола бұйырсын» деген екі жас ақыреттік шешімге бет бұрады. Ол жылдары ақын, жазушы, қайраткер мансап иелері бөксесіне наган байлап жүретін еді. Берниязда да болыпты бір наган. Қазан қаласында, Берниязның пәтерінде, екі сүйіскен жас адал жаназа бұйырмас әрекетке бел байлайды. Күйректеу өлең жазып жүрген махаббаттың тозақ отына күйе-күйе қанаты қырқылған бозбала тағы бір күйрек лириканы боздатып жазады да іске кіріседі. Сүйгенінің шешімін сүйіскен Зәйнеп те жылай тұрып, көз жасын бұлай тұрып, ата-анасына нәлет айта тұрып, көнеді. Көнеді емес-ау, құмбыл-құмбыл келіседі. Келіседі де ақын жігіттің құшағына кіре береді, кіре береді, екі жүрек бір жүрекке айналып сүйіскен екі жас бір жанға ғана емес, бір тәнге айналып шыға келеді. Құшағы айқасып тұрған сәт. Екеуі бір-бірінен көзін алмайды. Мұңды жанар сөну орнына ұшқын атады. Ақыры Бернияз қызды қысып құшақтап тұрған оң қолын босатып, қолын оң жамбасқа байланған қалбыр-кабураға апара береді. Апарады да наганын алып, жанындай сүйген Зәйнептің арқасынан өзіне қаратып тұрып шүріппені басып-басып жібереді... Ақылсыз оқ бір жанға ғана емес, бір тәнге айналып аймаласып, құшақтасып тұрған екі жастың денесін әп-сәтте тесіп өтеді. Зәйнептің өкпе тұсынан өткен оқ Берниязның жүрегін тас-талқан етеді. Айқасқан құшақ сіресіп қалған қолдардың құдіретімен ажырамай, екі өлік құшақтасқан күйі бірге жайрай жығылады, сұлап түседі...

– Аянышты өлім екен, – дедім Мен. – Бұл да «Адасқан өмір» ме?

Әзіз Бейсекеңнің мұңды әңгімесін тыңдап отырып, көңілім босады, жылап жіберуге шақ отырмын. – Серттескендей оларды бір молаға қойды ма? Сұрауды үстін-үстін қаузадым. Әзіз адам, шежіре ғалым әңгімесін әрі сабақтады.

– Жоқ. Олай етпеген. Зәйнеп сұлудың өлімі оның әкесіне, ағасына да жайсыз тисе керек. Қанша айтқанда ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Қарабай емес қой, оқыған, тоқығаны мол, татар зиялысы. Жақсы көріп, жанындай сүйген қызын қасынан алыстатқысы жоқ атабейілді адам. Бәрібір қызын бөлек татар моласына жерлеген. Қан құсып, қайғы шеккен.

– Ал Бернияз ше, Бернияз? Берниязды қайда қойған?

– Берниязның туған жері Ресеймен шекаралас Бөрте деген елді мекен.

(Бүгінде Ресей жерінде жатса керек.Қ.Е.) Елден аңырап Анасы келіп, Берниязды жерлеп қайтқан қайғы жұтып.

– Өкінішті. Сүйіскен екі жастың өлідей аманаты да орындалмады-ау, сірә?

– Орындалмады.

– Бөрте Шыңғысханның жарының атымен аталатын жер атауы емес пе?

– Солай болуы да мүмкін. Қазақ, татар жерінде Бөрте есімді ауыл, разъезд, елді мекендер бірсыпыра болатын бұрын. Бүгінде қайдан білейін қайсысының сақталып, қайсысының сақталмағанын?

Қарт профессор күрсініп салды. Менің де ішімді бір өкініш үйлдеп алып барады. Әкедей әзіз Бейсекең әңгімесін әрі қарай жалғады. – Бернияз жас ақын еді. Жас та болса, ол кез үшін күйрек сезімді өлеңдер аталғанымен, тамылжыған тамаша лирикалық өлеңдерімен Мағжанның ізінен ілескен талантты ақын болатын. Берниязның өлімі, саяси лириканы сапырып «Тап маған бесікте-ақ белгі таққан, Бесікте үйлдеп тап деп жатқам» (С.Мұқанов) деп жырлайтын кедейшіл ақындарды тергеп, тергемегенін білмеймін, ал өлең-жырды жан-жүрегімен түсінетін ақын-жазушылардың қайсысын да күңірентіп кеткені анық. Тіпті, ұлы ақын, ұстазымыз Мағжан Жұмабайұлы да Бернияз ақынның өліміне арнап, тамаша жоқтау дерлік «мүнақып» өлең жазған. Шежіре әдебиетші тағы да кезекті жампоз ақынның жауһар жырына, қаралы қайғы өлеңіне кезек берді.Ол өлең мынау еді:

**БЕРНИЯЗҒА**

*(...Ұлан өлді батып қанға,*
*Тыныштық тапты асау жан да)*
*Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,*
*Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды,*
*Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.*

*Күңіренеді кеңес айтып қария,*
*Әлдеқайда жер шетінде дария:*
*Тұңғиықтың түбі толған тамаша,*
*Дарияның сыры жоқ қой жария.*

*Дарияның астында – алпыс ақ отау,*
*Ақ отаулар алтын уық, жібек бау,*
*Отау сайын судай сұлу толқын шаш,*
*Толқын тербеп: «Әлди, әлди!» –дейді бау.*

*Әлди-әлди, тербеледі ордалар,*
*Ордаларда өңшең сұлу ән салар.*
*Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,*
*Күлкілері көбік болып жорғалар.*

*Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,*
*Жас ұланның жүрегін жүз тілгілер.*
*Шерлі ұланның көріп суға шомғанын*
*Мылқау жартас: «Жынды ма әлде?!»* – деп күлер.

*Кеңес айтып күңіренеді бір күні,*
*Есімде жоқ, әйтеуір сол бір күні:*
*Майдан құрып, қарсыласқан екі жау,*
*Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.*

*Екі жаудың біреуі – өлім; бірі – өмір,*
*Бір-біріне қайрасады тісі шықыр,*
*Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан*
*Әлдеқайдан қан майданға келіп тұр.*

*Жап-жас бала келе сала қабағын*
*Түйіп тартқан екі жаққа садағын,*
*Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне,*
*Қан майданда қайтыс болған қарағым!*

*Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:*
*«Мына ұланның емес, сірә, дені сау, –*
*Деді-дағы, ішегі қатып күлісті,–*
*Әй, есалаң!... Ха, ха, ха ха, ха, ха-ау!»*

*Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,*
*Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек.*
*Мен сөкпеймін, Сені сонау толқынмен,*
*Хан майданға неге ғана кірдің деп.*

*Мен күңіренем ұлы ойлар кеп басыма,*
*Жырласаң ел шомылып көз жасыңа.*
*Тұйықтың түбіндегі тамаша*
*Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа...*

*Өмір, өлім – мәңгі аңдысқан екі жау,*
*Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.*
*Сол жыр таппай, садақ тартпай, сабыр ғып,*
*Қан майданда күңіренген еді, сор бала-ау!*

*Ойлаймын да, өкінемін ғапілдігіңе,*
*Жаным сеніп еді жақындығыңа...*
*Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек,*
*Күнәң ауыр, кешем ақындығыңа.*

*Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,*
*Жан сусынын көз жасымен қандырған.*
*Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды*
*Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған!*

Мұңды өлеңді тыңдап отырып (Өлеңді түгел оқыған жоқ, шумақтарын ғана оқыды. Қ.Е.) Мағжанды инсан ұстаз тұтып, тағзым етумен келе жатқан жыркұмар қария жүзіне тіктеп қарадым. Кәрі көздің жасы жүзіндегі әжімдерді қуалап төмен жылжып барады екен. Үні іріп, дауысы бұзылғанынан секем алған көңілмен ыңғайсыз жағдайда қылпылдап отырдым. Ал ол болса, кектеніп, кектесіп барып түйді ойын: «Осындай ақынды да өлімге қидық-ау, масқара... Мәскеуде қалып қойғанда Әзірет Әлінің қылышына ұшырамас па еді, өлмес пе еді?! «Халқыңа қызмет ет, Сені большевиктер кешеді...», – деп шақырып алып құрттық қой. Дәпкі орыстан шығар-ау, түбіне жеткен өзіміздің қазақ қой, қазақ қой...»

Шалдың көзі шапыраштанды. Ашуға мінгенінің белгісі.

– Мағжан ақын «жаны жақын...» шәкірті дерлік Бернияз баланы ой, жоқтаудай жоқтапты-ау. Ал татарлар ше?

– Е, Бернияз – Зәйнеп тағдыры татарларды да қатты толқытқан. Ана жылы Қазанға барғанмын. Профессор Мұхамәд Ғайнуллин досыммен әңгімеде Бернияз трагедиясын қозғағанмын. Татардың үлкен ғалымы профессор Ғайнулиннің айтуына қарағанда, Бернияз-Зәйнеп трагедиясынан татарлар «Наган жыры» аталатын өлең шығарып, ән мақамымен айтып жүріпті көпке дейін. Татардың газеттері қайғылы қазаны тәптіштеп жазыпты... Қазаққа көңіл айтыпты... Көшіріп алған газет материалдары архивімде бар болатын...

Есіме Сұлтанмахмұт шығармасы, Берниязның архиві түсті.

Мағжанның терең тебіреністі жоқтауын жанымма сіңіре алмай тұрып, «Әңгіме Берниязның архиві туралы еді ғой, Аға, – дедім жалма-жан. –Берниязның өлеңдері, архиві шашылып қалмады ма, Қазанда?»

– Қайғы жұтқан Анасы ақылды кісі болуы керек. Қайғысын жеңе жүріп, жалғыз еркарасының архивін түгелдеп еліне алып кетіпті.

– Ақын архиві аман болғай, архивінен Сұлтанмахмұттың да, Берниязның да жақұт жырлары шыға келгей, дүйім қазақты қуантып?

– Жоқ, олай болмады, қарағым. Мен Сұлтанмахмұт жайында ғана емес, Бернияз жайында да ертеден ізденісте жүрген адаммын. Бернияз жайында да ертеден жаза бастадым. Архивін сұрастырдым. Осында әдебиетші Балым Ақмұқанова жайында арнайы тарау жазған, жетпісінші жылдары менен тартып алғандай етіп, екі томдығын құрастырған Ысқақ. Екеуміз ғылымда бақталас жандардай болдық. Ол Мені Мұхтар Әуезовке жамандаумен, өсектеумен жүрді. Кейін Ғабит Мүсіреповке жамандап, аузына сөз салып, Мені сынатып бақты. Мен Ысқақты «Ара» журналына фельетон етіп жазумен болдым. Мені сынаған Ғабитқа да жабық хат жаздым. Архивімде сақтаулы. Ысқақпен жиын, тойларда да қырбайлау отырар едік... Бір жиында шәкіртім Мырзабекке жығып бергенім де бар... Бәрі де қу пендешілік... Ал сондай өмірде қырбай жүрген, ғылымда көп қайшыласқан адам Маған Берниязның архивін берер ме? Бермейді ғой. Бір тәуір жері Берниязның «Айтшы, ақ қайың..» аталатын жыр жинағын алғысөзбен жарыққа шығарды. Мен қуанып, кітапқа қоштап, қолпаштап рецензия жаздым... Сұлтанмахмұттың архиві, жинаған Жүсіпбек Аймауытұлы архивіне айналып, басқа бір қиырдан келіп, Ысқақтың қолына түскені тағы бар... Оны да бауырына басқан күйі өтті ғой, өмірден... Саналы өмірінің жарымын Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақынның өмірі мен әдеби мұрасына – тұтас тағдырына арнаған қарт ғалым күрсінді. Сұлтанмахмұт үшін өмір бойы сор кешкен, «екі күймек бір жанға әділет пе?» (Абай) дегендей, екі мәрте емес, жыр сұлтаны үшін сан рет күйген (күйдірген қазақтар, әріптестері, бәсекелес күндестері... Қ.Е.) сынық жанның өкініші еді күрсінісі!

– Өзіңізге жылы шырай танытпады делік, шәкіртіңіздің бірін жұмсамадыңыз ба, Ысқақ «досыңызға»?

– Жұмсадым бір шәкіртімді. Талантты ақын Жарасхан Әбдірәшевті жұмсап едім...

– Ә, айтқандай, өткенде Шөмішбай Сариев екеуі Сіздің көңіліңізді сұрай үйге келгенде, Жарасхан «Парасат пен парыз» сын кітабын: «Әкедей әзіз Бейсекеңе!» деп бастап, көл-көсір ықыласын кітап бетіне түсіріп сыйлап әкелгенде айтып еді-ау. Тіпті, көзіне жас алып еді: «Аға, Сіз менен үлкен зерттеушілік күттіңіз. Бернияз Күлеевті тақырып етіп ұсынып, кафедрада бекіттіріп, ХХ ғасыр басында жасаған орыс ақындары жайында, Александр Блок творчествосы жайында жазылған бір орыс зерттеушісінің кітабын ұсынып, «қайтарымы кандидаттық!» деп едіңіз. Берниязды қазып зерттей бастадым. Қазған сайын арғы қабатынан Мағжан шыға келеді. Әрі қарай жүрегім дауаламады. Зерттеу кітаптарыңызды да қайтармадым, Берниязды кандидаттық та жасай алмадым, Мен балаңызды кешіңіз!...» деп көзіне жас алып еді-ау...

– Иә, Құлбек қарағым, солай! Тірідей махаббат отына күйіп, бағы жанбаған Берниязның ақындық

есімді әйел бар. Берниязның немере, шөбере қарындасы. Құдайдың зарын қылып, талай айттым, өтіндім, сұрандым, «Берниязның архивімен жұмыс істе» деп. «Бірге істейік» деп те талай айттым.

– Иә, сәт! Мен елпілдедім, Бейсекеңнің алдына түсіп, бейне Бернияз архивінен асау жүректі ақынның әдеби мұрасы шыға келердей...

– Күйеудегі кісі ғой. Еліне бара қоймады. Жол түспеді. Бірде еліне барыпты, ағасы Берниязның архивін алып келіпті. Бірақ өтініш айтып жүрген Маған ұсынудың орнына, өзімен академияда бірге істейтін Ысқақ Дүйсенбаевқа беріпті. Содан Аллаһ-акбар...

Қыңыр шал «Аллаһ-акбар»-лап бетін сипады...

– Сұлтанмахмұттың басты зерттеушісі Сіз, тіпті Сізді «сұлтанмахмұттану ілімінің негізін салушы» деп те жаздым. Расы да солай. Неге Ысқақ Дүйсенбаевқа емес, Сізге бермеді архив материалдарын? Бермеген күнде, Ысқақ Дүйсенбаевтан Бернияз архивін неге сұрап алмадыңыз?

– Ысқақ екеуміз Сұлтанмахмұт жөнінде екіайыр пікірде жүріп келе жатқан екідай адамдармыз. Сұлтанмахмұттың шығармалар жинағын қырғыншы (Бейсекең солай қолданады. Қ.Е.) жылдары бір рет, елуінші жылдары екі рет, алпысыншы жылдары екі томдық етіп, мәтіндік сүзгіден өткізіп тағы кітап етіп құрастырған Мен. «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық жинаққа Сұлтанмахмұт бағын да жандыра алмадым. Бірер мақала жазумен шектелдім. Қарт ғалым жүзін төмен салды, «Осымен Бернияз жайында әңгіме тәмам...» деген шыраймен. Мен соңғы сұрағымды жұптадым.

– «Асау жүректі» (Б.Кенжебайұлы қолданысы – Қ.Е.) ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлының өмірі мен шығармашылығын тұңғыш сөз еткен биографы деп Берниязды тануға бола ма?

– Неге болмасын? Болады! Бернияз – сөз басын жазып, ақынның тұңғыш кітабын шығарушы ғой. Ал Сұлтанмахмұт жайында мақалалардың жөні бір басқа....

«Мақалалардың жөні бір басқа...» деген ғалым сөзін ішімде сақтай, сұхбатты да аяқтадым... Бұл 1980 жылдардың жуан ортасы... Күнделікте күні, айы, жылы көрсетілмепті... Ендігі бір қосарым Бернияз – Зәйнеп трагедиясынан татардың көрнекті қаламгері, Татарстан Жазушылар одағы төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ркайл Зайдулла, кейін бір тамаша шығарма жаратты. Ол жайында тағы бірде әңгімелермін.

Алаш рухымен тыныстап, Алаш жоқшысына айналып өткен профессор Бейсембай Кенжебайұлымен бұл әңгіме 1985 жылдың бір күнінде өрбіген еді...

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**
*әдебиет зерттеушісі,*
*профессор*

**Әлемде Голливуд фильмдері ең үздік саналады. Бұл алпауыт кино компаниясында өнер көрсету әрбір актердің арманы десек те болады. Елімізде құрылған Nomad Stunts каскадерлер командасы осы биіктікті бағындырған жалғыз топ. Жандарбек Күнғожинов жетекшілік ететін каскадерлер тобы шетелдік киностудиялардың үлкен қызығушылығын тудырып, сұранысқа ие болып отыр. Nomad Stunts каскадерлері Голливуд, Болливуд және Түркияның алдыңғы қатарлы студияларымен бірлесіп жұмыс істейді. Олардың фильмографиясында «47 Ронин», «Үздіктер» (The Expendables 2), «Үйге апарар жол» (Way to Way), «Мулан» және Netflix, HBO стриминг жүйелерінің сериалдары бар. Nomad Stunts кәсіби каскадерлер халықаралық тобының көшбасшысы Жандарбек Күнғожинов өз жұмысының қиындықтары мен жаңалықтары туралы айтып берді.**

**Жандарбек КҮНҒОЖИНОВ,**
*Nomad Stunts кәсіби каскадерлер халықаралық тобының негізін қалаушы, жетекші*:

# ӘМБЕБАП КАСКАДЕРЛЕР ӘЛЕМДЕ САУСАҚПЕН САНАРЛЫҚ

**– Жайдарбек мырза, алғаш каскадерлік топты ашу идеясы қалай келген еді?**

– Мен қалалық пішіндегі ауылда өстім. Сонда әкем жылқы ұстаушы еді. Бие сауатынбыз. Кішкентай кезімнен құлындарды енесіне қосып, көмектесіп, жылқыға жақын болып өстім. Одан бөлек, 1993 жылдан бастап Қазақстан циркінде өнер көрсеттім. Сонда қырғыз каскадерлермен бірге жұмыс істедім. Сол қырғыз каскадерлер тобында екі қазақ жігіті болды. Сол кезде «неге қазақ каскадерлер тобын ашпасқа?!» деп ойлаушы едім. Көптеген фильмдер түсіріліп жатты. Сосын өзім бірге жұмыс істеп жүрген қазақ жігіттеріне «қазақ каскадерлер тобын ашайық» деп ұсыныс тастадым. 2000 жылдан бастап тоғыз адамнан құралған каскадерлер тобын ашып, дайындықты бастап кеттік. Бастапқыда жарнамаларға түсіп, бірте-бірте кішігірім киноларға түсе бастадық. 2003 жылы «Көшпенділер» деген тарихи кинода толық жұмыс істеп бастадық. Онда Голливуд актерларының әдістерін жасадық. Бұл біздің алғашқы ең үлкен жобамыз болды.

**– Ал Голливудтың көзіне қалай түстіңіздер?**

– Мен «Көшпенділер» фильмінен соң «Моңғол» фильміне шақырту алдым. Сол фильм шыққасын Питер Уир деген оскар сыйлығын жиі алатын режиссер «Үйге апарар жол» (Way to Way) фильмін түсіру үшін мені іздепті. «Маған «Моңғол» фильміндегі каскадер қазақ жігіттері керек» деп іздеу салып, Ресей арқылы ақыры мені тапты. Сол фильмде Колин Фаррелл, Эд Харрис сынды Голливуд актерлары қатысқан фильмде ұлым екеуіміз түстік.

**– Қазіргі командаларыңыздың аяқ алысы қалай? Топтарыңызда неше адам бар?**

– Қазір командамызда 86 адам бар. Шет елдерден де каскадерлер көптеп жиналып жатыр. Бүгінде Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Канада, Аустралия, Украина, Болгария сынды мемлекеттерден жиналған тәжірибелі актерлар жұмыс істейтін халықаралық алып командаға айналдық. Бұрын каскадер боламын деп келген адамдарды алып дайындай беруші едік. Бүгінде арнайы таңдап алатын болдық. Біріншіден, актерлар жас болуы керек. 18-20 жас аралығындағы адамдарды алуға тырысамыз. Себебі жасы келген адамдар жарақат барысында қайта фильмге түсіп, трюктерді қайталау қиынға соғады. Каскадер болам деген жігіттерге біріншіден, акробатика, екіншіден, жауынгерлік өнер, үшіншіден, тәртіп, төртіншіден, шыдамдылық керек. Себебі дайындық процесі ұзаққа созылмауға тиіс. Мұндай командамен 3-4 жыл ғана уақыт кетеді.

**– Ал жылқыларды қалай таңдайсыздар?**

– Жылқыларды таңдауда бұрын олардың үрікпейтін, құлауға қорықпайтындарын таңдайтынбыз. Бүгінде өзіміздің жылқыларды құлын кезінен дайындап жатырмыз. Бес-алты жыл бұрын шет елден испандық жылқыларды әкелген болатынбыз. Сол жылқылардың құлындарын қазір дайындап жатырмыз. Себебі жылқылар түсірілімге құлын кезінен тез үйренеді. Бұрын ересек жылқыларды алғанда бұрынғы жарақаттары байқалып қалып жатады. Мысалы, көкпарға салған аттарда кейбірінің өкпесі күйген болып шығады.

Жылқы да адам секілді. Кейде көңіл күйлері болмай қалады. Ондай кезде қамшы салуға да болмайды. Себебі қорқытып-үркітіп аттарды үйрете алмайсың. Жылқыда да адамдар секілді киноға деген жүрегі болуы керек. Өз еркімен құлап үйренуі керек, оттардан, камерадан, ұшатын дрондардан, қабырғаны бұзып өтуден қорықпауы керек. Қажырлы дайындықтың арқасында 4 жылдың көлемінде жылқылар толық үйреніп шығады.

**– Голливудтың фильмдерінен кейін қазақ фильмдеріне деген көзқарасыңыз өзгерді ме? Салыстырмалы түрде біздің фильмдеріміздің аяқ алысы қалай?**

– Қазақ кино индустриясына келер болсақ, жайлап-жайлап өсіп келеді деп айтуға болады. Себебі кезінде «Ұлттық киноны қолдау мемелекеттік орталығы» мен «Қазақфильм» екіге бөлініп кеткеннен кейін кішкене бұл сала тұралап қалды десек болады. Енді екеуі бірігіп жұмыс істесе, көптеген жетістіктерге жетуге болар еді деп ойлаймын. Еліміздің киноиндустриясын дамытудың бір жолы – кино туралы заң қабылдау. Сонда көптеген түйіткілдер шешілер еді. Бұл бағыттағы жұмыстар басталғанымен, аяғына жетпей тоқтап қалды. Кино саласындағы көптеген мәселелер шешілсе, шетелден әртүрлі мамандарды шақырып, сапалы кино түсірер едік. Мысалы, әйгілі киностудиялар жақсы кино түсіру үшін әлемнің мықты мамандарын бір

түсірілім алаңына жинайды. Үздік компаниялар мықты каскадерлерді әлемнің әр түкпірінен алдыртады. Дегенмен ауызды қу шөппен сүртуге болмайды. Жақсы режиссерлер шығып жатыр, көптеген шетелдік кино фестивальдерден жүлделер де алып жатыр. Дегенмен, шетелдік кино мамандарымен бірлесіп жұмыс істеу керек. Сонда қазақтың фильмдерін шет елде танытуға мүмкіндіктер ашылады. Әрине, шетелдік деңгейге жету үшін көптеген жұмыстар атқарылу керек. Бірақ сол шет елдің өзінде барлық кино керемет болып шықпайды. Оларда да әлсіз кинолар бар. Бізде де сондай.

Отандық каскадерлер арасында да бәсекелестік қалыптасып келе жатыр. Шетелге шығып жүрген шағын топтар бар, бірақ байқауымша, оларда жоспарлы жұмыс болғанымен, тәртіп аз сияқты. Шетелдік компаниялармен жұмыс істеу үшін дұрыс сөйлей білу, келіссөздер жүргізу маңызды.

**– Заң туралы айтып қалдыңыз. Сіздердің жұмыстарыңыз қауіпті әрі жарақат алу қаупі мол болғандықтан медициналық сақтандыру бола ма?**

– Менің енді сынбаған жерім жоқ десем айтшығарып қыз-жігіттерімізді емдеп жатамыз. Бұл ретте де мәселе кино туралы заң болмауынан туындайды.

**– Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?**

– Алдымызда жоспарлар көп. Елімізде көптеген фильмдер түсіріліп жатыр. Түркияда тарихи фильмдерге біздің жігіттеріміз кетті. Онда менің көмекшім Алтынбек деген жігіт осы экшн жанрына жетекшілік ететін болады. Өзбекстанда да заманауи фильм түсіріп бастадық. Ол жақта Қанат Құдияров деген көмекшім жүр. Қазіргі таңда тағы екі фильмге

дайындалып жатырмыз. Ол екеуі де шет елдік фильмдер, біреуі – Голливуд, екіншісі – Болливуд.

**– Өзіңізден бөлек, каскадерлік жұмысты жарыңыз бен ұлыңыз да атқарады екен. Осы туралы кеңірек айтып өтсеңіз...**

– Иә, командамдағы қыздар арасында әйелім де болды. Екеуіміз еңбек жолымызды цирктен бірге бастадық. Алғаш каскадерлік салаға келгенімде маған дубляж, трюк жасауға қыз бала керек болды. Әйелімнің жанымда бірге каскадер болуына қарсылық танытпадым. Қылыштасуды, төбелесуді, құлауды жақсы үйренді. «Кенже» фильмінің түсірілімінде жардан құлап, тізесін жарақаттап алды. Сол жарақатын емдеп, операция жасаған кезде де өзім жанында жүргендіктен аса қатты уайымдамадым. Жарақат алғаннан кейін тоқтатты. Өзінің жасы да келіп қалды.

Ал ұлым Темірхан 5 жасында «Көшпенділерде» ойнады. Одан кейін де 4-5 фильмнің түсіріліміне қатысты, «Моңғол» фильмінде дублер болды. Үндістанда, Жаңа Зеландиядағы түсірілімдерге қатысты, өзі Африкада және Румынияда Сэмюэл Л.Джексонмен бірге каскадер-актер болып жұмыс істеп келді. Қазір ұлым екеуіміз шетелдік фильмге түсу үшін қыркүйек айында кетеміз деп жоспарлап отырмыз.

**– Каскадерлік топта әлемде қандай бәсекелестеріңіз бар?**

– Ағылшындық, испандық, американдық каскадерлік топтар бар. Бірақ біз секілді үлкен топтар жоқтың қасы. Біздің бір ерекшелігіміз тек жылқымен ғана емес, көлікпен де, төбелестерді де қатар алып жүретіндігімізде. Яғни, біз әлемдік кино нарығындағы әмбебап каскадер болғандықтан сұранысқа ие болып отырмыз. Мұндай каскадерлер саусақпен санарлық. Соның ішінде ең жақсысы деп Испания мен Англиядағы топтарды ғана айта аламын. Біз олармен де бірге жұмыс істедік. Мысалы жақында Ридли Скоттың «Наполеон» фильмі жарыққа шыққалы жатыр. Сол фильмде сол топтармен бірге біздің команда да жұмыс істеді.

**– Каскадер, дублер ретінде емес, актер ретінде қандай фильмдерге түстіңіз?**

– Актер ретінде көптеген фильмдерге түстім. «Неудержимое», «Мулан», «Марко Поло» фильмдерінде актер ретінде түстім. Сонымен қатар қырғыз режиссері Марат Сарұлы түсірген «Жанұя» фильмінде түстім. Онда орыс пен қазақтың отбасындағы мәселелері көрініс табады. Бұл менің актер ретінде ең үлкен жобаларымның бірі.

**– Топтарыңыз Taurus World Stunt Awards әлемдік каскадерлер академиясының жүлдесіне ие болды. Каскадер, кино дістерін қоюшы, экшн мамандары арасында «Оскар» аталып кеткен жүлдеден бөлек тағы қандай марапаттарға ие болдыңыздар?**

– Бұл «Таурус» сыйлығы Қазақстанда бірінші рет алынып отыр, ал Орталық Азияда, жалпы ТМД-да екінші «Таурус». Мұны «Томирис» фильміндегі трюктер үшін алдық. «Шетелдік фильмдегі үздік қойылым» деп бағаланды. Голливудта «Оскар» актерлерге, «Таурус» каскадерлерге беріледі, бұдан жоғары жоқ. «Таурус» – ең үлкен сыйлық. «Томирис» фильмінде өзім экшн-оператор болып, төбелесті де операторлық жұмысты да қатар алып жүрдік. Оған көп қажыр-қайратымызды жұмсадық. Нәтижесінде, сондай үлкен марапатқа да ие болдық. Одан бөлек, «Мулан» фильмінде де Голливуд актерлар қауымдастығы бізге «ең үздік трюктер сомдаушы» деген марапат ұсынды.

**– Алдағы ойға алған жұмыстарыңызға сәттілік тілей отыра, сұхбат бергеніңізге алғыс білдіреміз!**

**Сұхбаттасқан**
**Наурызбек САРША**

# ҚҰПИЯСЫ АШЫЛМАҒАН ҚАРАХАН КЕСЕНЕСІ

Саятхан САТЫЛҒАН

**X-XII ғасырда ұлы Қараханидтер мемлекетінде билік құрған Шамахмұд Бұғра Қарахан жайлы ел ішінде аңыз-әпсана өте көп. Оның әулиелігі хақында аңызбен астасқан оқиғалар да аз емес. Олардың дені бүгінде бабадан балаға мұра болып жетіп, тарихтың ақтаңдақ беттеріне таңбаланды. Есте жоқ ескі заманнан сыр шерткен Қарахан кесені жайлы тіпті тылсымға толы, жұмбағы ашылмаған жайттар жетерлік.**

Жалпы Қарахан мен Айша бибі махаббаты мәңгілік сезімнің символына айналғаны аңыздан аян. Бір-біріне қосыла алмай кеткен қос ғашық кейінгі жастардың піріне баланды. Бүгінде «Айша бибі» десе Қарахан, «Қарахан» десе Айша бибі қатар айтылады. Сүйіктісін жылан шағып қайтыс болған кезде Қарахан өзіне де мазарды қатар салғызады. Көнекөз қариялардың айтуынша, Тараз шаһарында зәулім ғимараттар бой көтермей тұрған кезде Қарахан баба кесенесінен Айша бибі кесенесін көруге болған екен. Қос мазарды тұрғызудағы негізгі мақсат та осы болыпты. Алайда кейін көне шаһардың көкжиегі кеңейіп, ауқымы үлкейген кезде Айша бибі мен Қарахан кесенесі қаланың екі шетінде қалып кеткен.

Қарахан кесенесі – орта ғасырдағы сәулет өнерінің тамаша туындыларының бірі. Кесенені салу барысында өте шеберлікпен әзірленген 30 түрлі өрнекті кірпіш пайдаланылғаны таңғалдырады. Мазар орталық және үш зал бұрыштардан құралған. Төртінші залда төбеге шығатын баспалдақ орнатылған. Бірақ төбесі киіз үйдегідей жабық болуы жұмбақ күйі қалып келеді. Егер кесененің төбесі жабық болса, төбеге шығатын баспалдақтың не үшін салынғаны түсініксіз. Десе де, бұл Қараханидтер дәуірінде тұрғызылған теңдессіз туындылардың бірі болып қалатыны анық.

Тарихта Қарахан өз дәуірінде өте дәулетті патша болғаны жазылған. Алайда шексіз байлығына қарамастан хан қарапайым ғұмыр кешкен. Аңызда Қарахан баба аң батшасы арыстанның өзін әміріне бағындырғаны айтылады. Тіпті арыстанды атша ерттеп, жоталарда жортып жүрген деседі. Алайда Қарахан өз әйеліне сөзін өткізе алмапты. Мінезі біздей болған бәйбішесі жолдасының тілін еш алмайтын болыпты. Бұған таңғалған уәзірлері: «Алдыңызда аң патшасы арыстанның өзі иіліп тұрғанда, қалайша әйеліңіз сізге қарсылық көрсетеді?» деп сұрайды екен. Сонда Қарахан баба: «Әйелімнің осы мінезі үшін Аллаға сансыз шүкірлік айтамын. Бүкіл әлем менің алдымда бас иіп тұрса, өзімді бәрінен биік қойып, тәкаппарланып, ібілістің торына түсер ме едім?! Әйелімнің арқасында өзімді Құдайдың көп құлының бірі екенімді түсініп, тәубаға келіп отырамын», – деген екен.

Міне, Қарахан баба ұлы билеуші болса да Алланың алдында барлық пенде тең екенін түсінген.

Қарахан баба кесенесіне қатысты да сан түрлі пікір тудырып жүрген дүниелер бар. Әсіресе кесенедегі жазбаға байланысты зерттеушілер мен ғалымдар бір байламға келе алмай жатыр. Мәселен, Ш.Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, тарихшы, зерттеуші Асылжан Дулати кесенедегі жазуға қатысты күтпеген мәлімдеме жасады.

– Қарахан дәуірін зерттеп жүргеніме біраз жыл болды. Бар мақсатым – осы кесене маңдайшасында жазылған жазудың не туралы жазылғанын анықтап, жарыққа шығару. Бастапқыда маңдайшадағы жазуды араб тілінде таңбаланған деп ойлап, бірқатар адамға жібердім. Алайда жазу араб емес, парсы тілінде жазылған болып шықты. Сосын парсыша жазуды филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Жеменейге жолдап, ол кісінің пікірін тыңдадым. Профессор жазуды: «Ықыласыңызға түс көріп оқыдым, патша гүлзары. Сен жазар болсаң оның тағдырына, патша гүлзары санымен саналған 1322» (مۆر دوب ماشداپ مضور ثىماچنا ىارب دسىون مک وت), – деп, сөзбе-сөз аударғанын айтты. Сонда жазудың аудармасына қарасақ, кесенеде жатқан адамның өмірден қайтқан жылын меңзейтіндей. «Егер мұнда жатқан адам 1 322 жылы қайтыс болған болса немесе сол жылы мазар салынған десек, онда кесене шын мәнінде Қараханға тұрғызылған ба?» деген ой туады. Менің «Алтын Орда һәм Қайду хан мемлекеті» деген мақаламда Тараз қаласын 40 жыл билеген Қайду хан туралы жазған едім. Аудармаға қарап отырсам «бұл мазар сонда 1 300 жылы өмірден өткен Қайду ханның кесенесі ма?» деген де ой келеді. Өзі өлген соң 22 жылдан кейін басына ұрпақтары кесене салдыруы да мүмкін ғой?! Ортағасырлық тарихшы Жамал Қаршы өзінің «Алмулхакат би-с-сурах» атты еңбегінде: «Біздің елдің ханы – Қайду хан 670/1271 жылдың қыркүйек айының соңында Таразда таққа отырған. Ол әділетті, жомарт, жұмсақ мінезді, елдің мүдделерін түсінетін, білімді, мұсылмандарды қолдаушы, мейірімді, тапқыр хан еді» дегенді айтады. Ал ортағасырлық «Муизз ал-Ансаб» атты еңбекте: «Қайду хан ұзақ өмір сүрді және 40 жылдай патшалық құрды. Оның қырық шақты ұлы болды» деген деректі келтіреді. Қарахан бабаның аңызында да оның 40 жыл ел билегені, білімді, жомарт, әділетті болғаны айтылады. Ал бұл айтылған аңыздардың барлығы да біз айтып отырған жоғарыдағы деректердегі Қайду ханның бейнесіне келетіні айқын көрініп тұр. Сонда бұл кесене Қарахан емес, Қайду хан кесенесі болғаны ма? Әрине, бұл әлі көп зерттеуді қажет етеді. Мұнда қандай хан, қандай патша жатса да, ең бастысы ұлы адам болғаны анық, – дейді тарихшы, зерттеуші Асылжан Дулати.

Жалпы, тарихшының бұл сөзі талай талас тудыратындығы анық. Алайда Айша бибі кесенесіндегі «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген жазудың да құпиясы әлі күнге ашылмай келеді. Зерттеушілер бұл сөздердің бізге беймәлім жалғасы болуы мүмкін деген болжамдар жасауда. Кім біледі, бәлкім Айша бибі мен Қарахан кесенесіндегі жазулар бір ұғым беретін сөздің жалғасы ма? Оны енді тарихшылар мен зерттеушілердің еңбегінің еншісіне қалдырдық.

Қалай дегенде де, Қарахан баба кесенесі талай тылсым мен құпияны бұғып жатқаны анық. Бір жылдары қазба жұмыстары басталған Қарахан мешітінің өзі талайды таңғалдырып, тарихшылардың төбе шашын тік тұрғызды. Олай дейтініміз, мешітті топырақтан аршып алуға тырысқан археологтардың тірлігі алға баспай, жұмысшылар бірінен кейін бірі археология орнынан қашып кетті. Барлығының бір ауыздан айтқаны – түнде тылсым бір күштің келіп қысқаны. Түстеріне кірген ақ киімді ақсақал, егер қазба жұмыстарын тоқтатпаса ауыр дертке шалдығатындарын айтқан көрінеді. Бұдан кейін бір мамандар жұмысты тастап қашса, екіншілер есінен адаса жаздаған. Кейіннен мешіт орнынан адамның бас сүйектері табылып, соңы археологиялық қазба жұмыстары тоқтады. Бүгінгі күнге дейін мешіттің қазба жұмыстары не себепті тоқтағаны ашып айтылмауда. Алайда мешіт маңынан құрылысы жаңғыртылған тоғыз қабатты мекеменің дәлізінен елес кезіп жүретіндігі осы күнге дейін айтылуда. Кештетіп жұмыста қалатын мамандар түрлі дауыстар естігендерін де басшылықтарына жеткізген. Осы жағдай түрткі болды ма, әлде жоқ па, көп ұзамай Қарахан баба мешітінің маңынан жаңа мешіт бой көтеріп, бүгінде жердегі Алланың үйіне айналды. Мешітте шақырылған азан мен бағышталған құранға әруақтар разы болды ма, кейіннен Қарахан мешіті орнындағы тылсым жағдайлар мен дәліз кезген елестер жайлы әңгіме басылды.

Әрине, бұл жалғанның барлық жұмбағын ашу мүмкін емес. Кейде адам санасы жетпейтін жағдайлар мен оқиғалар болып жатады. Қарахан бабаға қатысты да құпия құлпына таңылып, жұмбағы ашылмаған жайттар көп. Оның ақиқаты қашан аян болатындығы белгісіз. Алайда көне шаһар тек көпестердің ғана емес, тарихи тұлғалар мен аңыз адамдардың құтты мекені болғанын осындай деректер айғақтай түседі.

*Жамбыл облысы*

# САРЫАРҚАҒА МӘЛІМ САЗАНБАЙ

**Абылай хан әскерінің Жүзбасы әрі ұрыс даласында ең сенімді ту ұстаушыларының бірі болған Сазанбай батыр туралы ел аузында небір тамаша деректер бар. Сазанбай Жетесұлы 1728 жылы туып небәрі 51 жасында 1789 жылы жау қолынан мерт болады. Батырдың ерлікке толы жылдары мен жолдарын алғаш зерттеген, «Дала дастанын» қағазға түсірген Журналистер одағының мүшесі, мәдениет қайраткері, дипломат қаламгер Болат Жәмкеновтен артық жазбасымыз хақ. Тағылымды жинақтан үзінді жария қылуды жөн көрдік.**

**«ДАЛА ДАСТАНЫ»**

«Сол күні хан қабағы түнеріңкілеу еді. Алпыстан асып қалса да нұры тая қоймаған өткір жанарын алысқа қадап, ауыр-ауыр ойға шомғандай, бөлекше бір кейіпте отыр.

– Мұнда отыр, батыр! – деп, Сазанбай келгенде оң тізесінен орын берді хан. – Уа, ағайын! – деді сосын дауысын көтере сөйлеп. – Осыдан төрт-бес жыл бұрын, жоңғарды Алтайдан асыра қуған жолы Жетісуға оралып, Бақанас деген жерге аялдап, Ұлы жүз жаныс руының бір үйінен сусын ішіп ем. Менің хан екенімді білген жоқ, бір кейуана маған қарап-қарап отырып:

– Қарағым, – деді сонда. – Арқа еліне кетіп бара жатыр екенсің. Мойнымда бір аманат-қарызым бар еді. Соны айта бар еліңе. Елді жау шапты. Егер Іледен өтсе, оларды ешкім тоқтата алмайтыны анық. Біздің Жетісу жұрты малын бағып, жемісін баптап бейқамдау отыратын халық қой. Абыр-сабыр болып, елден ес кетті, – деді сонда кейуана.

– Арқа жақтан атақты Малайсары деген батыр жетіп үлгеріп, жан алысып-жан берісіп, екі күн бойы жауды Іледен өткізбей тұр деп кетті жаушы жігіт. Әскері аз дейді, жанжақтан қазақ қолы жиналып үлгергенше не болар екен деген уайым қысып, былайғы қаншама жас бала-шаға, кәрі-құртаң бір сайға тығылып, жалғыз Алладан тілек тілеп отырдық. Үшінші күні бесін ауа кенет жұлдыздай ағып жалғыз қара көрінді. Бет алысы біз жақ. Бұл жолаушы Малайсарының жіберген сарбазы екен. Біз ұсынған бұлақ суын жұтып-жұтып жіберіп:

– Бауырларым!.. Қорықпаңдар, жаудың беті қайтты. Біз жеңдік!.. – деуге ғана шамасы келді. Денесінде сау тамтық қалмаған, шұрық тесік: садақ оғы тиген, найза, қылыш тілген. Атын да білмейміз, «арғын жігіт» деп дұға оқимыз, қазір оған қарағым. Анау Малайсары да сонда мерт болды ғой. Осы елдің ат ұстарлары сол таудың атын Малайсары қойды деп естимін. Басқа қолдан не келеді!..

Мана таңертеңгі Хан кеңесінде де айттым. Тағы да айтамын, бізге екі нәрсе керек! Анау сары орыстың отты қаруын үйрену қажет. Ең бастысы, бірлік! Ұрпағым еркін өссін деп, байтақ даласын көзінің қарашығындай қорғап өткен батыр бабаларымыздың әр төмпешіктің астында сүйегі жатыр. Әр төбеде ізі бар. Түйілген жұдырықтай бірікпесек құрып кетеміз.

Ал күшің бірлікте болса, қанатың астыңдағы атың емес пе, халайық? Мынау көп соғыста, көп жылғы шайқаста ерлер ғана емес, ерлер мінер текті қазанат тұлпарлар да өлді, тұқымы құруға айналды. Жекпе-жек сайысқа мінер белді аттар, қашқан жауды құтқармас желтұяқ ұшқыр сәйгүліктер, күн бойғы ұрысқа сыр бермес, қазанаттар қайда?! Жаңағы кейуана айтқандай, тосыннан шапқан жауға суыт жетіп, қолма-қол тойтарыс беру үшін мықты жылқы керек.

Өздерің білетін қайран Бөкең, қанжығалы қарт Бөгенбай адамды да, атты да бір көргеннен танитын керемет сыншы да еді ғой, жарықтық. Жақсы ат тұқымын жинау керектігін өсиет қып кеткен де сол ағамыз. Мынау сол кісінің әскер басыларының бірі Сазанбай батыр түрікменнің атақты ақалтеке, текежәуміт тұлпарларынан тұқым әкелемін деп Бетпақдала, Қызылқұм, Қарақұмды көк бөрідей талай жортып өткен. Себебі, өз ауылын жоңғар-қалмақтың Күлек батыры шапқанда, күші жетсе де, артынан қуып барар аты жетпей нағыз қорлықта қалған ер осы.

Батыр соңғы сапарында түрікмендермен мәмілеге келе алмай, әбден тауы шағылған соң Қоқан, Бұхара, Хиуа әмірлерінің қолында сол тұлпарлардың тұқымы бұрыннан бар дегенді естіп атбасын бұрады ғой. Хиуада түрікменнен 40-50 қыздың жасауының құнын беріп алған дей ме, әйтеуір, ақалтекенің бірнеше биесі мен айғыры бар дегенді естіп, соған саудаласып көреді. Және жай айғыр емес, қылқұйрық атаулының алдын бермей жүрген хас жүйріктің өзі деседі. Бірнеше тайтұяқ алтын ұсынады. Айғырды алатын болып келіседі. Алайда әмірдің екіжүзді жандайшаптары мұны алдап апарып, жабылып қол жұмсап ұстап, таңғы намаздан соң басын алмақ болып отыр екен. Кіші жүз тама, табындағы қандыкөйлек достары естіп қап, түнде жасырын барып құтқарып жібереді.

Бірақ бұл орта жолдан қайта барады ғой... Өйтпесе, қаракесек Сазанбай бола ма?! – Ханның қатқыл жүзіне нұрлы күлкі үйірілді.Тамағын кеңеп, одан әрі жалғастырды.

– Сансызбай батыр түйелі адамның иегін қағатын биік дарбазадан өтіп, әмірдің қарулы әскерден күзет қойып, кісендеп бағып отырған көк айғырдың шынжырын қолымен бұрап үзіп, қарғып мініп, Хиуаның ит адасқан бұралаң көшесін: «Қарқабат!» деп қақ жарып шауып өткен. Сол сабаз міне, осы!.. Қалың нөкер қаумалай қуғанда төрт аяқтыға шалдырмай, қардай бораған оқтың бірде-бірін дарытпай өткен атты дүлділ демей не дерсің?! Ертоқымсыз, жайдақ мініп шапқан соң Көкжайдақ атанған сол айғыр мына Сазанбайдың ауылында тұр. Бірақ жат жердің суын ішіп, шөбін жеген текті тұлпардан тараған құлынның бәрі бірдей мықты болып туа бермейді дейді мына қариялар. Жерсінбейді екен.

– Біздің биелерді менсінбейді десеңші! деп қалды қарттардың бірі жұртты ду күлдіріп.

– Иә, солай! Бие айғырдан шыққанымен, туа алмайды дейді. Осы Көкжайдақтан шыққан биенің сегізі өліп, тоғызыншысының ішін жарып алған жалғыз шарана құлын ғана аман қалған. Сазанбай атбегі қарттармен ақылдаса келе, енді осы тұлпардың биесін сатып әкелсем бе деп отыр. Сонда ғана ерге лайық ат туады дейді. Көтергенінше тайтұяқ алтын, сый-сияпат, қасына біраз сарбаз қосып жібергелі отырмыз. Үйінде шиеттей бала-шағасы, қарт әке-шешесі қалып барады. Соны мына сіздер білсін деп, ақыл қоссын, батасын бере ме деп жинап отырмын.

Тақ тәрізді етіп парсы кілемін жапқан биік төрден түсіп келіп ханның өзі Сазанбайға ақ жол тіледі.

Бізге жеткен тарихи деректерге жүгінсек, жоғарыда баяндалған оқиға одан әрі былай өрбіген. Тұлпар қолды болысымен-ақ ақылшылары мен көмекшілері әмірге келіп: «Бұл айғырды алған адам енді, сөз жоқ, биесін алуға келеді. Мықты аңду қойып, әне, сонда қолға түсіру керек», деп шегелеп қояды. Қазақтың қаракесек Сазанбай батыры кектеніп кетіп еді, бұл соның ісі болмаса қайтсін, дегендер де болған.

Хиуа шаһарына жақындай бере қасындағы Кешубай, Қосағалы, Қашқынбай, Орынбай бастаған 20 серігін бір қағаберіс жерге қалдырып, әуелі өзі жеке бір шолып келмек болып барған Сазанбай батыр сайланып жатқан әлгіндей көп аңдушының ортасына тап келіп, аңдаусызда қолға түсіп қалады. Биені сатып алмақ боп қанша мәміле жүргізгенімен нәтижесі оңға баспай, қолына кісен салынады. Арада 2-3 күн өтісімен қараниет әмір жұмада өтетін қайнаған қан базардың төріне арнайы биік тұғыр жасатып, дар ағашын орнаттырып, жұртты хабарландырып қояды. Кісендеулі Сазанбай батырды осында әкеледі. Бір жағында дар ағашы, бір жағында үлкен тайқазанда су қайнап жатыр дейді. Бегдербек әмірдің өзі бастаған бектері мен би-шонжарлары да келіп, қарулы нөкерлер қоршап тұрады. Әмірдің жендеттері батырды алға шығарып:

– Кәне, анау қазақтарыңа айқайлап айт. Көк айғырды тездетіп алып келсін. Оны алып келгенше сені босатпаймыз!

– Уа, халайық! – дейді батыр сілтідей тыныпп тұрған көпшілікке қарап. – Мен атты ұрлап алғаным жоқ. Ақ адал ақысын төлеп, алдап бермеген соң кектесіп, тартып алдым. Себебі, мұндай хас тұлпарларды сіздерде жат жұрттан елін қорғауға емес, қайта қорлауға, бейқам жатқан ауыл-ауылды тонап, ағайынның қанын төгуге жұмсап отыр...

– Әй, тоқтат, кәне! – деп жекірді әмірдің жандайшаптары.

Батыр сонау зеңгір аспанға көз жіберіп бір сәт үнсіз тұрып қалды дейді... Кім біледі, кір жуып-кіндік кескен самалы жұпар туған жер, үйде қалған қауқарсыз ата-ана, құдай қосқан жары мен сары ауыз балапан жас балалары ойына оралды ма екен?..

Батыр бойын тез жинап алады. Кенет көз алдына жау ойрандап өртенген ауыл, улап-шулап жылаған аналар мен балалар елестейді. Дәл тұсынан Абылайдың қалың дұшпанға әруақты күңіренте, атойлап қарсы ұмтылған сұсты бейнесі өтіп бара жатқандай сезінеді.

– Арқа жақтан келген азаматтар бар ма, осында? – деп саңқ етті. Сол сәт қоршап тұрған қарулы қалың нөкерлерге қарамастан, әр тұстан:

– Бар! Бар! – деген үндер естіліп қалды.

– Онда, – деді батыр, бірге қан төгіскен, жорықтас бауырларыма, Сарыарқадай жеріме сәлем айт! Абылайдай ерге сөзімді жеткіз. Соңғы сөзім мынау: «Мендей бір ұл туар, Көкжайдақтай ат тумас! Тұлпарды бермеңдер!» – деп бір-ақ кесті.

Жиналған көпшілік жай түскендей селк етіп, үрейлене тынып қалған. Батыр нық адымдап, дар ағашына қарай беттей берді. Манадан ызадан жарылардай болып әзер отырған Бегдербек әмір шар-шар етіп ұшып тұрып, қолын шошаң-шошаң еткізіп:

– Өлтіріңдер! Өлтіріңдер! Дарға... дарға! – деп әмір берді.

...Сазанбай батырдың ерлік өлімі жайлы әңгіме ауылдан-ауылға тарап, ұланғайыр қазақ даласының әр қиырын шарлап кетті. Сан түрлі аңыз боп айтылды. Қаныпезер Бегдербектің абақтысын бұзып шығып, Қарақұмға келгенде астындағы нашар ат болдырып, қайран ер сонда өліпті десіп те жүрді...

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
*Қарағанды облысы*

**Әдетте «этикет» сөзі біздің ойымызда қымбат мейрамханалармен, галереялармен, классикалық киіммен, сән-салтанатты кештермен байланысатыны рас. Фильмдерде де қарапайым отбасынан шыққан кейіпкер ақсүйектер ортасына барғанда шанышқылардың санынан жаңылып, өзін ыңғайсыз сезініп жататын эпизодтар көп. Қоғамдағы теңсіздіктен арылу идеясы қызу насихатталып жатқан бүгінгі дәуірде бұл түсінік кейде тіпті кері ықпал ететіндей де көрінуі мүмкін. Сөйтсек, негізі этикеттің түпкі мәні – өзгелердің ағаттығын елемеуде жатыр екен. Жуырда этикет бойынша сарапшы Құралай Сейілханмен жолығып, бұл ұғымның біз білмейтін қыр-сыры жайлы сұрап-білдік.**

# НАҒЫЗ ЭТИКЕТ – *өзгелердің ағатты ғын елемеу*

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

### БАРЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЛОГИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН

Сонымен этикет адамдардың немесе қоғамның қандай проблемасын шешеді? Құралай Сейілханның айтуынша, оны көлік жүргізу ережесімен салыстыруға болады.

«Артта қалған елдердің көбінде жолда жүру мәдениеті төмен: ол жақта көлік айдау да, жолды кесіп өту де қорқынышты. Бәрі де бір-біріне қауіп төндіреді. Ал жол ережелері реттелген елдерде адамдар өзін сенімді әрі қауіпсіз сезінеді. Этикетте де солай: ол адамдарға мейлінше жұмсақ қарым-қатынас құруға көмектеседі», – дейді сарапшы.

Этикет ережелерін жаттап жүру кейде бізге іш пыстырарлық, тіпті, мүмкін емес-тей дүние болып көрініп жатады. Алайда оларды жаттаудың қажеті жоқ, бар болғаны – логиканы қосу жеткілікті екен.

«Этикет сарапшысы ретінде айтарым – этикет ережелерін толықтай жаттап алу мүмкін емес, оның керегі де жоқ. Бізге қажеті – логика ғана. Ол ережелерді дәл солай болуы керектігі үшін әлдекімдер жазып қоймайды ғой. Кез келген этикет ережесіндегі басты принцип – ыңғайлылық. Мысалы, үстел этикеті бойынша бізге шайды шыныаяқ пен астындағы табақша арқылы береді. Үстел басында отырғанда табақшаны қалдырып, шыныаяқты көтеріп ішеміз. Ал үстелден 30 см-ден аса алыстап, орындыққа шалқайып отырып шай ішкің келсе, табақшамен бірге алуың тиіс. Неге? Өйткені киіміңе шай тамып кетуі мүмкін. Тағы бір мысал, іскерлік ортада кейбір іс-шараларға әйелдерге 4 см-ден биік өкшемен келуге тыйым бар. Егер 7 см болатын біз өкшемен барсаңыз, сізді кіргізбейді. Неге? Елестетіңізші: тура сіз сияқты 150 әйел шараға 7 см-лі өкшемен келсе, туфлидің тоқылынан спикерлерді есту мүмкін болмай қалатын еді. Бәрі логиканың айналасында құрылған», – дейді Құралай.

### ЭТИКЕТ ҮШІН ЭТИКЕТТІ БҰЗУҒА БОЛАДЫ

Бүгінде елімізде арнайы оқу орындарын бітірген 4 этикет сарапшысы бар екен. Құралай Сейілхан – солардың бірі. Құралайдың осы саладағы алғашқы ұстазы – 20 жылдан астам уақыт бойы ArtdeVivre («француз аристократы секілді өмір сүру өнері») ілімі бойынша оқытушылықпен айналысатын, Lancome, Chanel тәрізді танымал брендтер қызметіне жүгінетін FRENCH TOUCH этикет ательесінің негізін қалаған Графиня Мари де Тилли болыпты. Графиняның ата-бабалары 1865 жылдан бері сарай этикеті бойынша сабақ беріп келе жатыр екен.

– Негізі этикеттің әуел бастан келе жатқан алтын ережесі біреу: ол – басқалардың ағаттығын елемеу. Жоғары этикет үшін этикетті бұзуға болады. Мұндай жағдайлар тарихта аз емес. Мысалы, ұстазым Графиня Мари де Тилли бізге мынадай хикаяны айтып берген. Оның әжесі маркиза де Тиллидің поместьесіне дін қызметкері қонаққа келеді. Қонақтар тамақтанып болған соң, сарай қызметшілері оған ішінде лимон қосылған суы бар күміс тостаған мен күміс қасық әкеледі. Дін қызметкері көп ойланбастан, қасықпен әлгі тостағанның ішіндегі суды алып, іше бастайды. Мұндайды күтпеген айналасындағылар қонақтың тосын қылығына ду күледі. Кенет маркиза да дәл солай қасықпен суды іше жөнеледі. Басқалар күлген соң аңырып қалған діндар қасықты қояды да, енді тостағанды көтеріп, ішіндегі суды сіміріп салады. Маркиза да бұл әрекетті қайталайды. Кешкі ас аяқталып, қонақтар дастархан басынан тұрғанда маркиза діндардың жанына барып: «Дін қызметкерлерінің өте жұпыны өмір сүретінін, күміс ыдыстағы сумен қолын жумайтынын ескермей қалғаным үшін кешірім сұраймын», – деген екен.

Осыған ұқсас жағдай 1961 жылы Кеңес одағынан шыққан ғарышкер Юрий Гагариннің Англияда II Елизабета патшайымның қабылдауына барғанында болған. Лимон қосылған шай ішіп болған соң, Гагарин шыныаяқ түбіндегі лимонды алып, сора бастайды. Этикет бойынша шай түбінде қалған ештеңені жеуге болмайды. Бірақ патшайым да жалмажан солай істеп, ғарышкерді ыңғайсыз жағдайдан құтқарған екен. Яғни ол жоғары этикет үшін қарапайым этикетті бұзды, – дейді этикет сарапшысы.

### ПРЕЗИДЕНТТЕР ПРОТОКОЛШЫ ЖАЛДАЙДЫ

Қоғамдық немесе үстел этикеті жағдайға, уақытқа қарай өзгеріп отырса, халықаралық ресми этикет бекітілген, өзгермейтін, қатаң ережелерден тұрады. Негіз ретінде британиялық этикет алынған.

«Халықаралық этикет мәселелерін әдетте әр тараптың протоколшысы реттейді. Этикет дегеніміз – бір адамның екінші бір адаммен қарым-қатынасына қатысты болса, халықаралық протоколда бір мемлекеттің екінші мемлекетпен қарым-қатынасы ережелері жазылады. Мәселен, халықаралық ресми жиындарда президенттердің немесе басқа да лауазымды тұлғалардың костюмінің түсі, галстуктың ұзындығы, тулардың қаз-қатар тұру реті, тіпті тағып келуге болатын қолсағаттың брендіне дейінгі барлық мәселе – протоколшылардың жұмысы. Кез келген президенттің штабында өз протоколшысы болады. Я болмаса ірі ұйымдар арнайы протоколшы жалдайды», – дейді Құралай Сейілхан.

Протоколшыларды дайындайтын жоғары оқу орындары Швейцария мен Ұлыбританияда бар екен. Жай диплом алып қана қоймай, бұл істе маманның тәжірибесі, түрлі мәдениеттер жайлы білімі терең болуы керек.

«Мысалы, Қытайға баратын болса ол жақта қандай дәстүрлер барын алдын ала зерттейді, құжаттағы маңызды пункті 13-ке орналастырмайды, сол сияқты өте көп ұсақ дүниеге дейін дайындалады. Халықаралық іскерлік этикет – өте қатаң: ел президенттері бір-біріне 45 см-ден ары жақындауға болмайды, арада 70 см қалғанда ғана қол созу керек», – дейді этикет сарапшысы.

### СТИВ ДЖОБСТЫҢ КОСТЮМ КИМЕГЕНІ РАС ПА?

Құралайдың пікірінше, іскерлік этикетті жетік білу – қызметтегі табыстың кепілі.

«Қазір байқасаңыз, мекемелердің адам ресурсы жөніндегі мамандары, яғни HR-лар маңызды кадрды жұмысқа аларда кездесуді кеңсеге емес, кафе-мейрамханаларға белгілейді. Өйткені бүгіндері жоғары бағаланатын икемді дағдылар, яғни soft skills осындай жерлерде анығырақ байқалады. Мен HR-лармен көп жұмыс істеймін. Сондағы бір байқағаным – олар мені көбіне тек бөлім басшылары, банк филиалдарының директорлары сияқты лауазымды мамандармен қарым-қатынас этикетін үйрету үшін шақырады. Негізі, дұрысында, қарапайым қатардағы қызметкерлермен қарым-қатынас этикетін жақсарту әлдеқайда пайдалырақ. Өйткені халықпен жұмыс істейтін – қатардағы жұмысшылар ғой. Өкінішке қарай, оларға келгенде HR-лар этикетке көп ойланып жатпайды. Жасыратыны жоқ, көп мекемеде HR қызметіндегі маманның өзі «мына құжатқа қол қой» дегеннен басқаны білмейді», – дейді этикет сарапшысы.

Құралайға үнемі қара водолазка мен көк джинсы киіп жүрген Стив Джобсты мысал ететіндер көп екен. Сонда «алманың атасы» іскерлік этикетті маңызды деп таппағаны ма?

«Негізі Стив Джобс біз таныған кезден кейін ғана джинсы мен водолазкаға көшкен. Жас кезіндегі, бизнесті енді бастаған шақтағы суреттерін қарасаңыз, бәрінде де Джобс костюммен жүрген. Өйткені батыста іскерлік этикет ережелері қатаң сақталады. Кейін ғана барып, Стив Джобс өз атын қалыптастырып алғаннан кейін өзге әріптестерінің, «Уолл-Стрит қасқырларының» арасында ерекшелену үшін өзіне тән имиджді ойлап тапты», – дейді Құралай Сейілхан.

### ТАБУ ТАҚЫРЫПТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Әңгіме соңында Құралайдан өзіміз өмірде жиі кездесетін жайттар туралы сұрадық.

«Кинотеатр, пойыз, ұшақ сияқты қоғамдық орындарда сізге әлдене кедергі келтіріп жатса, бұл туралы кедергі келтіріп жатқан адаммен емес, үшінші тараппен сөйлесу керек. Біріншіден, пайдасыз, екіншіден қауіпті болуы мүмкін. Конфликтке бармаңыз. Мысалы, кинотеатрда әлдекім сіздің орындығыңыздың арқасынан теуіп, маза бермеді делік. Әлгі адаммен тікелей байланысқа шығудың, ескерту айтудың, тәжікелесіп, жүйкеңізді құртудың қажеті жоқ. Үшінші тарап – кинотеатр әкімшісіне шағымданыңыз. Сол секілді, пойызда да, ұшақта да басқа жолаушылар тарапынан сізге ыңғайсыздық туып жатса, бұл туралы жолсерікпен немесе бортсерікпен сөйлескен орынды», – дейді этикет сарапшысы.

Сондай-ақ көпшілік адам жиналған ортада, үстел басында әңгіме қозғауға болмайтын табу тақырыптарды да ұмытпаған абзал.

«Дін, саясат, денсаулық, қылмыс – осы төрт тақырып турасында әңгіме айтпағаныңыз дұрыс. Өзім көп байқаймын, мысалы, алкогольді ішімдіктер тұрған жерде кейбір кісілер бокал соғыстырмайды. Бұл, әрине, көпшіліктің назарын аударады. «Мен діни сеніміме байланысты ішімдік ішпейтін едім» немесе «Қазір емделіп жүр едім» деген себептерін айтып, ақталып әлек болады сосын. Біріншісінде – дінді, екіншісінде денсаулықты айтып, адамдардың назарын өзіңізге аударып жатырсыз. Ең дұрысы, әрі этикет бойынша орынды әрекет – өзгелердің еш сұрағын тудырмас үшін бокалыңызды соғыстырыңыз да, ішпей-ақ қойыңыз», – дейді маман.

Ал қонаққа кешігіп баруды әдетке айналдырғандардың бұл қылығы этикетке қаншалықты сай келеді дейтін болсақ, мейрамханада болатын тойларға уақытылы, кешікпей барған дұрыс. Бұл уақытта сіз той иесін жеке құттықтауға мүмкіндігіңіз болады. Ал үйге қонаққа барарда шақырған уақыттан сәл кешігіп бару этикетке сай. Өйткені ертерек барып, әлі дайындалып үлгермеген үй иесін ыңғайсыз жағдайға қалдыруыңыз мүмкін.

Құралай этикетті тек қоғамдық жерде ғана сақтауға тырыспай, оған үйде жүргенде-ақ дағдыланған дұрыс екенін айтады.

– «Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз» деп қазақ бекер айтпаса керек. Үйде қалай болса солай әдепсіз жүріс-тұрысқа үйреніп қалған адам сыртқа шыққанда өзін бәрібір басқара алмай қалады немесе басқару қиынға түседі. Сондықтан ерінбей балаларыма да, жолдасыма да дастарқан басындағы этикетті сақтауды үйретіп отырамын, – деп жымиды кейіпкеріміз.

# ТҮЙЕ ЖҮНІ ТӘНГЕ ЕМ

**Жалпы халық арасында түйе жануары ерекше қасиеттерімен дараланады. Жаратылысынан шөлге шыдамды келетін бұл түліктің жүні емдік қасиетке бай саналады.**

Ертеректе көп жағдайда сынған, ауырсынған жерге түйе шудасын тұзды суда қайнатып, емдік мақсатта пайдаланған. Сонымен қатар түйе жүнінен жүн шекпен тігілген. Бұл сырт киім жылы әрі жұмсақ болған.

Қазір ел арасында жоғары қасиетке ие түйе түбітінен түрлі бұйымдар әзірлеп, халық игілігіне ұсынып жүрген жандар да аз емес. Соның бірі – қызылордалық кәсіпкер Индира Жұмашева түйе жүнінен көрпе тігуді кәсіпке айналдырып отыр. Ол айыр өркештің өнімінен дайындалған көрпелерін Аралдың брендіне айналдырғысы келеді. Кәсіпкердің айтуынша, қазірдің өзінде көрпе тігу үшін жылына 1,5 тонна түйе жүнін пайдаланады екен.

Еңбек жолын сұлулық салонынан бастаған Индира денсаулығы сыр берген соң жаңа кәсіпті меңгеруге бел буады. Осылайша, тігін өнерінің қыр-сырына үніледі. Жастайынан анасынан үйренгенін жетілдіріп, біліктілігін арттырады.

Бүгінде ол құрған «Ай-Аружан» тігін орталығында 15 адам жұмыс істейді. Оның үшеуі – мүмкіндігі шектеулі азаматтар. Тігін орнында көрпеден өзге, перделер, тұрмысқа қажетті басқа да дүниелер дайындалады.

«Қазір тұтынып жүрген жамылғы көрпелердің басым көпшілігі синтетикалық матадан жасалады. Арал өңірі-ақ сазанынан өзге түйе түлігімен де танымал екенін жақсы білесіздер. Сондықтан да маған «түйенің жүнін неге кәдеге асырмасқа?» деп ой келді. Алғашында түйе жүн көрпені дайындап, өзім пайдаландым. Түйе жүнінен жасалған көрпе жеңіл, әрі ауа өткізу қабілеті жоғары болып келеді екен. Осылайша, жаңа өнімді нарыққа шығаруды қолға алдым», – дейді Индира Жұмашева.

Бүгінде кәсіпкердің түйе жүн көрпе тігумен айналысқанына да 5-6 жыл болған. Оның айтуынша, бір адамдық көрпеге 1,8-2 килограмм жүн кетеді. Онда да көрпеге түйенің барлық жүні жарай бермейді, тек бүйір жүні пайдаланылады. Сонымен қатар ол келешекте синтетикадан жасалатын көрпелерді өзгертуге бел байлап отыр.

«Бір түйеден 3 килограмдай бүйір жүн шығады. Біз соны пайдаланамыз. Ол ең жұмсақ, қолдануға қолайлы. Оны жақсылап жуып-тазалап, түткеннен кейін ғана көрпе дайындалады. Өніміміз экологиялық таза. Жақында сәйкестендіру сертификатын алдық. Қазіргі уақытта бізде көп жағдайда түйе жүнін сыртқа жібереді. Соған орай сапалы шикізатты жинау үшін ауылдарды аралап, алдын ала ақысын төлеп, келіссөздер жүргізіп жатырмыз», – дейді кәсіпкер.

Негізінен түйе жүні түбіт, аралық қылшық, жай қылшық және шуда болып бөлінеді екен. Соның ішінде шуда жүнінің емдік қасиеті жоғары бағаланады. Атап айтқанда, оның буын, құяң, бүйрек аурулары және радиация сәулелеріне қарсы емдік қасиеті ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Жалпы түйе жүнінен неше түрлі өрмек жіптер иіріп, түрлі бұйымдар әзірлеген. Оның ішінде шекпен қап, қоржын, белбеу кілемше тоқылса, ат әбзелдерін жасауға да пайдаланылыпты. Сондықтан да нарықта әлі күнге дейін түйе түбітіне деген сұраныс өте жоғары саналады. Ал түйе жүнінен жасалған көрпелер құндылығын жоғалтқан емес.

Осы орайда түйе жүнін төсек-жабдықтарда қолдану аясын кеңейту үшін кәсіпкер түрлі мамандармен кеңесіп, жұмыс істеп жатқанын алға тартады. Жақын арада Алматы қаласынан арнайы эксперт алдырып, мамандарын оқытуға да бел буып отыр. Одан бөлек Италия, Түркия елдеріндегі әріптестерімен де тығыз байланыс орнатып жатыр.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл түйе жүнінен жасалған көрпелерге Астана, Алматы мен Қарағанды-ның тұрғындары ерекше қызығушылық танытып, жиі тапсырыс береді екен.

Кәсіп иесі өз ісін жетілдіруде Кәсіпкерлер палатасының қолдауы ерекше екенін атап өтті. Салаға қатысты түрлі жаңалықтарды, қолдау механизмдерін осы ұйым арқылы меңгеріп жүргенін айтады.

Осы орайда айта кеткен абзал, биыл Индираның түйе жүн көрпесі Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында жеңімпаз деп танылған.Ендігі кезекте республикалық кезеңде бақ сынайтын болады.

Көрпе тігуді кәсіпке айналдырған оның алға қойған мақсаты да ауқымды. Алдағы уақытта түйе жүнін пайдалану көлемін бірнеше есе арттырып, кәсібін кеңейтуді көздеп отыр.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
*Қызылорда облысы*

# Жас өнертапқыштар ЖАҢАП ТҰР

**Жақында әлеуметтік желіні ақтарып отырып, қыз-келіншектерді харассменттен қорғайтын мобильді қосымша жайлы ақпаратты көзіміз шалып қалды. Түбіне дейін зерделеп қарасақ, аталмыш жобаның авторы мектеп оқушылары екен. Жас өрендердің идеясынан туған қосымша бүгінде көптің қолданысына еніп үлгеріпті. Өзіндік маңызы бар осындай жобаларды байқағаннан кейін алматылық оқушылар жүзеге асырған стартаптар жайлы іздене бастадық. Ерекше жобалары арқылы көзге түскен дарынды оқушыларды тауып, өздерімен тілдескен едік.**



## «FORBES 30 UNDER 30» РЕЙТИНГІНЕ ЕНГЕН ДИНАРА

Алматылық оқушы Динара Қалихан «Forbes 30 under 30» тізімін небәрі 17 жасында бағындырған. Болашағын STEM бағытымен байланыстырған жеткіншек музыка мен спорттан да кенде емес.

Динара – жоғарыда атап өткен қыз-келіншектерге жасалатын харассменттен қорғауға арналған жобаның авторы. Table 99 мобильді қосымшасын досы Асыл Наршамен бірге жасап шығарған. Осы қосымшаның авторлары ретінде екеуі Forbes тізіміне енген. Жобаның басты мақсаты – адамдарды, әсіресе қыз-келіншектерді харассменттен, қоғамдық орындарда жиі болатын қауіп-қатерден қорғау. IOS пен Android-тағы көрсеткіштерді қосқанда, қазір қосымшаны мыңдаған адам пайдаланады.

– Table 99 жобасын іске асыру идеясы кенеттен пайда болды. Бір күні теледидардан белгісіз адамның қыз артынан аңдып, соңы қыздың қайтыс болуымен аяқталған жаңалықты көрдік. Келесі күні осы оқиғаны еске алып отырып, TikTok-тан американдықтардың видеосын көзіміз шалды. Кафеде түсі өзгелердікіне ұқсамайтын ерекше коктейльге тапсырыс беру арқылы өзіне қауіп төнгенінен белгі береді. Мұны көрген даяшылар қызға көмектеседі. Біз дер кезінде жылдам қол ұшын созатын жоба жасап шығарғымыз келді. Қосымшаның атауы ретінде «Үстел 99» деген сөзді алдық. Бұл атауды қойған себебіміз – кафелер мен ресторандарда 99-үстелді таба алмайсыз. Цифрлардың ішінде кездеспейтін санды айту арқылы өзіңізге қауіп төнгенін білдіре аласыз, – дейді Динара Қалихан.

Мобильді қосымшада мейрамханалар, дүкендер, басқа да мекемелер қамтылған. Көмекке мұқтаж адам «Table 99» немесе «99-үстел» деп айту арқылы тегін әрі шұғыл көмек ала алады.

Динара алғашқы жобасын 10-сыныпта жасаған. Smart Baby Seat деп аталатын жобасы негізінде көлікке қоятын сенсоры бар балаларға арналған орындық ойлап тапқан. Сенсор баланың температурасын өлшейді. Егер көрсеткіш 37 градустан жоғары болса, баланың ата-анасына дереу SMS хат жіберіледі. Қосымша бүлдіршіннің ата-ана қарауынсыз науқастанып қалуы, бала өлімі сынды келеңсіз жайттарды алдын алуға көмектеседі. Алайда жобаның ғұмыры ұзаққа созылмаған. Динара мұның себебін қоғам сұранысымен байланыстырады:

– Жобаны жасау барысында бұл тақырыптың халық арасында әлі де өзекті емес екенін түсіндім. Бұл – АҚШ сынды елдерде маңызы бар тақырыптардың бірі. Американдықтардың өмірінде ата-аналар көлікте балаларын қалдырып кетіп, соңында баланың өміріне қауіп төнетін жағдайлар жиі болады. Ал Қазақстанда мұндай фактілерді естіп көрмедім, – дейді автор.

Динараның көптің таңданысын тудырған соңғы жаңалығы – әлемнің 26 жоғары оқу орнынан шақырту алуы еді. Кейіпкеріміздің сөзінше, құжат жіберген оқу орындары ішінде ең соңғы шақырту Стэнфорд университетінен келген. Google, Instagram, Netflix компаниясының негізін қалаушылар, АҚШ-тың 31-президенті, әлемге әйгілі миллиардерлер оқыған Стэнфордта білім алу енді Динараға да бұйырғалы тұр.

– Стэнфордтың технопаркі стартаптарды жүзеге асыру үшін көп мүмкіндік береді. Оқуға түскеннен кейін де стартап жобаларымды әрі қарай жалғастырғым келеді. Университет жанында Apple, Facebook сынды ірі компаниялары бар Кремний алқабы орналасқан. Сол себепті бұл оқу орны – мен үшін сәтті таңдау болды, – деп ағынан жарылды ол.

## ӨРТ КЕЗІНДЕ АДАМ ӨМІРІН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБА

Соңғы жылдары елімізде өрт фактілері өршіп кетті. Нұрқасым Хафиздің ойлап тапқан жүйесі бұл мәселені шешуге тамшыдай болсын үлес қосады. Ол «Өрт сөндірудің ақылды жүйесі» өнертабысының авторы ретінде патент алған.

– Жүйе сенсордан немесе дабыл түймесінен сигнал алады. Осыған сәйкес адамдар үшін эвакуация жолдары ашылып, өрт сөндіру процесі басталады. Жүйе әлі толыққанды қолданысқа енген жоқ. Бірақ болашақта іске қосу мүмкіндігін қарастырып жатырмын. Алда әлі көп ізденісті қажет етеді, – дейді жас өнертапқыш.

Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Нұрқасым бірнеше мәрте әлемдік додаларға қатысып, жүлдесіз оралмаған. Жуырда Малайзияда 6-9 тамыз аралығында өткен «AIMO-2023» халықаралық математика олимпиадасында алтын медаль иеленіп, абсолютті чемпион атаныпты. 45 елдің білім дарабоздары бас қосқан жарыста Нұрқасым көк туымызды желбіретіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

– Болашақта инженер болғым келеді. Бұл – математикамен қатар химия, физика пәндерін біріктіретін, үлкен фантазиялық ойларды талап ететін сала деп ойлаймын, – дейді ол.

## БАСҚАРУ САЛАСЫНА СЕРПІЛІС АЛЫП КЕЛГЕН ҚОСЫМША

Тамос Едьюкейшн мектебінің 11-сынып оқушысы Адриано Мұрат Симончини – басқару саласына өзгеріс алып келген жас өнертапқыштардың бірі. Ол iFirm деп аталатын жобаның негізін қалаушы және бас директоры. IFirm – бизнес пен жеке тұлғалар үшін қаржылық қызметті жүргізу тәсілін оңтайландыратын инновациялық онлайн-қосымша.

– Қосымша пайдаланушыларымызға күту қажеттілігін, қағазбастылықты болдырмауға көмектеседі. Онлайн режимде негізгі қаржылық операцияларды жүргізуге таптырмас мүмкіндік. iFirm қосымшасы арқылы сіз клиенттермен оңай есеп айырыса аласыз. Қызметкерлердің жалақысы мен салықтарды да автоматты түрде төлеп отырасыз, – дейді автор.

Мұрат бұл платформасының негізгі артықшылықтарын атап өтті:

– Біріншіден, қосымша күрделі бюрократиялық процедураларды күтпей-ақ операциялық қызметтерді жүзеге асырады. Бұл экономиканың дамуына және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Екіншіден, iFirm компаниялар мен кәсіпкерлерге әкімшілік жүктемені азайтады. Қателіктер ықтималдылығын төмендетеді. Барлық деректер нақты уақыт режимінде қолжетімді. Бұл өзгерістерге дер кезінде жауап беруге, шешім қабылдауға мүмкіндік береді, – дейді.

Мұрат өзін бір бағытпен шектеліп қалған оқушылар қатарынан көргісі келмейді. Сөздерінен мейілінше жан-жақтылыққа ұмтылғысы келетінін байқадық. Ол тәуелсіз есепшілердің ауқымды әлемдік желісі саналатын Грант Торнтон компаниясында тәжірибеден өткен. Жеке қайырымдылық қорында волонтер ретінде қызмет етеді. Түрлі әлеуметтік жобаларға қатысып, өзін сан қырынан аша білетін қабілетке ие. Тіпті IT мен технология саласында білген-түйгенімен бөлісу мақсатында бағдарламалаумен айналысатын IT клуб құрған.

– Технологияға, бағдарламалау мен инновацияға құштарлығым ерекше. Осы салада білімім мен дағдыларымды тереңдетуге тырысамын. Бұл мамандық арқылы үнемі білім алып, дами отырып ақпараттық технологиялар саласына үлес қосуға мүмкіндік бар екенін түсінемін, – дейді Адриано Мұрат Симончини.

## ЖЕР СІЛКІНІСІН БОЛЖАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН НАНОСПУТНИК

Он бес жастағы Шолпан Амангелдінің ойлап тапқан спутнигі озон қабатының жай-күйінен ақпарат береді. Осының арқасында құрғақ климатты аймақтарға жасанды жаңбыр шақырып, жер сілкінісін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Бұл геоақпарат аграрлық өнеркәсіп пен қала құрылысы мамандары үшін де мәселелерді оңтайлы шешуге септеседі. Құрылғы заманауи сенсорлар мен аналитикалық құралдармен жабдықталған. №138 мектеп-гимназияның оқушысы Шолпан дәл осы құрылғысы үшін Индонезияның Бали қаласында өткен жас өнертапқыштар байқауында алтын медаль иеленген:

– Спутникте бес сенсор бар. Оның екеуі – барометр мен аксиометр. Ал қалған үшеуі химикалық газдарды зерттейді. Химиялық сенсорлар негізінде метанды және т.б. химикалық бөлшектерді анықтауға болады. Бұл наноспутникті бір жыл көлемінде жасадым. 93 рет шашып, қайта құрдым, – дейді Шолпан.

Озон қабаты – күннің қатал ультракүлгін сәулесін сіңіре отырып, жер бетін шамадан тыс радиациядан қорғайды. Ол атмосфераның жоғарғы қабатындағы температураға ықпал етеді. Мамандардың сөзіне құлақ ассақ, соңғы жылдары озон қабаты жұқарып, тіпті кейбір аудандарда мүлдем жойылып, нәтижесінде озон тесіктері пайда болған. Ғалымдар мұндай жаһандық өзгеріске антропогендік факторлардың әсері бар екенін айтып дабыл қағады. Ғарыш зымырандарының ұшырылуы, ауыл шаруашылығында азот тыңайтқыштарын қолдану және 12-15 км биіктікте ұшатын ұшақтар озон қабатының бұзылуына әкеліп соғады.

## VOICIO МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

IT әлемінде қоғамға үлкен үлес қосуға болатынын ұғынып, мұндай мүмкіндікті өндірісте қолданып жүрген жастардың бірі – Алдияр Оразалин. Хейлибери мектебінің оқушысы, халықаралық олимпиадалардың жүлдегері Алдияр Voicio платформасын ойлап тапқан. Бүгінде Алдияр – мектебіндегі робототехника командасының капитаны. Оның Voicio қосымшасы – мүмкіндігі шектеулі жандар үшін аса қажет құрал. Мобильді қосымша ым-ишараны дауыстық хабарламаға айналдырады. Қосымшаның негізгі мақсаты – есту, сөйлеу қабілетінде қиындығы бар адамдардың еркін қарым-қатынас жасауына, ойын еркін жеткізуіне көмектесу.

– Технологияның қуаты мүмкіндігі шектеулі жандардың жолында кездесетін кедергілерді жойып, оларға өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуге көмектеседі, – дейді жас өнертапқыш.

Қазақта «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейді. Ғылым жолына жаңа ғана қадам басқан өнертапқыштар жайлы әңгімелеудегі мақсатымыз да сол – жас та болса көп ізденіп, қоғам игілігіне қызмет етіп жүрген замандастарымызды көпке таныстыру еді. Бір Алматы емес, елімізідің әр түкпірінде жаңалық ашуға құмар зияткерлер қаншама. «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкендікішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады». Алаштың біртуар азаматы Қаныш Сәтбаевтың осы бір орамды ойлары мақсатымызды айқындай түскендей...

**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
*Алматы қаласы*

# ЖАСАМПАЗ ИДЕЯЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

**2021 жылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жастардың жасампаз жобаларын жүзеге асыруға бағытталған «Тәуелсіздік ұрпақтары» арнайы гранты тағайындалған болатын. Бұл грант бұған дейін тек республикалық деңгейде беріліп келген. Енді биылдан бастап осы грантты БҚО-дағы жастар да ұтып ала алады.**

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте БҚО Қоғамдық даму басқармасының басшысының орынбасары Қалаубек Теміров мәлім етті.

Жобаны Батыс Қазақстан облысының қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Ғасыр» жастар қоғамдық бірлестігі жүзеге асырады. Жобаға жасы 14 пен 35 жас аралығындағы кез-келген жас қатыса алады. Грант негізінен бес бағыт бойынша беріледі.

– Грантқа өтініштерді 10 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында қабылдаймыз. Кез келген жас өз жобасын дайындау кезінде жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтан кеңес ала алады. Грант төмендегі бағыттар бойынша беріледі. Атап айтсақ, мәдениет, ғылым, бизнес, медиа және IT, яғни ақпараттық технологиялар, – деді брифингте Қоғамдық даму басқармасының басшысының орынбасары Қалаубек Теміров.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша арнайы конкурстық комиссия құрылатын болады. Конкурстық комиссияның құрамына облыстық әкімдіктің басқармалары мен азаматтық қоғамның өкілдері, ғалымдар және грант бағыттары бойынша мамандар мен сарапшылар енгізіледі. Үміткерлердің өтінімдері мемлекеттік және орыс тілдерінде электронды нұсқада қабылданады.

Конкурстық комиссияның қорытындысына сәйкес 10 жоба жеңімпаз атанып, 500 мың теңге көлеміндегі сыйақыға ие болады.

Бұл жобаның мақсаты – талантты, ұшқыр ойлы жастарды қолдау, жастардың жасампаз идеяларының жүзеге асуына жағдай жасау. Бұған дейін тек республикалық деңгейде ұйымдастырылған жоба биылдан бастап барлық өңірлерде өткелі отыр.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**
*Батыс Қазақстан облысы*

**...Не жетпейді?**
**Әл-ауқат, байлық, тоқшылық жақсы-ақ.**
**Жан бағу емес, «жанды сақтау», рухани жағынан жұтамау одан да жақсы.**
**Қазір ежелгі ойшылдар мен ғұламаларға жүгініп, ертедегі тарихқа ұмтылыс басым.**

# БІЗГЕ НЕ ЖЕТПЕЙДІ?..

Егемендіктің өз заңдылықтарына сәйкес рухани білім-болмысымызды даралайтын шақ туып, ұлттық рухты өзек етіп, елге тұтқа болатын кезеңдерде ататегіміздің тарихын түгендеуге тырыстық. Бабалар рухын жастардың бойына сіңіріп, әдеби-ұлттық тәрбие жұмысын мүлдем жаңа сипатта, ұлттық мазмұнда жандандыруға жол ашылды.

Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтсе де, ойға алғанымыздың барлығы оңынан орындала қойған жоқ. Бір күнде көздеген нәрсенің бәрі орнай бермейтіні де анық. Ақиқаттан алыс сәуле де түспейді. Ұлт тәрбиесінде жаңа заман үрдістері өркениеттілік биігіне жетелеп, әлем кеңістігінде қазақ жастарының өзгелермен иық тірестіретін озық білімге қол жеткізіп, ғылым дамуына, бизнес пен өндіріс саласындағы жаңа технологияға кең өріс ашуына өз пайдасын тигізіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

Бірақ «бұрынғы қазақ қандай еді, қазіргі қазақ қандай? О заман мен бұл заманның сыңай, ыңғайы қандай? Қандай болмақ жөн?» деген ұлттық таным дәстүріндегі сұрақтарға әркім өз деңгейінде жауап іздейді. Әсіресе... «Бізге не жетпейді?» дегені – ағайынның адал жанашырлығы әрі елдің келешегін ойлағандық.

Жақында киелі Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін қандай жүйелі жұмыс істелуге тиіс» деген мәселеде нақты идеологиялық бағыт-бағдарлар сөз болды.

Ұлтымыздың жаһандану дәуір сипатындағы болмысы мен жаңа сапалық деңгей-дәрежесін қалыптастыру жолында қоғамдық ой мен тарихи сана-сезімді жаңғыртудың қаншалықты маңызды екені елтану, тұлға тану және көне тарихты зерттеулердің нәтижелі болуы тұрғысында барынша ашық және өте орынды айтылды.

«Біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады, бұл ұғымдар ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде қатар тұруы тиіс» деді Мемлекет басшысы. Ел елегінен өткен бұл ұстанымның киелі Түркістан ордасында айтылуында көп сыр бар. Жұртты ұйыстыратын бұл ерекше ұғымды ұқтыру саясаты дана ойшылдар мен ұлылардың түпкі атамекенінен басталғаны тарих парағына жазылды деп ескеруіміз керек. Ұлттың болашағына ықпал ететін елдік мәселелерді талқылаудың тарихи мәні мен құнды жақтарын екшеп қарағанда, біздіңше Адал адамдардың қасиеттері қоғам байлығымен қоса барлығымызды жақсылық пен ізгілікке жетелейтін жаңа қоғамның бет-әлпеті, негізгі арқасүйер тірегі және тұрмысты түзейтін, ойымызды орнықтыратын көшбастаушылық қуатымен құнды болмақ.

Түркістан – ер түріктің бесігі!

Егер шежірелі шаһардың қабырғасына қазақтың жылнамасы түгел жазылған десек, Адал адамдарды айшықтау жалпы мораль тұрғысында болғанымен нақ осылай жаңа қоғам, мемлекеттің жаңа биігінен таныту бұрын-соңды болған емес.

Міне, сіз бен біздің жаңа қоғамға барар жолдағы алар орнымыз осы биікте болуға тиіс.

Адал адам болу үшін не керек, не істеуіміз қажет? деген сауал төңірегінде жүз ойланып, жүз толғану ақылды адамның ісі. Қай пенденің шығарған мақал-мәтелі, не сөз тіркесі екенін білмейміз, ол былай дейді: «Ақымақ мешкей қазанның ішіне қарайды, ақылды мешкей қазанның астына қарайды». От жанбаса... Ас піспесе...ауызға да түспейді дегені шығар. Шындығы сол.

Бұл баршаға түсінікті өмір байламы.

Алайда біздің қоғам дамуында күту мен кешігудің түр-түрі келе-келе уақыттан ұтылу мен ұдайы немкеттіліктің салдарынан жауапсыздыққа ұрындыратын жағдайларға әбден бой үйретіп алғанымыз өтірік емес.

Бұған талай дәйекті мысал келтіруге болады.

Өкініштісі сол, біздің адамдар өткеннен сабақ алу дегеннің өзін ынғайға келетін тұстарын өз қалауына қарай оп-оңай икемдеп алады, жалпыға тән ащы сабақтардың өзін қайдағы бір себептерді алға көлденең тартып, тез ұмыта салуға бейім. Алысқа барудың немесе өткен-кеткенді көктей шолудың қажеті жоқ. Дүниені дүр сілкіндірген 2022 жылғы Қаңтар оқиғасының туындауы мен оның сұрапыл салдарынан дұрыс қорытынды жасап, қоғамды былықшылықтан тазарту арқылы жаңғырту жұмыстарына барынша атсалысуымыз керек еді. Ал біз болсақ, әлі күнге шейін бүкіл бетбұрыс әкелетін міндеттер мен осыған сәйкес қатал жауапкершілікті Мемлекет басшылығына артып, жүктеп, өзгерістерді үнсіз күтіп отырған кейпімізді немен түсіндіреміз? Тіптен саяси реформалардың өзіне күмәнмен қарағандар да болды.

Бір шындықтың басы ашық. Қоғамдық бақылау мен қатал қадағалау, азаматтық жауапкершілікті барлық жерде бірдей күшейту, әлеуметтік өзекті мәселелердің шешілу тиімділігіне талап қою және заң үстемдігімен өмір сүруді жантәнімізбен қолдап, жан-жақты қуаттадық. Қоғамдық ортаға сенімді ахуал, ерекше тың серпіліс керек дедік, мемлекет қазынасына қол сұққандар мен жазықтылар әділ жазалансын дедік. Отыз жыл бойы ойына келгенін істеп, еш негізсіз мол байлыққа кенелген озбыр топтардың жолын кесіп, қатал заң тәртібімен қарастыру қажет дедік. Бүкіл билікті бір адам қолына шоғырландыру дұрыс емес, қоғамдағы адалдыққа аса қауіпті екеніне көз жеткіздік. Сондықтан да әр адам жауапкершілігі мен талабының саясиәлеуметтік мәні күнделікті жағдайда айқын сезілуі алға қойылған болатын.

Соңғы жылдары, әсіресе, біржарым жылдың бедерінде Мемлекет басшысының демократиялық, жаңашыл саяси ұстанымы мен реформалық бастамаларының жүзеге асуы барысында көп үміт бірте-бірте ақталып, билікке сенім ахуалы арта түскенін көпшілік бірауыздан айтып отыр.

Жылдан жыл озған сайын жағымды жаңалықтардың барлығы халықтың билікке деген сенімді күшейту қадамдары әділеттілік тұрғысында көрініс табуда. Сыртқа жылыстап кеткен, заңсыз кеткен активтерді қайтару жөнінде нақты іс-шаралардың белгіленуінің өзі мемлекетіміздің халықпен бірлігін және елге ие мызғымас қуаттылығын көрсетеді. Бұл біздің қоғам үшін аса маңызды мәселе.

Дегенмен ескі жүйенің терең тамырланып алған сыбайлас жемқорлық «өнегесі» түбірімен жойылып кете қойған жоқ. Жуық арада тойымсыздық, ашкөздік психологиясынан арылу оңай болатын түрі байқалмайды. Себебі сол, дәніккендер мен құныққандардың билік төңірегінен ұзап кете қоймаған кәрі және жас өкілдері бір-бірінен қалыспай, тәтті кезеңнің рахатын түсінде көріп, бәз-баяғыдай шалқып өмір сүруді аңсамай тұрмайды. Бізде қызмет бабын пайдаланып, мемлекет дүниесін жымқыру өнерінде алдына жан салмайтын мырзалар мен ханымдардың шежіресіне шек бола ма, десеңіз біз қазір сол діттеген мақсатқа жету жолында өз жауапкершілігімізді даярлап, жалпы түсінік пен бұлжымас бағдарды қалыптастыру саясатына жеке-жеке атсалысуымыз да қайталап айтайық, аса бағалы іс болып отыр.

Мұны қоғамдық санаға сіңіру – ұлттық идеологияның міндеті, мемлекеттік саясаттың өзегі, ашық айтайық, бәрімізді баурайтын және қамтуға тиісті тірлік. Басқалай қалай болуы мүмкін, ә?

Ендігі жерде алда тұрған идеологиялық күрделі міндеттердің қатарында халықтың Әділетті қоғам құру талабына сай адалдық танытқан өзгерістердің барлық қала мен ауылда бірдей күшейе түскені абзал. Бұл сөз жүзінде қалып қоймай, нақты жүзеге асуы үшін қаншама жақсы бағдарламалар әзірленгенімен, оны қарапайым адамдар біліп, сезініп отырмаса, көздеген нәтижеге қол жетпейді. Қандай да ішкі қайшылықтар болмасын, алдын алу жұмысы жаңды, шынайылықпен жүргізілмесе, түйіні шешілмейді және алға қадам баспайды. Белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев биылғы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Билеуші элитаның ұзақ уақыт бойы қосарланған идеологиядық саясатты жүргізу салдарынан халқымыздың едәуір бөлігінің рухани-адамгершілік деңгейінің төмендегені байқалады» деп бекерден-бекер, тегіннен тегін айтқан жоқ. Іс пен сөз арасы алшақтады. Олар саяси трибунада бір басқа сөйледі, ал өмірде заң үстемдігі далада қалды. Кейбір ықпалды топтардың азғындауына дейін апарып ұрындырды.

Адамдар бойындағы ең жаман қасиет – екіжүзділік пен өтірік айту. Жалған есеп, бұрмаланған статистиканы алға тартып, уәдені үйіп-төгетін, көпірме сөзді ойнататын шенеуніктердің қызмет кеңсесінде өтірікті судай сапырып, қоғам үшін өліп, тірілетін образы былайғы өмірде мүлдем кереғар, қызмет бабын асыра пайдаланып, жемқорлыққа үйірсек, тоғышар нашар адамдар кейпінде азаймай отырғанын көріп отырған жоқпыз ба? Жемқорлық – жегі құрт, жаны сірі пәлекеттен, әлбетте, біржолата құтылу оңай соқпас. Әйтсе де, бұл сыбайластық құйтырқылықтың кесірінен адамгершілік құндылықтар мен сенімге селкеу түседі. Билік элитасына қаратып түрлі ауыр сөздер айтылады. Қолы таза, жүрегі ашық жақсы мемлекеттік қызметкерлер қосақтың арасында жазықсыз айыпталып та жатады. Сондықтан иә, не жетпейді? Ар-ұяттан аттап, арамдықпен қоғам ахуалына зиян-залалын тигізгенін ашық айыптайтын, оларды ұйықтатпайтын азаматтық қоғам қалыптасқанда ғана мұндай ашу шақыратын, реніш туғызатын олқы жағдайлар орын алмауы мүмкін. Ашық айтайық. Қарап тұрсаңыз, қылмыс жасап, ұсталып жатқан кім? Мемлекеттік қызметкер! Сотталып жатқандар кімдер? Кешегі шенеуніктер! Түйені түгімен жұтамын деп масқарасы шығып, түрмеге тоғытылып жатқандар да солар.

Ар-ұяттан жұрдай жандар аз ба, көп бе?

Аз емес сияқты.

Сондай жемқорлардың салдарынан жұрттың заманды жақсартуға деген ұмтылысы, жұмылуы мен қауымдасуына кері әсерін тигізуде, ел ішінде аздап кібіртіктеу байқалады. Сонымен бірге белгілі озбыр топқа қарсы заң талаптарының қатаң болып, сұралуының нақты нәтижесін әділдік мағынасында көруде. Қиял-ғажайып ертегі елінде өмір сүрген «нұрлы адамдар» мен «шарболат шіркіндер» де Құдайдың алдында, әділ заң алдында мүсәпір пенде екен...

Қоғамдық ой-санаға серпіліс әкелетін жаңғырту бірінші кезекте, салиқалы, мәдениетті, тәрбиелі, адал адамдардың құлшынысы мен ерік-жігеріне тікелей байланысты бола бермек.

Дәл осы мәселеде біздің қоғамда терең ойлы, дүниелік пейілінде адалдығы айқын, ұлтжанды және еңбекқор тұлғаларға зәрулік бар. Қалың ортада «мен – осы заман азаматымын» дейтін жаңа есімдерді жұрт жете тани алған жоқ, жұлдыздай жарқырап тұрғандар, әсіресе, өңірлерде анық және жиі байқала бермейді.

Себебі аймақтарда жастарды ел басқару ісіне тарту, олардың туабітті қарымқабілетін ертерек бағалау өз дәрежесінде емес. Бұрынғысынша кей жерде, бәлкім, көп жерде әкімқаралар әлі де пендешілікке кетәрі емес, әлі де тамыр-таныстық, жершілдік, рушылдық пиғыл үстем болып отырғанын тіптен жасыруға болмайды. Бұл өте ұят нәрсе. Біз қай заманда өмір сүріп отырмыз өзі?! Сенім жүктеліп, аманат арқалаған шенеуніктерде сөз бен іс қабыспай тұрғанын көрген жұрт не демейді?! Билік пен бастық біткенге жағымпазданып, жәдігөйлікпен күн көріп жүрудің байырғы «көсемдері» мен «данышпандары» әр өңірде де бар, бұған жол беріп отырған әкімдердің әлсіздігі және дербес шешімді басшы-тұлға бола алмағанын байқатады.

Бұл тұрғыда не жетіспейді? Талапшылдық жетіспейді. Көпшіліктің сөзін ести қоятын құлақ жетіспейді. Бәлкім, кей тұста тастай қаталдық қажет шығар.

Егер белгілі бір мерзімде бір облыста ауқымды жаңа жұмыс орны ашылмаса, сол облысты басқарып отырған әкім қызметінен, не өз еркімен кету керек, не отставкаға жіберілуі шарт болса, сонда әділдік орнайды және тәртіпке бағынудың мәні ашыла түседі. Өз өкілеттілігіне сай қызметті атқара алмағаны үшін деп. Өйтпейінше, әртүрлі деңгейдегі шенеуніктердің өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі жақсармайтын секілді. Әділдік іздеген жұрт неге сарсаңға түседі? Қане, қазіргі таңда қайсысы «күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым» деп айтады екен? Алатын жалақысына сай шала-шарпы қана жұмыс істеп, өз мойындарына еш жауапкершілік алмауға тырысатын мемлекеттік қызметкерлерден тезірек арылатын, тазарту талаптарын алға қоятын уақыт келген секілді. Өзгеріс-өмір заңдылығы.

Халықтың бұл көзқарасты жиі айтатыны да мемлекеттік мүддеге жанашырлықтың шынайы көрінісі.

Қазіргі жағдайда жергілікті әкімдер уақыт иірімдеріне орай идеялық ұшқырлық таныта алмайтын тәрізді.

Мәселен, Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы жастар тәрбиесіне көп мән берді. «Халқымыздың дүниетанымына жат нәрселерге қарсы тұруға тиіспіз» деді. Және «Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі» деген сөзін айтты. Президентіміздің бұл жарқын болашақ қамы мен жауапкершілік қасиет туралы терең ойын толық қостаймыз. Шын мәнінде саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде үлкендердің жауапкершілігі қайда қалды?

Енді осы өте көкейкесті мәселеге жергілікті әкімдер мен қоғамдық ұйымдардың үн қосуы қалай болып отыр? Олар-үн-түнсіз отырмай, үлкендердің жауапкершілігі аясында талай ықпалды іс-шараларды жүзеге асыруына міндеттілігін іспен байқату керек еді. Құрылтайда Мемлекет басшысы елімізде «Балалар кітапханасы» деген бағдарламаны қолға алуды және тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашуды алға тартты.

Бұл өте құптарлық бастаманы жержерде насихаттау мен соған ілесуді үйренудің өзінен қаншама тәрбие жұмысын атқаруға болар еді.

Рухани жағынан мықты, өресі биік, сауатты әкімдер болса, бұл істі іліп алып, дөңгелете ала жөнелер еді ғой.

Тегінде рухани білім сөз болғанда, ел басқарған дөкей шенеуніктердің арасында жыл бойы кітаптың бетін аша қоймайтындары да бар ма деп қаламыз. Олай болса, рухани кемшілік. Бірақ бұл ойымыз қате болсын-ақ делік.

Ал дәл қазір кітап оқу, негізінен, тоқталды. Жұрт енді, ең жаманы – кітап сатып алмауға үйреніп қалды. Түбінде жағдай түзеліп, ел байығаннан кейін де кітапқұмарлық қасиетті қалпына келтіру оңайға соқпас. Бұл жалғыз бір халықтың басына келген ақырзаман емес, негізінен әлемдік дағдарыс. Рухани жүдеу.

Бірақ уақыт өте келе бұл жағдай түзелері сөзсіз. Әлемдік тәжірибеде өркениеттілік кітап оқитын елдің келешегінен бастау алғанын ұмытпайық.

Мемлекет басшысының саясатын жүзеге асырудан туындайтын салиқалы міндеттер «Бізге не жетпейді?» деген ортақ сауалға бірсыпыра толағай жауап беретіні хақ.

Қазіргі заман талабы қатал. Кеңқолтықты үнемі көтере бермейді.

Қоғам нәтиже мен тиімділікке тәуелді.

Адал адамдардың еңбегі мен олардың табысты болуын мұрат етеді.

Сол мақсаттағы саясатты қолдайды.

Темірқазық тәлім-тәрбиенің қайтарымы мен қоғам алдындағы азаматтық жауапкершіліктің құндылығы мен бағасын шынайы сезінудің мәні тіптен айрықша. Елің үшін адал еңбек ету мен қалтқысыз қызмет атқарудың маңыздылығы да осында жатыр.



*Адал адам болу үшін не керек, не істеуіміз қажет?*
*деген сауал төңірегінде жүз ойланып, жүз толғану ақылды адамның ісі.*
*Қай пенденің шығарған мақал-мәтелі, не сөз тіркесі екенін білмейміз, ол былай дейді: «Ақымақ мешкей қазанның ішіне қарайды, ақылды мешкей қазанның астына қарайды». От жанбаса... Ас піспесе...ауызға да түспейді дегені шығар.*
*Шындығы сол.*

**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
**қоғам қайраткері**

# АТЫРАУҒА «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙМАҚ» СТАТУСЫ БЕРІЛЕ МЕ?

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

**Атырауда ауа сапасы күн санап нашарлап барады. Басты себеп – табиғат ресурстарын пайдаланушы кәсіпорындардың көбеюі. Салдарынан атмосфераға тасталатын зиянды қалдықтар көлемі көбейіп жатыр. Бұған сарқынды сулар жиналған «Сасықсай» мен «Квадрат» булану алаңдарынан бөлініп жатқан улы заттарды қосыңыз.**

Ашық дереккөздерге сенсек, Атырауда ауаға жыл сайын орта есеппен 123,55 мың тонна улы қалдық шығарылады екен. Осының салдарынан Атырауда жылына 2 824 адам жаңадан ауру жұқтырады. Атыраудың экологияға қатысты адам шошырлық жағдайлары туралы кезінде әйгілі академик ғалым Муфтах Диаров түрлі зерттеу нәтижесін жариялаған еді.

Бүгінде марқұм болған ғалым Муфтах Диаров Атырау облысындағы Теңіз мұнайының құрамында және Қарашығанақ, Жаңажол, Теңіз, Ақтоты, Қашаған кеніштеріндегі тұз асты қабаттарында меркаптанның үлкен мөлшері кездесетінін мәлімдеген болатын.

Меркаптан – исі өткір химиялық күкірт. Әдетте ғалымдар меркаптанды қауіпті заттардың екінші класына жатқызады. Иісі өте жағымсыз келетін бұл химиялық күкірт адамның бауырына кері әсер етеді және меркаптанның ауадағы өте көп мөлшерінен организм уланған жағдайда оның соңы интоксикация, яғни өлімге әкеліп жатады.

Бұдан бөлек, ғалым диоксин секілді улы химиялық элементтің де барын, бірақ оның әсері әзірге зерттелмей отырғанын айтып дабыл қаққан еді. Ол ол ма, ең сорақысы сол, бұл заттар болашақта жергілікті халықтың генофондына әсер етуі мүмкін. Атырау халқы бір түнде оянбай қалуы мүмкін екенін айтқан академик ғалым Муфтах Диаров аймақта Кох таяқшасын жұқтырғандар санының артуына тектен-тек дабыл қаққан жоқ. Яғни, адамдардың ағзасында жинақталған химиялық қосындылар берік қасиетке ие болып, туберкулезге қарсы екпенің ықпалына бағынбауға айналған.

Расында, Атырау өңірі қазір туберкулезге шалдығу бойынша республикада көш бастап тұр. Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, 2020 жылы облыстың 357 тұрғыны, ал 2021 жылы 413 атыраулық туберкулезді жаңадан жұқтырған екен. 2022 жылы туберкулезді жұқтырғандар 300-ге жуықтаған. Ахуал биыл да аса өзгере қоймады. Өкініштісі, туберкулезге шалдыққандардың ішінде балалар да бар.

Тұрғындар да ауаны ластаушы Үкімет тарапынан кәсіпорындар қызметінің бақылауға алынып, оларды тұрғындарға өтемақы төлеуге міндеттеу керегін айтып дабыл қағуда.

Ғалымдардың айтуынша, Атырауға «экологиялық апат аймағы» мәртебесін беріп, әр тұрғынға экологиялық коэффициент төлеу үшін ауа, жер, су, тағы басқа табиғат құрамының халықаралық стандарттарға сай келетін көрсеткіштері болуы қажет.

«Атыраудың экологиялық жағдайының нашарлауына бірнеше себеп бар. Біріншіден, Атырау бұрынғы теңіз табанында орналасқан. Салдарынан топырақ та, су да, барлығы тұзданып тұрады. Секундына 15-22 метрге дейін ұйытқып соғатын құйын жел тұрғындарға қою тұзды, шаң мен қиыршық топырақты жұтқызып жатыр. Атырауда үнемі жел соғып тұратынын ескерсек, бұл – дабыл қағарлықтай-ақ мәселе. Екіншіден, қала ішіндегі Атырау мұнай өңдеу зауыты, Қарабатан, Теңіз, басқа да ірі кен орындары бар. Өндіріс ошақтарының атмосфераға тастап жатқан лас қалдықтары да далаға кетіп жатқан жоқ, улы қою түтінге айналып, қаланы басып тұр. Соның салдарынан ультракүлгін күн сәулесі жетіспейді. Оның нәтижесі көз, тері, өкпе, тамақ аурулары сынды жұқпалы аурулардың көбеюіне әкеліп жатыр. Сол үшін Атырауға ауаны тазарту амалдарын заманауи технологияларды қолдану арқылы іске қосу керек. Атырауды жасыл оазиске айналдыру кезек күттірмеуі тиіс. Үшіншіден, Жайықтың, Ойылдың тартылуы сияқты проблемалардың астарында да үлкен экологиялық зардаптар бар», – дейді жас ғалым Мұратбек Махамбетов.

Лаура Сүлейменова – Атырау қаласының тұрғыны, қоғам белсендісі. Атырауды атмосфераға тасталатын зиянды қалдықтардан құтқаруды талап етіп, ол тіпті наразылық та ұйымдастырған болатын.

«Қолайсыз экологиялық жағдай салдарынан Атыраудан көшу жайлы алғаш рет ойланып та отырмын. Соңғы он жылда Атырауда күкіртті сутектің мүңкіген иісі тұрақты қайталанып келеді. Жазды күндері үнемі терезелерді жауып, ауа баптағыш құралдың көмегімен демалуға мәжбүрміз. Бұл – үйдегі жағдай. Ал далаға шығу тіпті мүмкін емес. Мен демікпе ауруына шалдыққан адаммын. Мүңкіген күлімсі иіс жайлаған кезде далада жүру мүмкін емес. Өкпем қысылып, ауа жетпей қалады. Мен таза ауада өмір сүргім келеді», – дейді жергілікті тұрғын Лаура Сүлейменова.

Атырауды экологиялық апат аймағы деп тану жөнінде облыс басшылығы не дейді? Жалпы бұл бағытта қандай да бір шаралар атқарылып жатыр ма? Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, қала ішінде орналасқан Атырау мұнай өңдеу зауыты таңғы не түнгі уақытта ауаны күкіртті сутекпен ластап, қаланы қолқаны қабатын иіс жайлайды деген арыз-шағым көп.

«Зауыт бұл иіс өздерінен емес, булану алаңынан шығатынын айтады. Қалай десек те, жел осы бағыттардан соқса, қаланы күлімсі иіс басатыны рас. 2018 жылы кәріз тазалау стансасы салынды. Бүгінде мұнда булану алаңының жерін қайта құнарландыру жұмыстары жүріп жатыр. Қазір тазарып келеді. АМӨЗ-ге барып, біркелкі тексеру жұмыстарын жүргіздік. Онда мұнай қалдықтарын сақтайтын ашық алаң бар екені анықталды. Басшылық жаңа технологияларды пайдаланып, жерді қайта құнарландырумен айналысып жатыр. Сондықтан мекемеге технологиялық тексеру жүргізу қажет. Сондай-ақ қаланың оң жағалауында к різдік тазарту қондырғысының құрылысы жүріп жатыр. Барлық жұмыс қысқа мерзімде жасалуы тиіс», – дейді Серік Шәпкенов.

Атырауды экологиялық апатты аймақ ретінде танып, тұрғындарға өтемақы төлеу мәселесі бойынша қазір алғашқы қадамдар бар.

«Қызылорда облысының тұрғындары мұндай коэффициентті Арал теңізіндегі экологиялық апатқа байланысты алып отыр. Ол үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет, біз бұл м селе бойынша Денсаулық сақтау ж не экология министрліктерімен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Ең алдымен, коэффициентті енгізу үшін негіздеме дайындау қажет. Әзірге біз Қызылорда облысының тәжірибесін зерттеп жатырмыз», – деді Серік Шәпкенов.

> *Ол ол ма, ең сорақысы сол, бұл заттар болашақта жергілікті халықтың генофондына әсер етуі мүмкін. Атырау халқы бір түнде оянбай қалуы мүмкін екенін айтқан академик ғалым Муфтах Диаров аймақта Кох таяқшасын жұқтырғандар санының артуына тектен-тек дабыл қаққан жоқ. Яғни, адамдардың ағзасында жинақталған химиялық қосындылар берік қасиетке ие болып, туберкулезге қарсы екпенің ықпалына бағынбауға айналған.*

Қалай десек те, ел экономикасының қозғаушы драйвері болып отырған Атырау облысының экологиялық жағдайы жазылған мақала, Facebook желісіндегі видеолар деңгейінде қалып қоймауы керек. Атыраудың экологиялық жағдайын жақсартуға Үкімет деңгейінде кешенді шаралар алынса дейміз. Әйтпесе, лас қалдықтардан уланып, зардап шегіп жатқан халықтың мұны болашақта орны толмас ұлттық қасіретке әкелуі мүмкін.

*Атырау облысы*

# «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

**Еліміз бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіліп келе жатқанына биыл 10 жыл. Осы уақыт ішінде байқауға республика бойынша 20 мыңнан астам отбасы қатысып, бақ сынапты. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысынан 2 000-нан астам отбасы ұлттық байқауға қатысқан.**

Н.Островский атындағы облыстық драма театрында «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау шарасы өтті. Салтанатты кеште БҚО әкімі Нариман Төреғалиев сөз сөйледі.

– Елімізде ырысы мен ынтымағы жарасып, ауызбіршілігі көпке үлгі болып жүрген отбасылар баршылық. Осындай үлгілі жанұяларды дәріптеу мақсатында жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі. Қоғамдағы әр отбасы босағасының беріктігі – мемлекет іргетасының кепілі. Халқымыз қашанда отбасын қасиетті құрылым ретінде қабылдаған. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деп отбасындағы ұрпақ тәрбиесінің маңызын бағамдаған. Бұл ұлттық байқау ұрпақтар сабақтастығын, елге қызмет етудің ең озық үлгісін көрсететін сайыс болуымен де қоғам алдындағы құндылығы арта түспек. Жалпы, биыл елімізде отбасы институтын нығайту, баланы қорғау және тұрмыстық-зорлық зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық және институционалдық база құрылды, – деді аймақ басшысы Нариман Төреғалиев.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңіне қатысу үшін 200 отбасы өтініш білдіріпті. Солардың ішінен 21 отбасы облыстық кезеңге жолдама алған. Олардың бәрі түгел аймақ басшысының қолынан сыйлық пен арнайы алғысхаттар алды.

Байқаудың облыстық кезеңінде бірінші орынды Казталов ауданынан келген Ниетқабыловтар отбасы иемденді. Ал екінші орын Орал қаласында тұратын Өтебаевтар әулетіне бұйырса, үшінші орынды Сырым ауданынан келген Қажиахметовтер отбасы қанжығасына байлады.

Бағы жанып, бірінші орынды алған Ниетқабыловтар отбасының отанасын сөзге тарттық.

«Біз қарапайым шаруа отбасымыз. Өмір бойына мал бақтық. Малдың еті мен сүтін азық етіп келе жатқан қазақтың қарапайым отбасымыз. Бүгін байқауға қатысқанымызға өте қуаныштымыз, үйдегі келіндер өздері әзірледі ғой, біз тек дайындалып шыға қойдық», – дейді бақыттан жүзі бал-бұл жанған Нұржамал әже.

Бұл көпбалалы отбасы. Үйдің отағасы Сағынгерей Қарекенов пен жұбайы Қарекенова Нұржамалдың отасқандарына 46 жыл болыпты.

«Бес бала тәрбиелеп өсірдік, бүгінде немере-жиендердің қызығын қызықтап жүрген жайымыз бар», – дейді үйдің иесі Сағынгерей ақсақал.

Олар 2010 жылы «Сағынгерей» шаруа қожалығын ашқан. Отбасында бәрі – еңбек адамдары.

– Күніне сиыр сауып, сүт тартып, оның өнімін дайындаймыз. Келін екеуіміз кезектесіп жасаймыз. Күніне 300-400 құрт жасап, сатылымға шығарамыз. Біздің өнімдерді Ресей де сатып алады, – дейді Нұржамал апай.

Байқауда екінші орын иеленген Өтебаевтар отбасы – әскери қызметшілер. Отағасы Ғалымжан Өтебаев та, жары Зылиха Оразаева да Орал қаласындағы 5517 әскери бөлімінде қызмет атқарады. Көпбалалы жанұя.

Ал үшінші орын алған отбасы – 100 жылдан астам уақыт бойына қаламды серік еткен журналистер династиясы. Бұл әулеттің отағасы Махмет Қажиахметов – облысқа танымал журналист, ақын. Жұбайы Ботагөз Нұғманова – аудандық газетте корректор болып қызмет атқарған адам. Бүгінде журналистік қызметті отбасының бала-келіндері жалғастырып жүр. Отбасының журналистика саласындағы еңбек өтілі 107 жылды құрайды екен.

Байқау жеңімпаздарына жақсы қаржылай сыйлық берілді. Атап айтсақ, 1 орынға 1 миллион теңге, екінші орынға 700 мың теңге, үшінші орынға 500 мың теңге табыс етілді. Ең үздік шыққан Ниетқабыловтар отбасы енді Астана қаласында өтетін республикалық байқауда өңір намысын қорғайтын болады.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**
*Батыс Қазақстан облысы*

**Сон Уон Саб,**
*оңтүстіккореялық әнші:*

# Шымбұлақтың СҰЛУЛЫҒЫНА ғашық БОЛДЫМ

**Қазақ әндерін кәрісше шырқап жүрген оңтүстіккореялық Сон Уон Сабты (Song Wonsub) тыңдармандар жақсы біледі. Сеулда дүниеге келген әнші Қазақстанды өзінің концерттік турымен аралап та үлгерген. Біз Сон Уон Сабқа хабарласып, қазақ әндері және шығармашылық жоспарлары жайлы сұхбаттастық.**

**– Сіз қазақ әндерін қашаннан бері кавер нұсқада шырқап жүрсіз. Қазақ музыкасына қызығуыңызға не себеп болды?**

–Алғаш рет қазақ әншілерінің әнін үш жыл бұрын орындадым. Сол кезде Jah Khalib-тың «Медина» әнін шырқадым. Жалпы, қазақша әндерді корей тіліне аударып айтуыма негізі себеп болған оқырмандарым. Мені оқитындардың көбі – шетел азаматтары. Маған қазақ әуендерінің сілтемелерін жіберіп, осылай корей тілінде орындап көрсең деп ұсыныс тастады. Менің жеке аудармашым бар, сол кісі аударып береді. Сосын мен өзімнің дауысыма, Корей халқының менталитетіне сай әрлеп орындап шығамын. Ал қазақша әндерді орындап жүргеніме жеті ай болды. Және ол Мирас Жүгінісовтың «Зымыран» атты әнінен басталды. Қазақ әндеріне деген қызығушылығым Батырхан Шүкеновтің «Жаңбыр» әнінен кейін туындаған. Өз кезегінде бұл кавер тыңдармандардың да ерекше ықыласына ие болды. Осы туындыдан кейін қазақ әндерін орындауға деген батылдығым артып, ізденісімді одан әрі жалғастырдым.

**– Сонда YouTube желісіне кавер түсіру пандемия кезінде келген идея ма?**

– Иә, барлығы сияқты пандемия кезеңінде менде аздап депрессия болды. Мен үнемі әрі қарай қалай жүру керегін ойладым. Барлық жоспарланған концертті тоқтатуға тура келді. Коронавирус менің толық бағдарламамдағы жоспарларымды бұзды. Біраз уақыттан кейін мен бұлай қол қусырып отыра алмайтынымды түсіндім. Тағдырымды өз қолыма алып, алға жаңа мақсаттар қойдым. Сол кезде менде жаңа Ци энергиясы оянды деп айтуға болады. Мен әлдеқайда өнімді жұмыс істеп, жаңа әндер мен коверлер жаза бастадым. Менің ойымша, коронавирус менің шығармашылық идеяларымды ашып, сондай-ақ менің Sunrays жанкүйерлерімнің де санын арттырды.

**– Өзіңіз туралы айтып беріңізші. Қандай отбасыдан шыққансыз? Қайда білім алдыңыз? Мамандығыңыз қандай?**

– Менің ата -анам қарапайым кеңсе қызметкерлері. Отбасымызда менен үш жас үлкен ағам бар. Оның негізгі мамандығы – боксшы. Бірақ қазір ағам балаларға білім беру үшін бокс залын ашып, сонда жаттықтырушы болып жүр. Ал өзім Сеул ұлттық өнер университетінде тромбон аспабы бойынша білім алғанмын. Кейін тромбонист болып жұмыс істедім. Қазіргі айналысатын жұмыстарым да музыка саласында.

**– Қазақша үйреніп жүрсіз бе? Сөздік қорыңызда қандай қазақ сөздері бар?**

–Қазақша өте қарапайым сөздер мен сөйлемдерді ғана білемін. Менің ойымша, қазақ тілін үйрену оңай емес.

**– Корей тілінде шырқалған қазақ әндерін тыңдармандарыңыз қалай қабылдауда?**

–Егер мен тыңдармандарыма бір минуттық қуаныш пен әсер сыйласам ол мен үшін үлкен бақыт.

**– Қазір қоржыныңызда қазақтың қандай әндері бар?**

–Қазір қоржынымда қазақ тілінде 15-тен аса ән бар. Болашақта қазақ тілінде ән жазуды армандаймын.

**– Жақында Шәмшінің әндерін кәрісше шырқадыңыз. Шәмші – қазақтың классикалық композиторы. Сізге бұл туынды несімен ұнады?**

– Былтыр наурыз айында Алматыда әнші Мирас Жүгінісов маған Шәмшінің әнін ұсынды. Маған бұл әннің қатты ұнағаны соншалық, оны қалай айту керегін ұзақ ойландым. Сол күні кездесуде маған домбыра сыйлады. Кейін Шәмшінің әнін «домбырамен неге шырқамасқа» деген идея келді. Соның арқасында қазақтың жанын да түсінуге тырыстым. «Сыған серенадасы» әнінің сөздерін корей тіліне аудару қиын болды, оның мағынасы күрделі. Ән мені өмір туралы ойлануға мәжбүр етті. Мен сөздерді заманауи түрде өзгерттім. Олардың мағынасын оңтүстіккореялықтар жақсы түсінеді.

> *Жалпы, қазақша әндерді корей тіліне аударып айтуыма негізі себеп болған оқырмандарым. Мені оқитындардың көбі – шетел азаматтары. Маған қазақ әуендерінің сілтемелерін жіберіп, осылай корей тілінде орындап көрсең деп ұсыныс тастады. Менің жеке аудармашым бар, сол кісі аударып береді. Сосын мен өзімнің дауысыма, Корей халқының менталитетіне сай әрлеп орындап шығамын.*

**– Былтыр Қазақстанға келіп қайттыңыз. Алғашқы әсеріңіз қандай болды?**

– Ең алғаш былтыр қыркүйек айында Қазақстанға іссапармен келдім. Алматыда, Астанада, Шымкентте, Петропавлда, Ақтауда болдым. Өзімді әртүрлі елде жүргендей сезіндім, әр қаланың өз айырмашылығы бар. Сол кезде Алматы қаласының атмосферасына және Шымбұлақтың сұлулығына ғашық болдым.

**– Бір сұхбатыңызда қазақтың тойына да қатыстым дедіңіз?**

– Иә, қазақтардың тойын көріп қатты таңғалдым. Үлкен дәрежедегі фестиваль сияқты дүркіреп өтеді екен. Ал Кореяда той тып-тыныш өтеді. Қонақтар келеді, құттықтап, тілегін айтып кетеді.

**– Бос уақытыңызда немен айналысасыз?**

– Көбіне ән жазамын, кейде кавер түсіремін. Сонымен қатар жақын достарымен кездесемін. Тауға да жиі шығамын.

**– Алдағы жоспарларыңыз қандай?**

– Сапалы әндер мен каверлер дайындап, тыңдармандарыма ұсынғым келеді. Үлкен концерттер өткізу де ойымда бар.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Көктем ҚАРҚЫН**

## ӘЛІМХАНҰЛЫ ӘЛІ ЖЕҢІЛМЕГЕН ЧЕМПИОНМЕН АЙҚАСАДЫ

**Орта дивизионда WBO чемпионы қазақстандық Жәнібек Әлімханұлы (14-0, 9 КО) екінші белбеу үшін айқасады.**

Отандасымыз IBF белбеуіне ие германиялық Винченцо Гуальтьеримен (21-0-1, 7 КО) жұдырықтасады. Жекпе-жек Top Rank промоутерлік компаниясы 14 қазан АҚШ-тың Розенберг қаласында ұйымдастыратын бокс кешіне жоспарланып отыр. Бұл айқаста Жәнібек Әлімханұлы чемпиондығын үшінші рет қорғайды. Гуальтьери соңғы рет рингке 1 шілдеде шығып, төрешілер шешімімен бразилиялық Эскива Фалкаоны жеңіп, Головкин бос қалдырған IBF титулын иеленген болатын.

## АБЫЛАЙХАН «СОЛАҚАЙМЕН» ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

**Бокстан Қазақстан құрамасының бұрынғы капитаны Абылайхан Жүсіпов (2-0, 1 КО) 26 тамызда никарагуалық Уистон Кампоспен (33-11-6, 19 КО) жекпе-жекке шығады.**

Абылайхан АҚШ-тың Талса қаласында ұйымдастырылатын бокс кешінің андеркардында рингке шығады. Сегіз раундтық жекпе-жектегі Жүсіповтің қарсыласы айтарлықтай тәжірибелі. Ол өзбекстандық Шахрам Гиясов және британиялық Джош Тейлормен жұдырықтасқан. Дегенмен екеуінде де жеңілген. Ал жалпы карьерасында 50 айқасқа шығыпты, оның отыз үшінде жеңіске жеткен – оның он тоғызында қарсыласын нокаутпен тізе бүктірген. Сонымен бірге ол он бір рет жеңіліске ұшырап, алты рет тең түскен екен. 31 жастағы боксшы карьерасын 2010 жылы бастапты. Осы уақытқа дейін АҚШ, Ұлыбритания, Коста-Рика және Мексика жерінде өнер көрсеткен. Жартылай орта салмақ рейтингінде ол Отанында алтыншы, ал әлемдік рейтингте 322-орында тұр.

## «АСТАНА» ЕУРОПА ЛИГАСЫНАН ШЫҒЫП ҚАЛДЫ

**Турнирдің үшінші іріктеу кезеңіндегі алғашқы матчта елордалықтар өз алаңында «Лудогорецті» 2:1 есебімен жеңген болатын. Сондықтан Болгарияда тең нәтиже де жеткілікті еді.**

Матчтың 25-минутында Бернард Текпетей есеп ашты, ортаға ығысып, дәлдік танытты. Бірақ «Астана» қажетті есепке төрт минуттан соң қол жеткізе алды – Дембо Дарбо таразы басын теңестіріп тастады. Командалар үзіліске дәл осы есеппен кетті. Ал екінші таймда тек болгариялықтар гол соқты. 47-минутта Якуб Пётровский алыстан жақын бұрышты дәл көздеді. Екі минуттан соң Текпетей оң қанатта екі қорғаушыдан өтті де, алыс тоғыздыққа жойқын соққы жасады – Йосип Чондрич тағы да шарасыз қалды. 58-минутта Якуб Петровский дубль жасаса, артынша Кирил Десподов та қанжығасын майлады. Осылайша, 5:1 есебімен жеңген болгариялық клуб Еуропа лигасының плэй-офф кезеңіне шықты. Онда енді нидерландтық «Аякспен» күш сынасады.

Ал «Астана» енді жарыс жолын Конференция лигасында жалғастырады. Турнирдің плэй-офф кезеңінде елордалықтар албаниялық «Партизанимен» күш сынасады.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4328
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
aikyn.kz.gazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Кәмила СЕРІК, Көктем ҚАРҚЫН